

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ  
МИНИСТРЛІГІ  
Ш.Ш. УӘЛИХАНОВ АТЫНДАҒЫ ТАРИХ ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ  
ИНСТИТУТЫ  
РМК «ҒЫЛЫМ ОРДАСЫ»

*УАЛТАЕВА АЛТЫН  
ТӘЛІМ АЯУЛЫМ*

**УАЛТАЕВА АЛТЫН  
ТӘЛІМ АЯУЛЫМ**

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚАРАҚАЛПАҚТАРЫ  
АРАСЫНДАҒЫ ЭТНО-МӘДЕНИ ҮРДІСТЕР**  
(Алматы қаласы және Алматы облысы бойынша)

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚАРАҚАЛПАҚТАРЫ  
АРАСЫНДАҒЫ ЭТНО-МӘДЕНИ ҮРДІСТЕР**  
(Алматы қаласы және Алматы облысы бойынша)

ӘОЖ 3911395

ББК 63,5

У 12

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Ш.Ш. УӘЛИХАНОВ АТЫНДАҒЫ ТАРИХ ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫ  
РМҚ «ҒЫЛЫМ ОРДАСЫ»

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитеті «Ғылым ордасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны (*№ 7 хаттама 07.09.2020 жыл*) талқыланып баспаға ұсынылған.

*Пікір жазғандар:*

Сейдін Н.Б. – РМҚ «Ғылым ордасы» бас директордың ғылыми-инновациялар және халықаралық байланыс жөніндегі орынбасары, т.ғ.к., доцент.

Ә.К. Шашаев Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институт директоры орынбасары, т.ғ.к., доцент.

**Уалтаева А., Тәлім А.**

**У «Қазақстан республикасы қарақалпақтары арасындағы этномәдени үрдістер.** – Алматы: Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты, «Формат-Принт» баспасы, 2020. – 121 бет.

ISBN 978-601-7986-67-4

Монографияда Қазақстандағы қарақалпақтар арасындағы этномәдени үдерістер қарастырылды. Жұмыста Қазақстанның этнография, этнодемография саласында аз зерттеліп жатқан жекелеген этностардың қазіргі қоғамдағы интеграциялық үдерістерге бейімделу жағдайын зерттеуге тырысты. Сонымен қатар, қарақалпақтардың неке және отбасы, этнотілдік және білім деңгейі туралы мәліметтер нақты деректермен келтірілген. Қарақалпақтардың отбасылық – некелік қарым қатынастарына байланысты әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлерін шаруашылық және тіршілік цикліндегі жосын–жорылғылар негізіндегі жүйелерін талдауда, діни қағидалардың бастамасы анық байқалады.

ӘОЖ 391

ББК

© Уалтаева, Тәлім А.

© Алматы, 2020

ISBN

## КІРІСПЕ

Монографияда Орта Азиядағы қарақалпақтардың қоныстану тарихының кезеңдері мен бөгде ортада қалыптастырған этникалық және этномәдени үдерісіндегі дәстүрлі мәдениеттің сақталуы мен этнографиялық ерекшеліктеріндегі өзекті мәселелерге арналған.

Халықтардың тарихи тағдырлары – сол халықтардың этникалық территориясы деп аталына алатын қандайда бір географиялық аймақпен тығыз байланысты. Бұл территорияларды мекендеушілер осы халықтардың этникалық ерекшелігін айқындайтын өзіндік шаруашылық тәжірибесі мен салт дәстүрін ұрпақтан – ұрпаққа мұра етті. Әлем халықтарының, ал соның ішінде Орта Азия халықтарының тұрмысы мен мәдениеті өзара тығыз байланыста дамығандығына сан ғасырлық тарихтың барысы куә.

Бүгінде, әр халық өзінің тарихи тағылымын толық игеріп, өткенін саралап, ұлттық сипатын зерделеген шақта салт-дәстүр мәселесі біз үшін маңызды.

Көпэтносты Қазақстанда өмір сүріп жатқан өзге этностардың бірі – қарақалпақ халқы болып саналады. Қарақалпақ халқы ежелден қазақ халқымен бірге өмір сүрген түбірі бір түркі тілдес халықтарынан шыққан туысқан халықтардың бірі болып табылады. Қарақалпақтардың отаны қазіргі Өзбекстан Республикасының құрамындағы Қарақалпақстан Автономиялық Республикасы болып, олардың негізгі бөлігі сонда өмір сүреді. Қазіргі кезде қарақалпақ халқы Қазақстанда өмір сүріп жатқан ең негізгі халықтардың бірі болып, ендігі кезде олардың этникалық шығу тегін, діні мен тілін нақтылау және Қазақстан өңірлерінде қоныстануын анықтау мен саралау, сондай-ақ шаруашылығы мен әлеуметтік тарихын, этнодемографиясы мен этномәдени байланыстарының дамуын көрсету көпэтносты Қазақстан қоғамы үшін маңызды болатыны анық.

Қарақалпақтар туралы деректерді бірнеше топқа бөліп қарастыруға болады.

1. Патша заманындағы зерттеулер.

Қарақалпақтар туралы алғашқы деректер-орта азиялық деректемелерде XVI ғасырлардың аяғында, ал орыс деректемелерде XVII ғасырдың басында кездесе бастайды. XVII ғасырдың деректемелері

Мәскеуде сауда жасайтын Хиуа және Бұхар көпестерінің мәлімдемелерінде немесе орыс патшаларының Хиуа және қазақ хандарының жіберген елшілерінің тізімдерінде мазмұндалған. XVII - XVIII ғасырларда Петр I-дің бұйрығымен, Семен Ремезов құрастырған «Чертежная книга Сибири» деген атласта - Сырдарияның төменгі сағасы мен Арал маңында мекендеген қарақалпақтардың территориясы көрсетілген [1].

XVIII ғасырға жататын құнды мәліметтерді орыс тарихшысы П.И. Рычков (1712-1777) қалдырды. Ол алғашқылардың бірі болып Каспий маңын зерттеп, «төменгі» және «жоғарғы» қарақалпақтар жөнінде айтып кеткен. Ғылыми тұрғыдан алғанда оның «Топография Оренбургской губернии» [2] атты еңбегі маңызды.

А.В. Каульбарстың «Низовья Амударьи, описанные по собственным исследованиям в 1873 году» [3] орыс әскери флотилиясы үшін кеме жүзетін жол ашу мақсатымен Амударияның атырауларын зерттеу нәтижелері беріліп, Атырауда мекендейтін қарақалпақтардың орналасуы, шаруашылығы мен өмір салты сипатталды.

Одан кейін Наливкиндердің «Очерк быта женщины оседлого туземного населения Ферганы» атты еңбегінде біздің тақырып бойынша біраз мәліметтер келтірілген. Мұнда ферғаналық қарақалпақтардың (туземцы) отбасылық-некелік қарым-қатынастары қарастырылған [4].

Революцияға дейінгі кезеңде Орта Азияны зерттеуге жіберілген зерттеушілердің көпшілігі этнограф, шығыстанушы мамандар емес, әскери-барлау, әскери-ғылыми экспедициялары, елшілік миссиялары, отарлаушы әкімшіліктің шенеуніктері болғандықтан, Орта Азия халықтарының салт-дәстүрі олардың аса қызығушылығын тудырмаған. Әскери-барлау экспедициясы өкілдерінің мақсаты-отарлаушылық саясат қана еді.

Тек революциядан кейін ғана қарақалпақтар этнографиясының ғылыми негіздері қалана бастады.

## 2. Кеңес өкіметі кезеңіндегі зерттеулер.

Аса маңызды нәтижеге жеткен, көптеген жылдар бойы ұйымдастырушысы мен жетекшісі – танымал шығыстанушы С.П. Толстов болған Хорезм археолого-этнографиялық экспедициясы. Ол өзінің зерттеулерін 1934 жылдан бастап, бүгінгі күнге дейін

жалғастыруда. Оның еңбектерімен ертедегі Хорезм мен Арал маңындағы және соларға жақын жатқан Қарақұм мен Қызылқұм шөл далаларының неолиттен орта ғасырларға дейін төрт мың жылдық тарихы бар ескерткіштер зерттелген. Хорезм экспедициясының ғылыми нәтижелері монографиялар мен статьяларда жарияланған, олардың ішінде С.П. Толстовтың «Древний Хорезм», «По следам древних цивилизаций», «По древним дельтам Окса и Яксарта» [5] деген еңбектерін айта кетуге болады.

Экспедицияның қызметкерлері сонау көне заманнан бастап XVII-XIX ғасырларға дейінгі уақытты қамтитын археологиялық және тарихи-этнографиялық сипаттағы көптеген еңбектер жариялады. Олар: Б.В. Андриановтың «Этническая территория Средней Азии» [6], Е.Г. Марковтың «Кочевники Азии» [7] деген еңбектері. Т.А. Жданко «Очерки исторической этнографии каракалпаков» [8] атты еңбегінде қарақалпақтардың рулық-тайпалық құрамын сипаттап, жеке топтарының тарихы бойынша мәліметтер келтірді.

Қарақалпақтардың отбасылық өмірі мен некелік қарым-қатынастары Н.А. Кисляковтың «Очерки по истории семьи и брака у народов Средней Азии» [9], А.Т. Бекмуратовтың «Семейно-бытовой уклад каракалпаков в прошлом и задача преодоления его пережитков» атты диссертациясында жеке зерттелген.

У.П. Снесаревтың «Реликты до мусульманских верований и обрядов у узбеков Хорезма» [10] деген зерттеуде автор Орта Азия халықтарының ырым-жораларына тоқталған.

У.Х. Шалекеновтың «Казахи низовьев Амударьи» [11] атты еңбегінде автордың Амударияның сағасында жүргізген тарихи-этнографиялық зерттеулерінің қорытындысы жазылып, қарақалпақтар мен қазақтардың жақындау процесі қарастырылған. Р. Қосбергеновтың «Положение Каракалпацкого населения в Хивинском ханстве в конце XIX - начале XX веков» [12] деген еңбегінде Хиуа хандығын Ресей жаулап алғаннан кейінгі этникалық құрамы сипатталып, қарақалпақтардың қоғамдық құрылысы көрсетілген.

Қарақалпақтардың жерлеу рәсімдері жөнінде тарихшы этнограф Х. Есбергенов [13] маңызды мәліметтер қалдырған.

Қарақалпақ халқының этникалық шығу тегі мен тарихы туралы М.К. Нұрмұхамедов, Т.А. Жданко, С.К. Камаловтың «Қарақалпаки (краткий очерк истории с древнейших времен до наших дней)» (1971) [14] еңбегінде құнды мәліметтер келтірілген. Онда Рашид ад-Диннің, В.В. Бартольд, Н.А. Аристовтың еңбектеріндегі қарақалпақ атауына, этникалық құрамына қатысты ғылыми теориялары талданған. Мысалы, Рашид ад-Диннің дерегі бойынша, монғол шапқыншылығы кезінде қарақалпақтар «Kavm-i külah-i siyah» (қара қалпақты халық) деген атаумен танылған.

Атақты түркітанушы-филолог Н.А. Баскаков өзінің «Қарақалпақ тілі» (1952) [15] деген еңбегінде қарақалпақ тілінің фонетикалық, лексикалық және морфологиялық құрамын зерттеп, қазақ және қарақалпақ тілдерін салыстыра отырып, екі халықтың этникалық ортақтығын дәлелдейді.

3. Соңғы кезеңдегі зерттеулер. Бұдан басқа И.А. Невская, С.Ж. Тажибаева, Т.А. Козырев, М.Қ. Егізбаева, К.М. Төлеубаева [16] және т.б. қарақалпақ халқының этномәдениетіне, отбасылық дәстүріне, өнеріне қатысты зерттеулері маңызды. А. Тоқтабайдың «Түркі халықтарының этномәдениеті» атты монографиясында қарақалпақтар туралы көптеген мәліметтер келтіреді.

Қазақстандағы этностардың аралас неке мәселесі және этнодемографияға байланысты іргелі еңбектердің бірі А.Б. Қалыштың «Семья и брак в современном Казахстане» монографиясын атап өту керек [17]. Сонымен қатар, Б.К. Қалшабаеваның этнографиялық зерттеулері қарақалпақтар туралы құнды мәліметтер береді [18].

Алайда, Қазақстан территориясында тұрып жатқан қарақалпақтар туралы арнайы еңбектер жоқ. Сондықтан, қарастырылып отырған мәселе қазіргі таңда өзекті және уақытылы назар аударылды.

Зерттеу жұмысының деректік негіздерін әр кезеңдердегі санақтар мен статистикалық жылынамалар, материалдар, мемлекет қаулылары мен көші-қон агенттігі, далалық материалдар мен архив құжаттары құрайды.

Негізгі дерек көздері Қазақстан Республикасының Ұлттық және Қазақстан Республикасының Орталық ғылыми кітапханаларындағы, қолжазба қорлары құрады. Деректік материалдардың бір тобын әр жылдардағы санақтар мен статистикалық мәліметтер құрайды. Оған:

«Материалы для статистики Туркестанского края», «Статистический ежегодник 1917–1923 гг.», «Хозяйственный план Туркестанской республики на 1923–1924 гг.», 1917, 1920 жж. Бүкілресейлік халық санақтары, 1926, 1936, 1939, 1959, 1970, 1979, 1989 жж. Бүкілодақтық халық санақтары, қазіргі кездегі Қазақстанда тұрып жатқан қарақалпақ диаспорасының саны, динамикасы мен географиялық орналасу, білім деңгейінің көрсеткіштері туралы деректерді негізінен 1999 және 2009 жылғы жалпы ҚР Ұлттық санақтарынан алынды. Шымкент, Алматы, Нұр-Сұлтан, Атырау, Ақтау қалаларында орналасқан қарақалпақ қоғамдық этномәдени бірлестіктерімен байланыс орналытып, қазіргі таңдағы бірлестіктердің атқарып жатқан жұмыстары мен бағыттары туралы құнды мәліметтер алынды.

Еңбектің негізгі мақсаты Қазақстан Республикасы қарақалпақтары арасындағы этно-мәдени үрдістерін зерттеу болып табылады. Осыған орай төмендегідей міндеттерді орындау көзделді:

- қарақалпақтардың Қазақстанға қоныстануының тарихи себептері мен салдары, саны мен географиялық орналасуын анықтау;
- қарақалпақтардың арасындағы этномәдени және этнотілдік жағдайы;
- қоғамдық этномәдени бірлестіктердің жұмысы, білім деңгейі мен этнотілдік жағдайын саралау;
- зерттеу барысында отбасылық-некелік қарым-қатынастарға байланысты әдет-ғұрыптар мен салт-дәстүрлерге әсер етуші негізгі факторлар мен себептерді анықтау және олардың-сол халықтың рухани мәдениетіне тигізген әсерін зерттеу.

Монографияның жаңалығы осы тақырыпқа байланысты алғаш ғылыми зерттеу жұмысы болғандығы және де Қазақстандағы белгілі бір этностың тарихы мен мәдениеті толыққанды жазылуы болып табылады.

Қазақстан этнография ғылымында қазіргі кезде елімізде өмір сүріп жатқан этностардың тарихы мен мәдениетін зерттеу өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Сондықтан, Қарақалпақ этносының тарихы мен мәдениетін ары қарай зерттеу мен соңғы он жылдағы еліміздегі қарақалпақ этносының өсімі мен басқа да өзгерістерін толыққанды зерттеу керек деп ойлаймын.

Теориялық және методологиялық негіздерін теориялық және практикалық тәсілдер мен қабысатын қазіргі заманғы кешенді зерттеу әдістері құрайды. Аталған жұмысты орындауда тарих ғылымының мынадай жалпы теориялық принциптері басшылыққа алынды: қажетті деректерді табу және оларға сипаттама берудегі тарихи таным, оқиғалар мен жағдайларды зерттеуде тарихи объективтік нақтылық, танымдағы жан-жақтылық және «диаспора», «ирредент», «этномәдени үдерістер» т.б. теорияларында көтерілген концептуалдық мәселелер өткен және қазіргі кезеңдегі байланыстық мағына дәрежесінде пайдаланылды. Еңбекте анализ, синтез, тарихи жүйелілік, тарихи-салыстыру, хронологиялық және басқа да әмбебаптық жалпыға мәлім зерттеу әдістемелері қолданылады. Осыған байланысты Қазақстандағы қарақалпақтардың этномәдени үрдістері мен үдерістеріндегі бағыттар республикааралық көлемде салыстырылып, жүйеленді.

Сонымен бірге этнографиялық мәліметтерді тарихи-генетикалық салыстыру принципі негізінде зерделеу тәсілі де басшылыққа алынды. Салыстырмалы мәліметтерді кірістіре отырып, Орта Азияның басқа да халықтарының этнографиясындағы мәлім болған деректерді саралау, отбасылық – некелік қарым – қатынастарға байланысты әдет – ғұрыптар мен салт-дәстүрлер жүйесінің өзара әсерлері мен байланысын анықтауға негіз бола алды. Мұндай талдау барысында жекелеген халықтардың отбасылық – некелік қарым – қатынастарына байланысты әдет-ғұрыптары мен салт- дәстүрлерін әркелкі дәреже деңгейінде ескеріледі.

Қарақалпақтардың отбасылық некелік қарым-қатынастарына байланысты әдет ғұрыптары мен салт-дәстүрлерін сол халықтың рухани қазынасының негізгі саласы ретінде қарастырған Т.А. Жданконың, Л. Толстованың, Х. Есбергеновтың әдісқамаларын басшылыққа ала отырып, рухани мәдениет аспектісі негізінде сараланды. Объективтік, тарихилық, салыстырмалы талдау мен жинақтау қағидалары және «Қазақстан Республикасындағы тарихи сананы қалыптастыру тұжырымдамасына» сәйкес отандық тарих ғылымында тәуелсіздікті дамыту идеясы алынды.

Қарақалпақ диаспорасының этникалық тарихы мен мәдениетін зерттеу Қазақстан тарихының бөлінбес бір бөлшегі ретінде басқа этностарды танып білуге септігін тигізеді. Диссертациялық зерттеудің

практикалық нәтижелері қарақалпақтардың дәстүрлі мәдениеті мен отбасылық қатынастарын зерттеумен айналысатын орталықтарда, Орта Азия кеңістігінде қарақалпақ диаспорасының этникалық, этномәдени даму үдерістерін анықтауға және мұнан басқа зерттеудің негізгі нәтижелері мен ережелері Жоғары және арнайы оқу орындарында Қарақалпақ диаспорасы тақырыбында арнайы курстар оқуға, ғылыми қызметкерлер мен оқытушылар өздерінің педагогикалық қызметтерінде пайдалана алады. Қазақстан Республикасы халықаралық қатынастарға байланысты мәселелерде осы зерттеудегі тұжырымдар мен қорытындыларды басшылыққа ала алады.

Қарақалпақтардың отбасылық-некелік қарым-қатынаста байланысты сан алуан дәстүрлі ұстанымдар мен салттар, ғұрыптар, ырымдар мен наным сенімдер жүйесін саралау қайта жаңғырған рухани қажеттілігімізді қанағаттандыруға, зерделеуге мүмкіндік береді.

#### ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 ЦГА Республики Казахстан. Ф.78. оп. 5. Д. 50. Л. 19.
- 2 Рычков П.И. Топография Оренбургской губернии. – СПб., 1887.– С.158.
- 3 Каульбарс А.В. Низовья Амударьи, описанные по собственным исследованиям в 1873 году// ЗРГО. – СПб., 1881, Т. 9.– С. 78-93.
- 4 Наливкин В., Наливкин М., Очерк быта женщины оседлого туземного населения Ферганы. – Казань, 1886.– С.236.
- 5 Толстов С.П. Древний Хорезм. – М., 1948; Толстов С.П. По следам древних цивилизации. – М., 1948; Толстов С.П. По древним дельтам Окса и Яксарта. – М., 1962.– С. 88-93
- 6 Андрианов Б.В. Этническая территория Средней Азии. – М., 1958.
- 7 Марков Е. Кочевники Азии. - Москва, 1976
- 8 Жданко Т.А. Очерки исторической этнографии каракалпаков. – Москва, 1950
- 9 Кисляков Н.А. Очерки по истории семьи и брака у народов Средней Азии и Казахстана. – Л., 1969

10 Снесарев Г.П. Реликты домусульманских веровани и обрядов у узбеков Хорезма. – М., 1969

11 Шалекенов У.Х. Казахи низовьев Амударьи. – Ташкент, 1966

12 Косбергенов Р. Положение каракалпакского населения в Хивинском ханстве в конце XIX - начале XX века // Труды Хорезмской экспедиции. – М., 1958. Т. 3

13 Есбергенов Х. К вопросу о борьбе с пережитками устаревших обычаев и обрядов ( Каракалпакские поминки « ас» ) // Советская этнография. – М., 1963, №5

14 Нурмухамедов М.К., Жданко Т.А., Камалов С.К. Каракалпаки (краткий очерк истории с древнейших времен до наших дней). – Ташкент, 1971. – 120 с.

15 Баскаков Н.А. Каракалпакский язык. Том II. Фонетика и морфология. Часть первая. Части речи и словообразование. – М.: Изд-во АН СССР, 1952. – 544 с.

16 Төлеубаева К.М. «Қазақ және Орталық Азия халықтарының отбасы, отбасылық әдет-ғұрып, салт-саналары (салыстырмалы-этнографиялық зерттеу)» тарих.ғыл.докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның Авторефераты. – Алматы. 2010. – 60 б

17 Калыш А.Б. Семья и брак в современном Казахстане. Монография. – Алматы: Арыс, 2013. – 472 с.

18 История Каракалпакской АССР: с древнейших времен до наших дней – Ташкент: «Фан» 1986 – 364 с.

## I ҚАРАҚАЛПАҚТАРДЫҢ ТАРИХИ ЖӘНЕ ЭТНОДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ

### 1.1 Қарақалпақтардың Қазақстанда XVIII-XX ғасырлардың басында қоныстануы мен тарихи жағдайы

Ғасырлар бойына қазақтармен тарихы мен тағдыры біте қайнасып жатқан қарақалпақ халқының этникалық тарихы өз алдына көлемді бір тарихты құрайды. Қарақалпақтардың шығу тегі, қайдан келгені, қайда пайда болғаны және жалпы этникалық тарихы ғылымда маңызды сұрақтардың бірі ретінде саналады. Әрбір халық пен оның атауының шығуы, тегінің немесе қалыптасу тарихы болғанындай, қарақалпақтардың да өзіне тән этникалық дамуы мен халық атауының этимологиялық пайда болу тарихы бар.

Қарақалпақтар – Өзбекстан құрамындағы Қарақалпақ Республикасын мекендейтін түркі тілдес халық және Қазақстанда өмір сүріп жатқан 25 түркі халықтарының бірі болып табылады. Тарихшылар мен этнографтардың ғылыми пайымдауы мен пікірінше, қарақалпақтардың арғы тегі – б.з.б. Арыс жағалауынан бастап Жайық өзенінің аралығын, Солтүстік Кавказ бен Дешті Қыпшақ даласына дейінгі ұлан-байтақ кеңістікте көшіп-қонған тайпаларға саяды. XVI ғасырларда Үлкен Ноғай ордасынан қазақ, қарақалпақ, ноғай халықтары бөлініп шыққан. Қазақ және қарақалпақ түркілері этностық қалыптасу кезеңдерінен бастап қоян-қолтық араласып, саяси-әлеуметтік, экономикалық және тілдік тұрғыдан ылғи да өзара ықпалдастықта дамыды. XVIII-XIX ғасырларда жоңғарлардың, орыстардың және аймақта өзге де халықтардың қысымына ұшыраған қазақтармен бірге қарақалпақтар да Орта Азияның ішкі аудандарына ауа көшті. Кіші жүз қазақтарымен күш біріктіріп, қалмақтарды Жайық пен Жем бойынан ығыстырды. Осындай саяси факторлардың негізінде қазіргі ел болып отырған территорияларында тұрақтап қалды. Тағы бір айта кетерлігі қарақалпақтар ноғайлармен өздері өмір сүріп отырған территорияда тұрақтап қалды.

Қарақалпақ халқының этникалық атауы мен этимологиялық атауына келсек, ол туралы бірнеше нұсқаларды ұсынуға болады.

«Қарақалпақ» атауы «қара» мен «қалпақ» сөздерінің бірігуінен туған. Жоғарыда көрсеткендей, Рашид ад-Диннің дерегі бойынша, қарақалпақ атауы қара қалпақты халық деген атаумен байланысты. Ерте орта ғасырларда қара бөрікті (Karaborkli) тайпасы Арал теңізі маңында печенег (бажанак) деген атпен өмір сүрген. Ғылыми зерттеулерде қара бөрікті, қарақалпақ және қарақұлахан деген этноним бір мағынада қолданылған. Қарақалпақ атауы туралы келесі бір нұсқалар орыс жылнамаларында «черные клобуки», «чёрный колпак», ал араб дереккөздерінде «karabörklü» атауларымен кездеседі. Бүгінгі қарақалпақ этнонимімен танылып отырған халық, тарихи деректерде, осы атаумен алғаш рет XVI ғасырдың соңында (1578 жылы) аталына бастады [17, 125 б.].

Ұзақ уақыт бойы қарақалпақ халқының шығу тегі туралы нақты тұжырымдама болған жоқ. XX ғасырдың 20-жылдарына дейін олар туралы ғылыми әдебиеттер өте аз болып, олар «қарақалпақ» этнонимін сипаттаудан аспады. Белгілі шығыстанушы Д'Оссон «Монғолдар тарихы» деген еңбегінде Рашид ад-Диннің «Жылнамалар жинағын» талдай отырып, орыс жылнамаларында черные клобуки деген атпен белгілі болған халықтың қарақалпақ екендігін анықтайды [18, с. 45].

Қарақалпақтардың этникалық атауы туралы Н.И. Березин де «Нашествие Батые» деген еңбегінде сондай қорытындыға келеді.

Қарақалпақтардың этникалық шығу тегі туралы кейбір ғылыми еңбектерде қарақалпақтардың төркіні печенегтерден, қыпшақтардан ізделді. Мысалы мажар түркітанушысы А. Вамбери [19, с. 78] қарақалпақтардың түпкі шығу негізін печенег деп білсе, кейбір батыс тарихшылары печенегтердің тікелей ұрпағы қарақалпақтар емес ноғайлар деп көрсетіп, қарақалпақтарды қыпшақтардан тарауы мүмкін деген ғылыми болжам жасайды.

Кейінгі зерттеу нәтижелері қарақалпақ этногенезінің қалыптасуында оғыз-печенег, қыпшақ және ноғайлардың үлкен рөл ойнағанын көрсетті. Алайда қарақалпақтарды аталған тайпалардың тікелей ұрпағы деп санау мүмкін емес.

Өйткені ғылыми ізденістер бұл халықтың этникалық қалыптасу процесіне жергілікті және басқа да тайпалардың қатыстылығын дәлелдеп отыр. Мысалы сенімді дереккөздер қарақалпақ халқының этникалық

құрылымын мынадай онторт уру (он төрт ру) құрайтынын көрсетеді: – анна, құйын, боклы-хытай, мәңжүлі, кырк, черучи, ай-теке, аралбай, беш-сары, кайчилы, еки-шейх, казаяклы, қаңлы, қыпшақ, кенегес, маңғыт. Бұл тізімнен қарақалпақ халқының этногенезінің күрделі екендігін және тарихи қалыптасу үдерісіне көптеген ру-тайпалардың қатысқандығын көруге болады [20, 142 б.].

Қарақалпақтар қазіргі қазақ жерін ертеден қоныстанған деп қорытынды жасауға жоғарыда аталған мәліметтер толықтай мүмкіндік береді. Ол жоғарыда аталғандай Арал маңы мен Амудария мен Сырдың төменгі ағыстары және Орта Азияның шөлді аймақтары болып саналады.

Ең көп таралған нұсқа бойынша, қарақалпақтардың жеке этнос болып құрылуы 1556 жылы Ноғай Ордасының құлап, оның құрамынан бөлініп шыққан «алты арыс» - мүйтен, қоңырат, қытай, қыпшақ, кенегес, маңғыт руларымен байланысты. XVII ғасырдың басында қарақалпақтар Түркістан жерінде үстемдік етуге тырысып, Ташкентпен бірге бірнеше қалаларды басып алады, алайда олардың билеушісі Әбдал Ғаппар жалған төре танылып, көп ұзамай қазақ төрелері тарапынан өлтіріледі де, нәтижесінде Қазақ хандығына бағындырылады.

XVII ғасырдың екінші жартысында Сырдарияның орта және төменгі сағасында қоныстанған қарақалпақтар Сібір ханы Күшімнің билігіне мойынсұнады. Сібір хандығының қарақалпақтарға жүргізген үстемдігі Күшік, Жәңгір, Есім Мұхаммет, Қайып, Шайбақ деген хандарының билігімен XVIII ғасырдың екінші жартысында дейін созылды. 1723 жылы жоңғарлардың қазақтарға шабуылы қарақалпақтарға да үлкен шығын алып келді. Қазақты қырғынға ұшыратқан жоңғар шапқыншылығы қарақалпақтарды жоғарғы және төменгі деген екі топқа бөлінуіне әкеп соқты. Жоғарғы қарақалпақтар жоңғарларға бағынса, төменгі қарақалпақтар Қазақ хандығынан алыстау үшін Жаңадарияға көшеді. XVIII ғасырдың соңына қарай қарақалпақтар Хиуа хандығының иелігіне, Әмударияны жағалай қоныс аударады. Осыдан бастап қарақалпақтардың қазақтардың жеріне өтуі кең өріс алады.

XVII-XVIII ғасырларда қарақалпақтар Бұхара, Қазақ, Хиуа және Сібір хандығының саяси және әскери қызметіне белсенді араласып халықтардың наразылық көтерілісіне қатысты. Қарақалпақтардың

тәуелсіздік үшін күресі, негізінен, хиуалықтарға қарсы бағытталды. Мысалы 1827 жылы Айдос Би, 1855-1856 жылдары Ерназар Алакөз, 1858-1859 жылдары Мұхаммет Фен бастаған бірнеше ірі көтерілістері болды. 1873 жылы Әмударияның оң жағалауын мекендеген қарақалпақтар Ресей империясының құрамына енсе, сол жағалауындағылар Хиуа хандығының құрамында қалып қойды. Кеңес билігіне дейін қарақалпақтар осылай екі бөлек билік қарамағында болды.

Қарақалпақстанның жалпы жер көлемі – 165, 6 мың шаршы шақырым. Географиялық жағынан айтсақ, Қызылқұм мен үстіртін барханды құмдары, яғни шөлді аймақ, территорияның 70 %-н, 14 % Арал теңізінің сулы жері, ал 16 %-н Амударияның мәдени ауданы құрайды. Қарақалпақ ұлты тек өз елінде ғана емес, Өзбекстанның Ферғана, Хорезм облыстарында, Түркменстан, Ауғанстан, тіпті біздің елімізде де тұрады.

Қарақалпақтар – Қарақалпақ Автономиясының негізгі халқын құрайтын ұлт. Жалпы саны - 236 мың адам (1970 жылғы санақ бойынша). Олар қарақалпақ тілінде сөйлеп, ислам дінін ұстайды.

Антропологиялық түрінде 2 пласттың болуы айқындалған: Қола дәуірі мен антик заманынан бері мекендеп келе жатқан жергілікті тау тұрғындарымен байланысты – еуропаидтық және келімсек тау тайпаларымен байланысты монголоидтық. «Қола дәуіріне жататын Хорезмдегі тазабағым мәдениетінің ескерткіштері Қазақстандағы андронов мәдениетінің ескерткіштеріне өте ұқсас келеді» деп көрсетеді зерттеуші С.П. Толстов [21, с. 58].

Антропологиялық жағынан қарақалпақтар негізінен қазақтарға өте ұқсас. Қарақалпақтар мен қазақтарда ал, әсіресе қырғыздарда монголоидтық нәсілдің белгілері басым келеді. Бұл типтің сипатты ерекшелігі-бас көлемінің үлкен және беттің жалпақ болуы.

Еуропаидтық нәсілдің кейбір элементтерінде кездеседі. Территориялық жағынан оқшауланған Ферғана аңғарының қарақалпақтарында еуропаидтық нәсіл элементтері басым. Олардың беттері сопақтау келеді. Бұл олардың Орта Азиялық қосөзенде орналасуымен түсіндіріледі [22, 410 б.].

Этнограф Ю.В. Бромлей қарақалпақтардың этногенездік тарихына төмендегідей тоқталады: «Қарақалпақтардың көне ата-бабалары қатарына біздің заманымыздан бұрын VII-II ғасырларында

Арал теңізінің оңтүстік жағалауында мекендеген сақ – массагет (апасияки) тайпалары жатады. Біздің заманымыздың II-IV ғасырларында Арал маңына шығыстан ғұндар, ал VI-VII ғасырларда түріктер шабуыл жасап, жергілікті тайпалармен араласып кеткен. Бұл уақытта Арал маңында ерте орта ғасырлық халықтар оғыздар мен печенегтер қалыптасып, VIII-X ғасырларда осы халықтар қарақалпақ этносының негізін қалады.

X ғасырдың басында печенегтердің жартысы Батысқа, яғни Оңтүстік орыс далаларына кетеді: Киев Русінде тұрақтап қалған тайпаларды «черные клобуки» деп атап кеткен. Еділ мен Жайық арасында қалып қойған печенегтердің шығыс бөлігі Ертіс бассейнінен келген қыпшақтармен біртіндеп сіңісіп, олардың тілдерін қабылдап алды [23, 132 б.].

Деректерде қыпшақ ру-тайпалық одағының құрамында «қара бөркілі» этнонимі де кездеседі. XIV-XV ғасырларда қарақалпақтар этногенезіне ноғайлармен байланысы біршама әсерін тигізген. Көп деректерде көрсетілгендей, қазақ халқының негізін құраушылардың бірі ноғайлар екені Б.Б. Ирмухановтың еңбегінде дәлелдене түскен: «Шығу тегі ортақ үш халықтың (қазақ, өзбек, ноғай) ішіндегі әсіресе туыс халық болып қазақтар мен ноғайлар есептелді». Тіпті, Ш.Уәлиханов қазақтар мен ноғайлардың бірігу кезеңін (XV ғ. II-ші жартысы) «Алтын ғасыр» деп атаған [22, 191 б.]. Демек, қарақалпақ пен қазақ халқының, тек мәдени, территориялық ғана емес, этногенездік туыстығына да ноғайлар елеулі ықпал еткен.

Қарақалпақтар мен қазақтардың туыстық байланыстары халық аңыздарында да көрініс тапқан. Ол аңыз Қара-Қалпақ пен Қызыл-Қалпақ туралы:

«Бір бай адамның екі ұлы болған екен. Бір ұлы Қара-Қалпақ, бір ұлы Қызыл-Қалпақ киген. Атасы өлген. Бұның түйесі, жылқысы, қойы көп болған. Қойды, түйені, Қызыл-Қалпаққа берген. Ол тау жағалаған. Оны қазақ деген. Атасынан бөліп қара малды Қара-Қызыл-Қалпақ (қазақ) аталас болған».

Бұл генеалогиялық аңыз қарақалпақтар мен қазақтардың туыстық және мал шаруашылықтарының ерекшеліктерін аңғартады.



XVI ғасырдың аяғында Ортаазиялық деректерде қарақалпақтар қазіргі атаумен кездеседі. XVIII ғасырда олар Сырдарияның орталық және төменгі ағыстары жағалауын мекен еткен. XVIII ғасырдың ортасында қарақалпақтардың көп бөлігі Сырдария сағасының батыс сағасы Жаңадарияға көшеді. 1811 жылға қарай қарақалпақ ұлты хиуалық ханның билігінде болып, Амудария сағасына көшірілді. 1873 жылы Амудария жағасындағы Қарақалпақ территориясы Ресей құрамына енді. XIX ғасырдың аяғы - XX ғасырдың басындағы қоғамдық құрылымы патриархалдық-туыстық қалдықтары сақталған феодалдық түрде еді. 1932 жылы Қарақалпақ автономиялық мемлекет болып қалыптасты.

XIX ғасырдың аяғы – XX басында Хорезм оазисіндегі қарақалпақтар төмендегідей топтарға бөлінген:

Бұхарлықтар – бұл топқа жататын қарақалпақтар Бұхар хандығының солтүстік бөлігінде, оңтүстік Қызылқұмда, Кенимех пен Нұр-Аты аудандарында тұрады.

Ферғаналық. Ферғана аңғарының қарақалпақтары зерттеулер дерегіне сүйенсек, негізінен Сыр-Дария мен Қара-Дария өзендерінің бойына, шығыста-Андижаннан батыста-Қоқан хандығына дейін орналасқан. Ферғана аңғарының қарақалпақтары ру-тайпалық бөлініс сақталмаған отырықшы өзбек халқының арасында тұрды. Сондықтан отбасылық салт-дәстүрінде өзбектік ықпал басым келеді.

Самарқандық қарақалпақтар Самарқандықтар шығысындағы Миянкөле аралы, Зеравшанның солтүстігі мен Ақ - Дарияны мекен еткен. Бұл қарақалпақтар өздерін тіпті «өзбек – қарақалпақтар» деп атап кеткен.

Сырдариялық қарақалпақтар Ташкент аумағында және соның солтүстігінде, Сырдария өзенінің бойында және Қазалының оңтүстігінде қоныс тепкен. Сырдариялық қарақалпақтар өзбектер мен қазақтар арасында кішігірім топтар болып өмір сүргендіктен, өздерінің ұлттық мәдениетінің негізгі белгілерін жоғалтқан.

Оңтүстік бұхарлық қарақалпақтар Бұхар хандығының оңтүстігінде орналасқан [24, 8 б.].

Қарақалпақтар – Өзбекстан құрамындағы Қарақалпақ Республикасын мекендейтін түркі тілдес халық және Қазақстанда өмір сүріп жатқан 25 түркі халықтарының бірі болып табылады.

Зерттеушілердің пікірінше, қарақалпақтардың арғы тегі – б.з.б. Арыс жағалауынан бастап Жайық өзенінің аралығын, Солтүстік Кавказ бен Дешті Қыпшақ даласына дейінгі ұлан-байтақ кеңістікте көшіп-қонған тайпаларға саяды. XVI ғасырларда Үлкен Ноғай ордасынан қазақ, қарақалпақ, ноғай халықтары бөлініп шыққан. Қазақ және қарақалпақ түркілері этностық қалыптасу кезеңдерінен бастап қоян-қолтық араласып, саяси-әлеуметтік, экономикалық және тілдік тұрғыдан ылғи да өзара ықпалдастықта дамыды. Мысалы, 1723 жылғы Жоңғарлардың шабуылынан «ақтабан шұбырындыға» ұшыраған қазақтармен бірге қарақалпақтар да Орта Азияның ішкі аудандарына, Ресей шекарасына ауа көшті, Кіші жүз қазақтарымен күш біріктіріп, қалмақтарды Жайық пен Жем бойынан ығыстырды. Осылай қазіргі ел болып отырған территорияларында тұрақтап қалды. Қазақстандағы қарақалпақ диаспорасының шоғырланған орындары Маңғыстау, Түркістан және Жамбыл облыстары болып табылуы да тегін емес. Яғни қарақалпақтар елдерімен шекаралас қазақ жеріне көптеп қоныстанып отыр. Қарақалпақтар Қазақстанға қашан және не үшін келді деген сұрақтарға нақты жауап беру мүмкін емес. Қарақалпақ халқының туыстас қазақтармен жақын әлеуметтік-лингвистикалық байланысы өте ерте кезден жалғасып келеді.

«Қарақалпақ» атауы *қара* мен *қалпақ* сөздерінің бірігуінен туған. Рашид ад-Диннің дерегі бойынша, монғол шапқыншылығы кезінде қарақалпақтар «Kavm-i külah-i siyah» (қара қалпақты халық) деген атаумен танылған. Ерте орта ғасырларда *қара бөрікті* (Karaborkli) тайпасы Арал теңізі маңында печенег (бажанақ) деген атпен өмір сүрген. Ғылыми әдебиеттерде *қарабөрікті*, *қарақалпақ* және *қарақұлахан* деген этноним бір мағынада қолданылған. Ескі орыс жылнамаларында *черные клобуки*, *чёрный колпак*, ал араб дереккөздерінде *karabörkli* атауларымен кездеседі. Бүгінгі қарақалпақ этнонимімен танылып отырған халық, тарихи деректерде, осы атаумен алғаш рет XVI ғасырдың соңында (1578 жылы) аталына бастады [25, 15 б.].

Ұзақ уақыт бойы қарақалпақ халқының шығу тегі туралы нақты тұжырымдама болған жоқ. XX ғасырдың 20-жылдарына дейін олар туралы ғылыми әдебиеттер өте аз болып, олар «қарақалпақ» этнонимін сипаттаудан аспады. Белгілі шығыстанушы Дассон «Монғолдар тарихы»

деген еңбегінде Рашид ад-Диннің «Жылнамалар жинағын» талдай отырып, орыс жылнамаларында *черные клобуки* деген атпен белгілі болған халықтың қарақалпақ екендігін анықтайды. Н.И. Березин де «Нашествие Батые» деген еңбегінде сондай қорытындыға келеді.

Кейбір ғылыми әдебиеттерде қарақалпақтардың төркіні печенегтерден, қыпшақтардан ізделді. Мысалы мажар түркітанушысы А. Вамбери мен Н. Аристов печенег деп білсе, ағылшын тарихшысы Ховорос печенегтердің тікелей ұрпағы ноғайлар деп, қарақалпақтардың қыпшақтардан тарауы мүмкін деген болжам [20, 87 б.].

Кейінгі зерттеу нәтижелері қарақалпақ этногенезінің қалыптасуында оғыз-печенег, қыпшақ және ноғайлардың үлкен рөл ойнағанын көрсетті. Алайда қарақалпақтарды аталған тайпалардың тікелей ұрпағы деп санау мүмкін емес. Өйткені ғылыми ізденістер бұл халықтың этникалық қалыптасу процесіне жергілікті және басқа да тайпалардың қатыстылығын дәлелдеп отыр. Мысалы сенімді дереккөздер қарақалпақ халқының этникалық құрылымын мынадай *онторт уру* (он төрт ру) құрайтынын көрсетеді: – анна, құйын, боклы-хытай, мәңжүлі, кырк, черучи, ай-теке, аралбай, беш-сары, кайчилы, еки-шейх, казаяклы, қаңлы, қыпшақ, кенегес, манғыт. Бұл тізімнен қарақалпақ халқының этногенезінің күрделі екендігін және тарихи қалыптасу үдерісіне көптеген ру-тайпалардың қатысқандығын көруге болады [20, 100 б.].

Тарихи деректерге сүйенсек, Қарақалпақстан аумағында адамдар неолит кезеңінен бері өмір сүріп келеді. Б.з.д. V ғасырға тиесілі Дарий I қорғанының ақпараты бойынша, Арал маңы мен Сырдарияның төменгі ағысы аумағында (қазіргі Қарақалпақстан территориясы) тиграхауд (шошақ бөрікті) сақтар өмір сүрген. II-VI ғасырларда бұл аймаққа Алтай мен Шығыс Түркістан аумағынан көшкен түркі тайпалары қоныстанды. Тұрғылықты сақ тайпалары мен көшпелі түрік тайпаларының ассимиляциялануы нәтижесінде печенег және оғыз деген екі жаңа этникалық қауымдастық пайда болды. Қарақалпақтардың этникалық құрылымының негізін осы печенег тайпасы құрады. Тарихи деректер X ғасырларда печенег тайпасының шығыс түркі тайпаларының жаңа шапқыншылығы салдарынан қазіргі қарақалпақ топырағынан орыс жерінің оңтүстігіне көшкенін көрсетеді. Олар жаңа қонысында Ноғай Ордасының құрамында болады. Печенегтер Ноғай Ордасы құлаған соң,

атақонысына оралады және осы кезден бастап «қарақалпақ» деген атаумен белгілі бола бастайды.

Ең көп таралған нұсқа бойынша, қарақалпақтардың жеке этнос болып құрылуы 1556 жылы Ноғай Ордасының құлап, оның құрамынан бөлініп шыққан «алты арыс» - мүйтен, қоңырат, қытай, қыпшақ, кенегес, маңғыт руларымен байланысты. XVII ғасырдың басында қарақалпақтар Түркістан жерінде үстемдік етуге тырысып, Ташкентпен бірге бірнеше қалаларды басып алады, алайда олардың билеушісі Әбдал Ғаппар жалған төре танылып, көп ұзамай қазақ төрелері тарапынан өлтіріледі де, нәтижесінде Қазақ хандығына бағындырылады. XVII ғасырдың екінші жартысында Сырдарияның орта және төменгі сағасында қоныстанған қарақалпақтар Сібір ханы Күшімнің билігіне мойынсұнады. Сібір хандығының қарақалпақтарға жүргізген үстемдігі Күшік, Жәңгір, Есім Мұхаммет, Қайып, Шайбақ деген хандарының билігімен XVIII ғасырдың екінші жартысына дейін созылды. 1723 жылы қарақалпақтарды үлкен шығынға ұшыратқан жоңғар шапқыншылығы басталып, оларды жоғарғы және төменгі деген екі топқа бөлуге әкеп соқты. Жоғарғы қарақалпақтар жоңғарларға бағынса, төменгі қарақалпақтар Қазақ хандығынан алыстау үшін Жаңадарияға көшеді. XVIII ғасырдың соңына қарай қарақалпақтар Хиуа хандығының иелігіне, Әмударияны жағалай қоныс аударады.

XVII-XVIII ғасырларда қарақалпақтар Бұхара, Қазақ, Хиуа және Сібір хандығының саяси және әскери қызметіне белсенді араласып, башқұрт көтерілісіне қатысты. Қарақалпақтардың тәуелсіздік үшін күресі, негізінен, хиуалықтарға қарсы бағытталды. Мысалы 1827 жылы Айдос Би, 1855-56 жылдары Ерназар Алакөз, 1858-1859 жылдары Мұхаммет Фен бастаған бірнеше ірі көтерілістері болды. 1873 жылы Әмударияның оң жағалауын мекендеген қарақалпақтар Ресей империясының құрамына енсе, сол жағалауындағылар Хиуа құрамында қалды. Кеңес билігіне дейін қарақалпақтар осылай екі бөлек билік қарамағында болды. Қарақалпақ автономды облысы ҚазССР құрамында 1924 жылы құрылып, ол 1930 жылы тікелей Кеңес Одағының құрамында деп танылды. 1932 жылы 20 наурызда Қарақалпақ Автономиялы Кеңестік Социалистік Республикасы болып қайта құрылды. 1936 жылғы 5 желтоқсаннан бастап

Өзбек КСРО-ның құрамына кірді. 1992 жылдан бастап Өзбекстан Республикасы қарамағындағы Қарақалпақстан мемлекеті.

Қарақалпақ халқы мәдени және антропологиялық тұрпатына қарай көршілес жатқан өзге де ортаазиялық халықтардан ерекшеленбейді. Олардың бет әлпеті көршілес қазақ, түрікмен және т.б. ұлттарға ұқсас, монғолдық нәсілдің ортаазиялық тобына жатады. Қарақалпақтардың антропологиялық типі ортаазиялық көне еуропалық нәсіл мен кейінірек келген монғол тектес нәсілдің араласуы нәтижесінде пайда болған.

Қарақалпақтардың антропологиясы туралы ең ауқымды материалдарды А.И. Ярхо жинақтады. Ол 1928 жылы бастапқыда Қарақалпақстан территориясындағы 305 ер адамды, кейін Ферғанаға көшкен 100 ер адамды зерттеген болатын. Кейінірек, 1946 жылы, Өзбек КСР Ғылым академиясының Тарих және археология институтының тапсырмасымен ғылым кандидаты В.Я. Зезенкова аталған екі аймақтағы қарақалпақтардың (Қарақалпақ жерінің 86 ері мен 139 әйелін, Ферғана алқабында 85 ер және 115 әйелдің) антропологиялық ерекшеліктерін зерттеуді жалғастырды. Қарақалпақтар мен қыпшақтар эпикантус дамуы, сакалы, көлденең профильді бет-жүзі және мұрын қуыстары мен биіктігі, бет сүйегінің диаметрі мен биіктігі, бастың морфологиялық және көлденең диаметрі секілді өте маңызды таксономиялық белгілері бойынша көршілес монғол текті қазақтар мен монғолдық ықпалы аздап байқалатын еуропа тектес хорезмдік өзбектердің ортасындағы аралық нәсіл болып табылады.

Қазіргі таңда қарақалпақтардың барлығы ханафи масхабын ұстанатын суннит мұсылмандары. Олардың ислам дінін қабылдай бастауы нақты белгілі болмаса да, зерттеушілердің болжауынша, қарақалпақтар да басқа түркі халықтары секілді Х–ХІІІ ғасырларда мұсылмандықты қабылдады. Халықаралық жобаның сауалнамасына қатысқандардың 86,5%-ы ислам дінін ұстанып, діни әдет-ғұрыптарды орындайтындарын және тек мұсылмандармен некелесетінін білдірді. Анкета арқылы жүргізілген сауалнамада қандай діни (немесе дәстүрлі) әдет-ғұрыптардың орындалуы туралы сұраққа 45 респондент мынадай сипатта жауап берген:

- «орындамаймын» – 9 адам (20%);

- айтты тойлап, ораза ұстап, садақа беретіндер – 7 адам (15,%);
- діни мейрамдарды ұстанатындар – 4 адам (8,8%);
- намаз оқитындар – 3 адам (6,6%); құран оқитындар – 3 адам (6,6%);
- бес парызды орындайтындар – 2 адам (4,4%);
- сирек орындайтындар – 1 адам (2,2%);
- 16 адамның (35,5%) жауап мәліметтері көрсетілмеген.

Бұл талдауда жауап мәліметтері көрсетілмеген қарақалпақтардан тыс 20 адамның (44,4%) ислам дінінің ғұрыптарын, парыздарын орындайтындығын көреміз.

«Сіздерде діни қызметкерлерді (немесе дін басыларын) оқыту қалай іске асады?» деген сұраққа тартылған 42 респонденттің жауаптары да мынадай болып келеді:

- «білмеймін» – 8 адам (19%);
- медресе секілді арнайы орындарда – 6 адам (14,2%);
- «жақсы» - 2 адам (4,7%);
- «кітаппен, мешітке барумен» - 2 адам (4,7%);
- «құран оқып» – 1 адам (2,3%);
- «оқымаймын» – 1 адам (2,3%);
- 22 адамның (52,3%) жауап мәліметтері көрсетілмеген.

Бұл сұрақ жауабынан тек 26% қарақалпақ респонденттің діни сауаттылық туралы пікір білдіре алғандығын көреміз.

Қазақ халқымен тілдік тұрғыда аса жақын болған қарақалпақтардың салт-дәстүрі мен әдет-ғұрыптары қазақтардың салт-дәстүріне өте ұқсас. Қарақалпақтардың дәстүрлерінің көбі, негізінен тұрмыстық дәстүрлермен байланысты болып табылады. Халық арасында сақталған ең негізгі дәстүр мен әдет-ғұрыпқа кезек берсек, онда баланың тууынан бастап бесік той, шілдеhana, қырқынан шығару, тұсау кесер, сүндет той, үйлену тойы, беташар және осы сынды өзге де салт-дәстүрдің негізгі түрлерін көрсетуге болады [26, 120 б.].

Дегенмен де қарақалпақ диаспорасының салт-дәстүрлерінде өздеріне тән ерекшеліктер де бар, мысалы ұзатылатын қыздың ата-анасы оның екі қалтасына алты асыл тас немесе қымбат әшекейлер салады, оны күйеу жігіттің әке-шешесі, яғни құдалары бағалап, сол бағаға сатып алады, осы ғұрыптан кейін күйеу жігіт қалыңдығын өзімен алып кете

алады. Жаңа түскен келінді қауымға таныстыру, сәлемдестіру мақсатында және оған өсиет айту үшін беташар айтылады. Беташар мазмұны жағынан басқа кейбір халықтардағы жырларға аздап ұқсағанымен, түр, орындалу жағдайы жағынан тек қазақтар мен қарақалпақтарда ғана кездеседі [27, 12 б.].

Қарақалпақ халқы өзінің мәдениетін, тарихын, шұғылданған кәсібін, шаруашылығын ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп, ешқашан ұмытқан емес. Сондай дәстүрлі кәсіптерінің бірі қолөнер болып табылады. Қарақалпақтарда қолөнер

дәстүрі ерте кезден дамыды. Ерлері көбіне ағаш ұсталығы, ершілік, зергерлікпен, ал әйелдері тоқымашылық, кілем тоқу, киіз басумен айналысты [28, 120 б.].

Ұста шеберханасы «дуқан» деп аталып, ол жер адамдардың бас қосатын беделді кісілер жиналатын орынға айналған.

Ұсталық кәсібі әкеден балаға немесе кіші інісіне мұрагерлікпен қалып отырды, кейде туыс адамдардың балаларын шәкірт қылып алды. Олар бірнеше жыл ұстаның үйінде тегін жұмыс істеді. Ұстаның құралдарының бастысы төс пен көрік және тағы басқа саймандар болды. Төстен басқа негізгі саймандардың барлығын ұста өзі жасады, ал төсті Хиуа, Бұқара, Түркістан немесе Орынбор сияқты Ресейдің қалаларынан жеткізілді.

Киіз үйдің ағаш бөліктерін жасайтын шеберді үйші деп атады. Халық түсінігінде олардың Ибрахим Халил (ең алғашқы киіз үйді жасаушы) деп аталатын қорғаушы пірі болды. Үйді жасауды бастар алдында шебер піріне дұға жасайтын. Үйшілер көбінесе бес, алты, жеті қанатты киіз үйлерді жасады [29, с. 22].

Қарақалпақ халқында ағаш өңдеу шеберлері алуан түрлі ауыл шаруашылық құралдарын жасаумен айналысты, олардың ең бастылары – ала, шығыр, арба, қайық және т.б. болды. Сонымен қатар, олар үй өндірісінде қолданылатын өрмек, мақта тазалайтын шығыршық, ыдыс сияқты ағаш заттарды жасаумен айналысты, ал кейбір ұсталар өте нәзік шеберлікті қажет ететін музыкалық аспаптарды (дутар, қобыз) жасады.

Сондай-ақ олар көне заманнан бері мал шаруашылығымен, суармалы егіншілікпен және балық аулаумен шұғылданып келеді. Дәнді дақылдардан бидай, арпа, күріш, тары екті, бақша жемістерін, әсіресе

жүзім өсірді, әр отбасының өз бау-бақшасы болды. Мысалы, КСРО тұсында Өзбекстанда ауланатын балықтың 90%-ын қарақалпақтар беріп келді. Алайда Арал апатына байланысты балық аулау кәсібі үлкен күйзеліске ұшырады.

Атап отырғанымыздай, қарақалпақтар негізінен егіншілікпен және мал шаруашылығымен, сондай-ақ бау-бақша ісімен айналысады. Бау-бақша мен күнделікті тұрмысқа қажетті болып саналатын арпа, бидай, жүгері, бұршақ, асқабақ, пияз, тары өсіреді. Су жетпеген жерде жасанды суғару жүйелерін жүргізіп, диханшылықпен де танымал болған. Кеңес үкіметінің орнаған жылдарынан бастап қарақалпақтардың мемлекет үшін өндірген басты шаруашылық өнімдері мақта мен күріш болды. Қазақстанда тұратын қарақалпақтар егіншілік пен мал шаруашылығына қатысты аталып отырған барлық шаруашылық түрлерін жетік меңгерген. Соның негізінде олар кеңестік кезеңде және қазіргі уақытқа дейін қой мен сиырлар өсіріп, өздерін етпен, сүтпен, терімен қамтамасыз етіп отырады. Қарақалпақ шаруашылықтағы басты ерекшеліктерінің бірі ол түйе өсіру болды. Арал маңын мекендеген олар алыс шөл далада түйе өсіруді өте терең меңгерген.

Қолөнер қарақалпақ халқының дәстүрлі кәсібі болды. Ел арасында ұсталар, ағаш ұстасы, ерші, зергерлер сияқты көптеген шеберлер болды. Әйелдер тоқымашылық, кілем тоқу, киіз басумен айналысты.

XIX-XX ғасырлардың басында қолөнершілер негізінен Шымбай, Қоңырат, Қожаелі қалаларында шоғырланды. Алайда қолөнершілердің көбі ауылды жерлерде көбірек болды [28, 23 б.].

Қарақалпақ ұсталарының өздерінің жеке шеберханалары болды. Бірақ жеке шеберханасы жоқ кейбір ұсталар ашық аспан астында, үйінің жанында жұмыс жасай берді, ал суық түсісімен жұмысын үйінде жалғастырды немесе тапсырыс қабылдауын тоқтатты.

Ұста шеберханасын *дуқан* деп атады. Барлық Орта Азия халықтарына тән түсініктегідей дүкен киелі орын болып саналды.

Ұсталық кәсібі әкеден балаға немесе кіші інісіне мұрагерлікпен қалып отырды, кейде туыс адамдардың балаларын шәкірт қылып алды. Олар бірнеше жыл ұстаның үйінде тегін жұмыс істеді. Ұстаның құралдарының бастысы төс пен көрік және тағы басқа саймандар болды.

Төстен басқа негізгі саймандардың барлығын ұста өз жасады, ал төсті Хиуа, Бұқара, Түркістан немесе Орынбор сияқты Ресейдің қалаларынан жеткізілді.

Төс те басқа құрал-саймандар сияқты киелі болып саналды, оның үстіне отыруға болмайтын. Отты үрлеуге арналған көрік 7-8 ешкі немесе қой терісінен жасалды және қазақ көріктерімен өте ұқсас болды.

Әр түрлі көлемдегі сабы ағаштан жасалған бірнеше темір балғалар да ұстаның құралдарының бірі болды. Қарақалпақтар олардың көлеміне қарай «үлкен балға» немесе «кіші балға» деп атады. Бұдан басқа ұстаның құралдары кескіш, қашау, қысқыш, тескіш, көсеу, бұрғы, дәнекер, егеу және т.б. болды. Аталған саймандардың көмегімен олар кетпен, орақ, күрек сияқты ауыл шаруашылық құралдар мен күнделікті тұрмыста қолданылатын заттарды жасады.

Қарақалпақ ұсталары қолданған техникалық әдістер, құралдың атаулары, формаларының Орта Азияның басқа халықтарымен айырмашылығы аз болды.

Қарастырылып отырған кезеңде әр түрлі көлемдегі және үлгідегі, оның ішінде арба дөңгелектеріне арналған шегелерге деген сұраныс жоғары болды. Мұндай шегелерді қарақалпақтар *гулмыйык шеге* деп атады. Шегенің барлық түрін шеге қалып арқылы соқты.

Ұсталар сонымен қатар, балық аулау құралдары шанышқы, ілме және қой қыркуға арналған қырықтық, аңшының қақпанын жасады.

Жергілікті ұсталар халықты үй тұрмысында қолданылатын қысқаш, қайшы, құлып, қырғыш, кепсер, темірошақ, пышақ, біз, ұстара сияқты металл заттармен де қамтамасыз етті. Әсіресе, халық арасында ұстара мен пышаққа деген сұраныс жоғары болды. Ұстараны болаттан, ал пышақты темірден кейде болаттан жасады.

Қарақалпақтар зергерлік өнермен Орта Азия және Қазақстан халықтары сияқты өте ертеден айналысты. Қарақалпақ халқының зергерлік өнері туралы аз зерттелген. Дей тұрғанмен, олардың зергерлік бұйымдарының Орта Азия халықтарының бұйымдарынан өзінше ерекшелігі болды.

XIX-XX ғасырлардың басында қарақалпақтар арасында зергерлік өнер өте жоғары деңгейде дамыған болатын. Олар негізінен әйелдің әшекей бұйымдары мен ер-тұрман, белбеу және т.б. заттарды жасаумен

айналысты. Күмістен және алтыннан жасалған бұйымдар жоғары сұраныста болды. Әр бір үлкен ауылдың өзінің зергері болды. Ол көршілес ұсақ ауылдардың да талаптарын қанағаттандырып отырды [27, 23 б.].

Зергерлер тапсырысты өзінің үйінде дайындады, кейде тапсырыс берушінің үйінде жұмыс істеуге де шақыратын. Сирек жағдайларда зергер өзінің құрал-саймандарын ала жүріп, ауыл-ауылдарды аралап, тапсырыс қабылдайтын, жұмыс біткен соң зергерге ақшалай, бидаймен немесе малмен ақысын қайтаратын. Кейбір зергерлер күміспен қайтаруды талап етті.

Әшекей бұйымдарға деген сұраныс үлкен болды, сондықтан тапсырыс беруші өзінің тапсырысын бірнеше ай күтуге тура келетін жағдайлар да болды. Зергерлердің бұйымдарында айырмашылық аз болды. Шебер өз ісіне өзінің баласын, жақын туысының баласын үйретуге тырысты.

Алайда зергерлердің көбі осы кәсіптен түскен пайдаға күн көре алмады, сондықтан егіншілік, малшылық, балықшылықпен қоса айналысты.

Қарақалпақ зергерлері әр түрлі әйел әшекейлері: сырға, білезік, жүзік, қапсырма, әйкел, өңірмоншақ, түйме, тұмар, кілтбау және т.б. жасады. Көптеген зергерлер мыс құман, леген, насыбай шақша, сандықтың құлпы және т.б. заттарды жасады. Олар негізінен бай адамдардың тапсырысы бойынша жасалды. Асыл тастармен, алтын, күміспен безендірілген белбеулер, ер-тұрмандарды жасату тек ауқатты адамдардың ғана қалтасы көтеретін.

Кейбір зергерлердің арнайы шеберханасы болмады, ондай жағдайда олар бұйымдарды өзінің үйінде жасай беретін. Арнайы шеберханалар саз балшықтан жасалған ескі үйлер немесе киіз үйлер болды.

Монографияның құралдарын ұсталар жасап беретін, кейде өздері де жасай беретін. Зергердің құралдары ұрпақтан ұрпаққа қалып отырды. Зергердің құралдары төс, балға, көрік, қалып, егеу, қашау, қысқыш, іскенже, сымтараш, тескіш көсеу, дәнекер болды.

Әрбір зергердің міндетті түрде асыл металдар мен тастарды өлшеуге арналған таразысы болуы тиіс болды.

Зергерлік бұйымдарды жасайтын негізгі материал күміс болды, алтын сирек қолданылды. Кейде күміс пен алтынның ерітінділерін қосып, ашық сары түсті металды дайындады, оны «тилла» деп атады. Одан сырға, жүзік, білезік жасады.

Қарақалпақ зергерлерінің техникалық әдістері сан алуан болды. Олар қақтау, құю, оймалау, сіркелеу, қалыптау, шекіме, қақтау, алтын, күміс жалату, сым кәптәу және т.б. әдістерді қолданды.

Қарақалпақ зергерлері өздерінің бұйымдарын ақық, перуза, меруерт, маржан, гаухар сияқты асыл тастармен қатар түрлі түсті шынымен де безендірді. Тасты бұйымның ортасындағы ұяға немесе жан-жағына қондырды.

Қарақалпақ халқының зергерлік бұйымдары Орта Азия халықтарының бұйымдарынан көркемдік өзінділігімен және орындалу техникасымен ерекшеленеді. Олар көбінесе күмістен жасалып, ірі, өрнектелген, көптеген күміс салпыншақтармен безендірілген болып келеді. Кейбір бұйымдар түрікмен және қазақ халқының зергерлік бұйымдарымен ұқсас болып келеді.

Қалайы өңдеу қарақалпақтарда аз таралған еді. Қалайы өңдеумен айналысатын шеберді мыскер деп атады. Бұл металл Ресейден Орынбор және Ташкент темір жолдары арқылы жеткізіліп отырды. Одан негізінен мысқұмған, шәйнек, насыбай шақша, леген, шелек сияқты тұрмыстық заттарды жасады.

Қарақалпақ халқында ағаш өңдеу шеберлері алуан түрлі ауыл шаруашылық құралдарын жасаумен айналысты, олардың ең бастылары – ала, шығыр, арба, қайық және т.б. болды. Сонымен қатар, олар үй өндірісінде қолданылатын өрмек, мақта тазалайтын шығыршық, ыдыс сияқты ағаш заттарды жасаумен айналысты, ал кейбір ұсталар өте нәзік шеберлікті қажет ететін музыкалық аспаптарды (дудар, қобыз) жасады. Ұсталардың барлығы дерлік ағаш оюдың шебері болды және сандық, киіз үй есігі, сабаяқ, келінің бетін көркем оюмен өрнектеді.

Шеберлер жұмыстарын ұстаханада жүргізді, олар тек тапсырысқа ғана жұмыс істеді. Тапсырыс беруші ағаш материалдарды өзі әкелді.

Арба жасауда жергілікті үйеңкі, өрік, жиде талдарын қолданды. Арбаның бөлшектерін бөлек-бөлек жасап, одан кейін бір-біріне қосты. Бір арбаны жасауға 30-35 күн кетті.

Ер-тұрманды жасауға ақ тал мен теректі қолданды. Ер тоқымның бөліктерін бөлек жасап, одан соң желімдеп жапсырды.

Киіз үйдің ағаш бөліктерін жасайтын шеберді үйші деп атады. Халық түсінігінде олардың өзінің қорғаушы пірі болды, оны Ибрахим Халил деп атады, ол ең алғашқы киіз үйді жасаушы болып табылады. Үйді жасауды бастар алдында шебер оған сиынатын. Үйшілер көбінесе бес, алты, жеті қанатты киіз үйлерді жасады.

Сонымен қатар қарақалпақтардың мәдени шаруашылығының басты түрлерінің бірі киім тігу болды. Қарақалпақтардың ұлттық киімдері қазақ және өзбек халықтарыныкіне өте ұқсас. Бұған осы халықтардың географиялық және мәдени жақындығы ықпал еткені айтпаса да түсінікті. Алдымен ұлттық киімдерден бастасақ, қарақалпақтарда Ұлттық киім үлгілері тек үлкен буын өкілдерінде көрінді. Көне қарақалпақ киімдері өте сәнді, әсіресе әйелдердің бас киімдері мен жамылғылары алуан түрлі болды. Көне қарақалпақ киімдерінің жұрнағын тек қазіргі әйел көйлектерінен ғана байқауға болады [30, с. 12].

Қарақалпақ халқы орта азиялық түркі халықтарының бірі болғандықтан, ол да өзге түркі тілдес халықтармен бірге Ислам дінін сонау орта ғасырларда қабылдаған. Орта Азияда исламның дамуы олардың да діни өмірін өзгерткен және дамытқан. Қазіргі таңда қарақалпақтардың барлығы Исламның Ханафи мазхабын ұстанатын суннит мұсылмандары болып табылады. Олардың ислам дінін қабылдай бастауы нақты белгілі болмаса да, зерттеушілердің болжауынша, қарақалпақтар да басқа түркі халықтары секілді X-XIII ғасырларда мұсылмандықты қабылдады. Халықаралық жобаның сауалнамасына қатысқандардың 86,5%-ы ислам дінін ұстанып, діни әдет-ғұрыптарды орындайтындарын және тек мұсылмандармен некелесетінін білдірді.

Өзге ортаазиялық халықтардағы сияқты қарақалпақтарда да отбасындағы әйел адамның орны көбінесе оның өндіріске қатысуына байланысты болды.

Осы тұрғыдан алғанда регион халықтарын екі үлкен топқа бөлуге болатын сияқты. Бірінші топқа мал шаруашылығымен айналысқан, көшпелі немесе жартылай көшпелі тұрмыста өмір сүрген қарақалпақтардың басым көпшілігін жатқызамыз. Әдетте мал шаруашылығында – малды сауу, төлін күту, мал өнімдерін шығару, өңдеу жұмысында әйел затының алатын орны маңызды. Қоғамдық өндірістегі орнына қарай бұл халықтардың әйелдерінің отбасындағы орны да аса төмендетілген жоқ. Олар отырықшы-қалалық халықтардағы сияқты қапаста өмір сүрмеді, бетін пердемен жаппады. Патриархалдық, исламдық заңдар бойынша осылай істеу керек болса да көшпелі тұрмыста оған жағдай болмады. Сондықтан көшпелі, жартылай көшпелі, негізінен мал шаруашылығымен айналысқан халықтарда әйелдің қоғамдағы, отбасындағы орны отырықшыларға, қалалықтарға қарағанда объективті түрде жоғары болды [16, 21 б.].

## 1.2 Қарақалпақтардың саны, динамикасы және географиялық орналасуы

2019 жылғы Қазақстанға көшіп келуші ұлттар ішінде қазақ пен орыстан кейін үшінші қарақалпақ ұлтының өкілдері. Жыл сайын қарақалпақтардың көшіп келу көрсеткіші артып келеді. Нұр-сұлтан қаласындағы «Жейхун» қарақалпақ мәдени орталығының жетекшісі Тазабике Салиеваның мәліметінше 2018 жылы Қазақстанда 58 мың қарақалпақ ұлтының өкілдері тұрып жатқан. 2009 жылғы жалпы ұлттық санақ нәтижелеріне назар аударсақ Алматы қаласы мен Алматы облысы аумағында қарақалпақ ұлтының саны төмендегідей:

Кесте 1. Алматы қаласы мен Алматы облысы аумағында қарақалпақ ұлтының саны [45, с. 4, 11, 18; 46, с. 4, 6, 8].

	Екі жыныс бойынша		Ер		Әйел	
	Абс.	%	Абс.	%	Абс.	%
Қазақстан	2 190	100,0	1 151	100	1 039	100
Қала	1000	45,7	532	46,2	468	45,04

Ауыл	1 190	54,3	619	53,8	571	55
Алматы облысы	648	29,6	322	28	326	31,4
Қала	69	6,9	38	7,1	31	6,6
Ауыл	579	48,7	284	45,9	295	51,7

Қазақстандағы қарақалпақ диаспорасының өкілдері Маңғыстау, ОҚО және Жамбыл облыстарында шоғырланған. Халық санағының қорытындысы бойынша Қазақстандағы қарақалпақ диаспорасы халқының динамикасы төмендегідей:

- 1970 жылы – 463 адам;
- 1979 жылы – 620 адам;
- 1989 жылы – 1358 адам;
- 1999 жылы – 1497 адам;
- 2009 жылы – 5593 адам.

Қазақстан Республикасының Статистика жөніндегі агенттігінің деректеріне сәйкес қарақалпақ диаспорасының халық саны артуда. Қарақалпақтардың 1970 жылғы халық санағын 2009 жылғы халық санағы мәліметтерімен салыстырғанда 2365 адамға көбейгенін көреміз. Жүргізілген әлеуметтік зерттеу барысында қарақалпақтардың 1989-2006 жылдар аралығында Қазақстанға көптеп көшіп келгені анықталды. Респонденттердің көшіп келу себептері «оқу», «жұмыс істеу», «денсаулықпен байланысты» және «ескі отанға оралу» секілді жауаптармен сипатталады [35].

Халықаралық жобаның ашық сауалнамасындағы «Қазақстанға қашан келдіңіз?» сұрағына қатысқан 42 қарақалпақтың респонденттердің 2,38%-ы 1989 жылы, 2,38%-ы 1990 жылы, 2,38%-ы 1992 жылы, 7,1%-ы 2000 жылы, 9,5%-ы 2002 жылы, 2,38%-ы 2004 жылы, 2,38%-ы 2006 жылы деп және 4,7%-ы «есімде жоқ» деп жауап берсе, ал 66,6%-ның жауап мәліметі көрсетілмеген.

Қазіргі таңда үш мыңға жуық қарақалпақ Қазақстанның негізінен батыс пен оңтүстік және басқа да аймақтарында өмір сүруде. Халықаралық жобаның сауалнамасына қатысқан 42 қарақалпақтың Қазақстандағы тұрғылықты жері мен аты-жөндері:

12 адам (32,4%) – Ақтөбе облысында:

Нурат Серекеев  
Гульчира Раимова  
Несибели Генжебаева  
Зарипова Зульфия  
Азамат Палыбеков  
Рашид Махамбетов  
Бахтияр Сарыбопеев  
Баймурат Опаев  
Раджив Ниетуллаев  
Бисен Акгуль  
Иса Азат  
Раиса Прниязова  
11 адам (29,7%) – Жамбыл облысында:  
Максет Ибраймов  
Гули Калиева  
Дауренбек Абдиев  
Каншайым Зайрова  
Айдос Жолдасов  
Полат Сарсенбаев  
Сарбиназ Палуаниязовна  
Света Абдуллаева  
Ирина Кубайдуллаева  
Ахмед Пиржанов  
Сарбиназ Утепбергенова  
3 адам (8,1%) – Атырау облысында;  
Разия Турабаева  
Бахтияр Есемуратов  
2 адам (5,4%) – Қарағанды облысында;  
Гульсара Шарбаева  
Мая Рамазанова  
2 адам (5,4%) – Қызылорда облысында;  
Римма Акимбаева  
Дариха Рахманова  
1 адам (2,7%) – Алматы облысында;  
Жанара Мамбетова

1 адам (2,7%) – Маңғыстау облысында;  
Гулзира Нызанова  
1 адам (2,7%) – Астана қаласында;  
Арзыбек Калимбетов  
1 адам (2,1%) – Ақмола облысында тұратынын белгілесе;  
Жупар Сейтимова  
3 адамның (8,1%) – мәліметі жоқ.

Қазақстанда тұратын қарақалпақтардың туған жері туралы мәліметтерді төмендегідей ұсынамыз:

–17 адам (45,9%) – Қарақалпақстанда;  
–10 адам (27%) – Өзбекстанда;  
–2 адам (5,4%) – Қазақстанда;  
–1 адам (2,7%) – Қырғызстанда туғандығын көрсетсе,  
–7 адамның (18,9%) – мәліметі жоқ.

Демек, қарақалпақтар, жоғарыда жазғанымыздай, қазақ жеріне тәуелсіздік жылдарында келіп, осында тұрақталып қалып қойған диаспора өкілдері болып табылады.

Қарақалпақстан – Өзбекстан Республикасының аумағындағы мемлекет. Ауданы – 164,9 мың км<sup>2</sup>. Халық саны – 1.420 мың адам (1996 ж.). Егер әкімшілік-территориялық жүйеге келсек, мемлекет құрамында - 18 аудан, олар: Әмудария, Беруни, Бозатау, Қаңлықөл, Қараөзек, Кегейлі, Қоңырат, Мойнақ, Нүкіс, Тақтакөпір, Төрткөл, Қажәлі, Шімбай, Шуманай, Елікқалың т.б.; 12 қала – Беруни, Бустан, Қоңырат, Маңғыт, Мойнақ, Нүкіс, Тахиаташ, Төрткөл, Қалқабад, Қожәлі, Шімбай, Шуманай; 16 қалашық, 112 ауыл бар. Астанасы – Нүкіс қаласында (Ташкенттен 1255 км қашықтықта) қаласында 236 700 адам тұрады.

Қарақалпақстанның географиялық территориясы солтүстік-батысында Қызылқұм шөліне, оңтүстік-шығысында Үстірт жоны мен Әмудария сағасына дейін созылып жатыр. Республика аумағына Арал теңізінің оңтүстік бөлігі, ең биігі Сұлтан-Уәйіс саналатын жекелеген тау сілемдері енеді. Ауа райы – күрт құбылмалы. Жазы құрғақ ыстық болса, қысы қарсыз салқын келеді. Жауын-шашын көбінесе күз және қыс айларында жауады. Амудария (төменгі ағысы) – жалғыз өзен болып табылады. Оның кең сағасы ну-тоғайға бай. Сұлтан-Уәйіс тауының етегінде Бадай-Тоғай деген қорық бар.



Қарақалпақ ұлтының азшылығына байланысты құрылған ұлттық-аумақтық межелеу комиссиясының құрамына Хорезм жағынан К. Сағадуллаев, Сұлтан-Қары Жұманиязовтар, ал Амудария облысы тарапынан А. Досназаров, О. Ирманов және Ф. Калугин сынды коммунистер кіреді. Комиссия жұмысы бір апта мерзімінде қорытындыланып, Ф.Я. Калугиннің жетекшілігімен осы мерзімде Ташкентте қайтадан бас қосуы тиістіленді. Ертеңінде, яғни 17 тамыз күні Орталық Азия республикаларын межелеу бойынша ұлттық-аумақтық межелеу комиссиясының отырысы өтеді. Отырысқа ұсыныс жасаған А. Досназаров Қарақалпақ облысының аумақтарына қатысты мәселені ашық қалдыруды сұрайды. Өйткені, Хорезм республикасының Хорезм облысына қатысты бөліктері мен Түркімендермен шекаралас бөліктерінде шекара дауы бар болатын. Ал, қазақтармен шекара мәселесі туындамаған. А. Досназаровтың қарақалпақтарға болашақ Қарақалпақ Автономиялық облысының шекара жоспарын нақты даярлау мүмкіндігін беру ұлттық-межелеу комиссиясы тарапынан мақұлданып, құпталады. Оларға Хорезм мен Түркіменстан облыстарының аралығындағы шекараларға сәйкес сонымен қатар, Қарақалпақ Автономиялық облысының өзбек тұрғындарымен іргелесу шекараларын жобалау тапсырылады. 1924 жылдың 19 тамызында Ф.Я. Калугиннің төрағалық етуімен Қарақалпақ мәселесіне қатысты бірінші ұйымдық отырыс өткізіледі. Отырысқа Қарақалпақиядан А. Досназаров, Хорезмнен Сұлтан-Қари Жұманиязов қатысады. А. Досназаров Қарақалпақ облысына еріктілік беру жөніндегі баяндамасын жасайды. А. Досназаровтың баяндамасының негізінде отырыс мынадай қаулы қабылдайды: «Әмудария облысындағы Қарақалпақ тұрғындарының мекен етуін назарға ала, бұрын Хорезм халық Республикасының құрамына кірген Ходжелі облысы мен Қоңырат қаласын қоса отырып, Қарақалпақ облысын құрудың қажеттілігі мақұлданып». Комиссия А. Досназаровқа болашақ Қарақалпақ Автономиялық облысының шекарасы мен ұлттық-аумақтық межелеу картасының жобасын әзірлеуге тапсырма береді. Ұлттық-аумақтық межелеу комиссиясы межелеуге байланысты мынадай шешімін шығарады:

1. «Қарақалпақ тұрғындарының Хорезм КСР-і мен Әмудария облысынан бөлініп шығуын қажет деп санай отырып, Қарақалпақ

Автономиялық облысын құру міндетті шара екендігі және қарақалпақ ішкі комиссиясына осы облыстың шекарасын белгілеуге, тұрғындар санын анықтауға тапсырма беру керектігі анықталады. Сондықтан әзірленген мәліметтер Қарақалпақ Автономиялық облысын құру керек деген шешіммен бірге Ортаазбюро Орталық Атқару Комитеті мен РК(б)П Орталық Комитетіне жөнелтілсін».

2. «Әмудария облысы бойынша Қырғыз және Өзбек КСР-лерінің шекараларын белгілеу мәселесі Қарақалпақ Автономиялық облысы жөніндегі мәселе нақты шешілгенге дейін ашық қалдырыла тұрсын».

3. «Шекараларды белгілеу жөніндегі мәселені қарастыруды бір жағынан Түркімен КСР-і мен Хорезм арасындағы белгіленген шекаралар мөлшерімен және екінші жағынан қарақалпақ жұртшылығының Автономиялық облысқа ұйымдасуын ескере отырып, арнаулы ұлттық комиссияларға тапсыру көзделсін».

Орта Азиялық және Орталық Комитет коммунистік партия басшылықтары назарына әзірленген қаулы жобаларында Қарақалпақ Автономиялық облысын құру туралы үгіт-насихат жұмыстарының қорытындылары бойынша шешімдер екі жақты сипатта болады. Олардың бірі облыстың Өзбек КСР-і құрамында қалуын сипаттаса, екінші жағы Автономияның Қазақ АКСР-іне енуін жақтаған еді. 1924 жылы 12 маусымдағы РК(б)П ОК саяси бюросы «Орта Азия республикасының ұлттық межеленуі туралы» жарлығының мәтініндегі Қазақ АКСР-і құрамында Қарақалпақ Автономиялық облысын құруды қарастыру мәселесі негізінде және 26 маусымдағы Хорезм Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің Хорезмдегі қарақалпақтарға қатысты мәселені – Автономиялық облыс ретінде шешуде және кімге қосылатыны жөніндегі мәселені реттеуді олардың өздеріне қалдырып, Автономиялық облыс құрудағы маңызды оқиғалар тізбесі басталады.

1924 жылдың 27 қыркүйегінде РК(б)П Қазақ (Қырғыз) Облыстық Төралқа отырысына Бұқара қазақтарының делегациясы құрамында Наврузбаев, Бұқара Орталық Атқару Комитеті Төралқасының мүшесі Худайбергенов, Бұқара ОАК-нің мүшесі, Бұқара ОАК-нің Қаршы облысы бойынша Қырғыз Атқару бөлімінен Құлтаев және қарақалпақ делегациясы қатысады. Осының нәтижесінде Қазақ РК(б)П Комитетіне қарақалпақ делегациясы өздерін автономиялық республика құрамына

қабылдау туралы ұсыныс білдіреді. Бұл ұсынысқа қатысты пікірлер О. Исаев, С. Меңдешов, Ә. Жангелдин және өзге де басшылар тарапынан қолдау табады. Олар бұл ұсыныстың толыққанды жүзеге асырылуы үшін қарақалпақтардың болашақ Түркімен, Өзбек республикалары жерлерінен өздеріне тиесілі жер үлестерін алуын талап етуге кеңес береді. Бұл ұсыныстар жан-жақты қаралып, Орталық Комитетке жөнелтілген болатын. 1924 жылы 27 қыркүйекте Қырғыз (қазақ) облыстық РК(б)П комитеті төралқасы отырысында мынадай шешім қабылданады: а) өтініш қызу қолдаумен мақұлданып; ә) Хорезмнің қазақ-қарақалпақ облыстары және Түркістанның Әмудария облыстары жаңа облыс құрамына толығымен енуі талап етілсін. Орта Азиялық РК(б)П ОК бюросына болашақ облыс құрамына Шурахан өңірін қосуды түбегейлі талап ету жөнінде шешім қабылданып; б) Автономиялық облысқа қызмет көрсету үшін Әмудария облысын басқару аппараты сақталсын; в) Түркімен КСР-і мен Хорезм КСР-і мүліктері және байлығын тәркілеуде Қарақалпақ Автономиялық облысының қатысуы да талап етілсін және теңдей үлес алу көзделсін; г) делегация ұсынысы толығымен РК(б)П ОК назарына табыс етілсін. Кеңестердің Қазақ Орталық Атқару Комитетінің Кіші Төралқалығы 1924 жылғы 17 қазанда Қазақ АКСР-і құрамындағы Қарақалпақ Автономиялық облысының құрылуы туралы шешім қабылдайды [31, 252 б.].

Қазақ АКСР-і құрамындағы Қарақалпақ Автономиялық облысының құрылуы туралы бұл шешімнің тарихи маңызы қарақалпақтардың уақыт сұранысындағы әлеуметтік-экономикалық, рухани мүдделерін ғана қанағаттандырып қойған жоқ. Сонымен бірге, бір орталыққа бірігуіне негіз жасаған алғашқы тарихи шешім ретінде де бағаланады. РК(б)П Қырғыз (Қазақ) Облыстық Комитетінің 1924 жылғы 25 қазандағы бюро отырысының №5 хаттамасындағы күн тәртібінде Қарақалпақ Автономиялық облысы үшін ереже жасау бойынша комиссия құру туралы мәселе көтеріледі. Онда, Қарақалпақ Автономиялық облысының ұйымдық бюросы құрамына 13 адам, Төралқа бюросына 7 адам белгіленеді. Пленумға: А. Досназаров (жауапты хатшы), К. Адинаев (ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі), Ж. Арзиев (Агро өндіріс бөлімінің меңгерушісі), Ә. Құдабаев (Облыстық Революциялық Комитеттің

төрағасы), С. Лунин (Мемлекеттік саяси (ГПУ) басқармасынан), И. Бекімбетов (Облыстық Революциялық Комитет төрағасының орынбасары), К. Сағидуллаев (Халықтық Қаржы Комитетінен), Б. Айтешев (Қосшы Одағынан), С. Зечиев (Обкомехтан), О. Клишев (түркімен өкілі), Т. Қасымбетов (қарақалпақ өкілі), А. Құрбаниязов (өзбек өкілі), М. Теперешнийлер (Облыстық Кәсіподақ Кеңесінің төрағасы) тағайындалады. Төралқаға: А. Досназаров (жауапты хатшы), К. Адинаев (ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі), Ж. Арзиев (Агроөндіріс бөлімінің меңгерушісі), Ә. Құдабаев (Облыстық Революциялық Комитеттің төрағасы), С. Лунин (Мемлекеттік саяси (ГПУ) басқармасынан), И. Бекімбетов (Облыстық Революциялық Комитет төрағасының орынбасары) және жетінші мүшесі М. Теперешний (Облыстық Кәсіподақ Кеңесінің төрағасы) тағайындалады.

1924 жылдың 23 қарашасында Хорезм КСР-і V Бүкіл Хорезмдік Құрылтай Кеңесі шешімін орындау мақсатында Ходжелі облысының Қыпшақ және Қытай округтерін жаңадан құрылған Қарақалпақ Автономиялық облысына беруге шешім қабылдайды. Ал, 27 қарашада Автономиялық облыстың Революциялық Комитеті барлық жергілікті кеңестерге Орта Азиядағы ұлттық-аумақтық мемлекеттік межелеу шараларының нәтижесімен өзінің құрамына Шымбай, Шурахан, Ходжелі, Қоңырат уездерінің кіргендігін жеткізеді. Осыдан кейінгі Қарақалпақ Автономиялық облысының аумағына Әмударияның екі жағы да, оған қоса оның оң жағалауындағы болыстықтар: Дәуқара, Шымбай, Талдық, Көкөзек, Қоңырат, Жаңа базар, Кегейлі мен Шымбай уезіндегі Мойнақ аралы және Би-базар, Сара би, Төрткүл, Шаббаз, Шурахан, Мың және Шурахан уезіндегі Тамды, сондай-ақ сол жағалаудағы Ходжелі, Қоңырат және ірі елді мекендер Қытай және Қыпшақ енеді. Межелену таласыз өткен жоқ. Бұл талас өзбектердің Қарақалпақия тұрғындарының негізгі бөлігін өзбектер құрайтын Шурахан уезін өздеріне қосуға байланысты туындаған еді. Алайда, жаңадан құрылған Орта Азиядағы Республикалар арасында талас тудырған Шурахан уезі КСРО Орталық Атқару Комитетінің 1925 жылғы 5 қыркүйегіндегі шешімімен Қарақалпақ Автономиялық облысына тіркеледі. «Шурахан уезі мәселесі» Автономияны құрушы өкілдерге мүдделі тапсырма ретінде шешілді. 1925 жылдың 12-19 ақпанында Төрткүлде Автономиялық облыс дехкандары,

батрактары мен қызыл әскер депутаттары Кеңестерінің I Құрылтай съезі өтеді. Қарақалпақ Автономиялық облысының Қазақ АКСР-і құрамына ерікті түрде қосылғанын заңды түрде ресімдеген съезд «Қарақалпақ Автономиялық облысының құрылғаны жөніндегі Декларацияны» жариялайды [31, 253 б.].

1925 жылы Қарақалпақ Автономиялық облысының тұрғындар саны 298 мың адамды құрайды, олардың 128 мыңы сол жағалаулық бөлікте, ал 170 мыңы оң жағалаулық бөлікте тұрады [32, 84-89 бб.].

1925 жылы 15-19 сәуірдегі Қызылорда қаласында өткен Кеңестердің V Бүкілқазақ съезі Қарақалпақ Автономиялық облысын Қазақ АКСР-і құрамына енгізу туралы толық шешім қабылдайды. Сөйтіп, қарақалпақ халқының тарихындағы маңызды кезеңдердің бірі тұтас аумаққа негізделген ұлттық мемлекеттілік құрылым жасалынады. ҚАО-ның жер көлемі 180 мың шаршы шақырым болды. 1926 жылғы санақ бойынша облыс тұрғындарын 38,1% қарақалпақтар, 28,5% қазақтар, 27,6% өзбектер, 3,2% түркімендер, 2,7% өзге ұлттар құрайды [31, 253-254 бб.].

Осылайша, 1924-1925 жылдары Кеңес үкіметі іске асырған аумақтық әкімшілік жіктелуден соң Ресей империясы құрамындағы бұрынғы Түркістанның орынына құрамында Қарақалпақстан Автономиясы бар Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Түркіменстан және Тәжікстан аталатын бес республиканың өмірге келуінен соң, олар бұрынғы «Түркістан» атымен емес, «Орта Азия және Қазақстан» республикалары атанып, Кеңес Одағының құрамдас бөлігін құрды. Халқының құрамы жағынан әуелде Орта Азиялық республикалардың бірде-біреуі өзін таза «ұлттық республика» деп атай алмады. Олардың бәрі өзбек, тәжік және қарақалпақ халықтарының кеңестік ұлт мемлекеттілігінің құрылуы үшін жағдайлар әзірлеген өтпелі түрдегі республикалар болды.

Қазан төңкерісінен кейін соң осы өңірде іске асырыла бастаған негізгі шараларының бірі – жер-су реформасы. Қазақстанның оңтүстік аймақтары қатарында Қарақалпақ Автономиялық облысы өзінің климаттық жағдайына қарай – мақта шаруашылығына бейім өлке болып есептеледі. Автономиялық облыстың саяси-экономикалық жағдайына қатысты мәселелер оның ұлттық межелеуден кейінгі тағдырын реттеуге

арналған Өлкелік Комитет шешімдерімен арнаулы комиссияның жұмыстарына арқауланғаны, оның тіпті жергілікті кадр саясатын шешуге орайластырған қарарлармен қатарлана қаралуы да кеңестендіру шарттарын түгелден жатты. «Автономиялық облыс ұжымдастыру жылдарында» атты жұмыстың екінші тарауында аумақтағы ұжымдастыру шараларының саяси науқаншылығы және жүргізілу үрдістері, кеңестік ұжымдастыруға қарсы наразылық Тақтәкәпір бас көтеруінің сипаты, Қарақалпақ Автономиялық облысындағы босқын қазақтар мәселесінің туындауы және Қарақалпақстандағы қазақтардың тарихи тағдырына қатысты кейбір мәселелері баяндалады. Ұжымдастыру және отырықшыландыру деген желеумен кеңестік империяның қол астына кірген одақтас республикалардағы ұлттардың дәстүрлі шаруашылығын күйрету, езуші таптар мен буржуазиялық ұлтшылдармен күрес науқаны арқылы халықтың, тәуелсіздіктен үміт еткен халықтардың рухын сындыру, сөйтіп жұрттың жартысына жуығын қолдан жасаған аштық арқылы қырып, біразын босқынға айналдырып, атамекенінде тірі қалған бөлігінің ішкі сенімі мен жігерін құм етіп оның орынына тобырлық психология орнықтыру жүзеге асты.

Ф. Голощекиннің «кіші қазаны» тұсында «кеңестендірілмеген» аумақтарға жатқызылған қарақалпақ өлкесі ұжымдастыру көрсеткішінің «ақтаңдағына» айналады. Бай-ишандар меншігінде болып келген шаруа иеліктерін кеңестендіру ісі, партия қызметкерлеріне үлкен қарама-қайшылықтар алып келгені белгілі. Автономиялық облыста «социалистік салт-сананы» сіңіру ісін бақылау үшін Қазақ Өлкелік Комитетінің бірінші хатшысы Ф.И. Голощекин бірнеше рет тексеру жұмыстарын тікелей өзі бастап барады. БК(б)П Қазақ Өлкелік Комитетінің 1927 жылғы 22 қыркүйегіндегі бюро отырысының №87 хаттамасымен Қарақалпақ обкомының басшысы болып жауапты қызмет атқару үшін П.И. Варламовты жіберу жөнінде қаулы қабылданады. Мақта шаруашылығы көрсеткіштері, бұрынғы бай меншігі – жер дауы, оларды тәркілеу, жергілікті жерді кеңестендіру жұмыстарын «Қосшы» ұйымы арқылы ұйымдастыру жекелей қарастырылады. Партия кеңес мекемелерін «жат элементтерден тазарту», бұрынғы байлардың жерлерін тәркілеу арқылы оларға кейінірек ілгерлі шаруашылықтарды

қоныстандыру жұмыстары жүргізіледі. 1927 жылдан бастап 1932 жылға дейін жүзеге асқан облыстағы басқару аппараттарын «тазарту», 1927-1928 және 1929-1932 жылдарға шақталған екі кезеңде орындалады. Алғашқы кезеңде бір ғана «Қосшы» одағының өзінен 1000 адам, партиядан 200-ге жуық, кеңестік және шаруашылық органдардан 100-ге жуық адам шығарылады. Екінші кезеңде партиядан 300-ге жуық адам «тазартылады». Олардың ішінде қарақалпақ ұлттық кеңестік интелегенция өкілдері Ө. Бекімбетов, А. Адакаев, Ф. Маткаримов, С. Ельтезеров, Дж. Мирманов және т.б. болды. Б. Тоқмамбетовтың, Д. Құрбанаевтың, Е. Ешімбетовтың алғашқы «істері» пайда болады. «Нан тапшылығы» Автономиялық облысты да жанайды. Бидай дақылдарын егуді қысқарту есебінен мақта егістігін ұлғайту дағдарыстың облыстағы спецификасын сипаттады. Қазақ Өлкелік Комитетінің отырысындағы өте құпия мәселе ретінде қарастырылған кезекті қарар, 1930 жылдың 19 наурызындағы мәжіліске арқау болған Қарақалпақ Автономиялық облысының оның құрамынан бөлінуі болатын.

Бұл мәселе Тақтакөпірдегі бас көтеру дүрбелеңінен кейінгі бірқатар шешімдер мен Хиуа оазисіндегі Кеңес үкіметіне қарсы басмашылар қозғалысының етек алуынан біршама алшақ болуы, сондай-ақ, қазақ жеріндегі Голощекиннің «кіші қазанының» жүзеге асырылуы қарышты қадамының қарқынына Қарақалпақияның жағрапиялық шалғай болуының «себептері кедергі келтіргені» секілді талаптардан туындайды. БК(б)П Орталық Комитеті Орта Азия Бюросының 1930 жылғы 3 сәуірдегі №46 хаттамасының «өте құпия» деген белгімен берілген көшірмесінде БК(б)П Орталық Комитеті Орта Азия Бюросы Атқару Комиссиясының отырысы өтіп, онда БК(б)П Қазақ Өлкелік комитетінің 1930 жылғы 19 наурызындағы «Қарақалпақ Автономиялық облысын Ресей Федеративтік Автономиялық Республикасына беру туралы» БК(б)П Орталық Комитетіне берген «өте құпия» №99 хаттамасымен бекітілген мәлімдеме жазбасы талқыланып, нәтижесінде БК(б)П Қазақ Өлкелік Комитетінің 1930 жылғы 19 наурызындағы шешімімен келісіледі. Кеңестік тарихнамада ұжымдастыру жылдарының «кінәраті» саналаған «шаруаларды кооперациялаудың лениндік принципінің» жергілікті аудандардағы партиялық ұйымдар тарапынан бұзылуы туралы БК(б)П ОК «колхоздастыру қозғалысының партиялық бағытындағы

түзетулер жөніндегі» 1930 жылдың 14 наурызындағы жарлығын орындаудың да Қазақ Өлкелік Комитеті тарапынан жоспарланған шарасы Автономиялық облыстан «құтылу» амалдары болатын. 1930 жылдың сәуір айында болған Қазақ Өлкелік Комитеті бюросының отырысында облыстағы шаруашылықты ұжымдастыру жөніндегі шаралар есебін тыңдаған Ф. Голощекин мұнда бірқатар «өрескел қателіктерге» жол берілген деген айып тағады. «Өрескел қателік» төменгі партия ұйымдары тарапынан етек алып отырған уақытта және ұжымдастыру шараларының 25 пайыздық ғана мүмкіндігінің болуы оны жөндеуге қиыншылық тудырады деп бағалайды.

ҚАО-ның Қазақ АКСР-інен шығу мәселесі 1930 жылғы Бүкілодақтық Орталық Атқару Комитеті Төралқасының 1930 жылғы 20 шілдесінде «Қарақалпақ Автономиялық облысының бұрынғы аумағын сақтай отырып, Қазақ АКСР-і құрамынан шығару және оны РСФСР Орталық органының тікелей қарамағына беру жөнінде» қаулысымен орындалады.

Жергілікті ұжымдастыру науқанының солақай саясатына наразылықпен ұштасқан Тақтакөпір бас көтеруі, мәселенің мазмұнын тереңдете түсіп, облыс тағдырын Одақтық дәрежеде шешуді қажет етті. Шаруалар көтерілісінің әлеуметтік ауқымының кең болуына, оған өкімет өзі қолдап – қолпаштап отырған кедейлер мен жалшылардың қатысуына үлкен себеп болған нәрсенің бірі Кеңес мемлекеті мен БК(б)П-ның атеистік саясаты еді. 1929 жылдың 2 қаңтарынан 1930 жылдың 7 қаңтарына дейінгі аралықтағы жүргізілген ОГПУ-дің революцияға қарсы бас көтерулер жөніндегі мәліметінде Тақтакөпірдегі бас көтеру жөнінде жалпы деректер беріледі. 1929 жылдың қыркүйек айында олардың тарапынан ауылдың бірқатар адамдары мен біршама беделді байларды және ишандарды біріктіретін дүрбелең қалыптасады. Тақтакөпір бас көтеруіне шамамен 250-300 адам қатысады, олардың әлеуметтік құрамы белгісіз. Көзбен көргендердің айтуынша, Тақтакөпір мынадай жағдайда алынады: 1929 жылдың 27 қыркүйегінде мөлшермен күндізгі сағат бірлер шамасында аудандық қала Тақтакөпірдің оң жағынан «Алла» деп айқайлай енген 30 адам басмашының мылтықпен қаруланған тобы анталай енеді. Бұл күн базар күні, яғни жексенбі күн болатын. Базарға халықтар көп жиналады. «Аллалап» ентелегендер халықтың өздеріне

қосылуына, қаланы талқандап, орыстарды қууға шақырады. Көпшіліктің ішінен кейбіреулер шоқпарлармен қаруланып басмашыларға қосылады, ал көпшілік халық әр жаққа шашырап қаша бастайды, атты басмашылар олардан да, топ құрап тірідей баррикада ұйымдастырып, аудан орталығында орналасқан мемлекеттік мекемелер мен ұйымдарға қарай бет түзейді. Ондағы қызметкерлер жан-жаққа үдере қашады. Ереуілшілер БК(б)П аудандық комитетін, атқару комитетін, аудандық комсомол комитетін, «Қосшы» одағын, халықтық сот және тергеуші бөлімшелерін, сондай-ақ, өзге де мекемелер мен қазыналық сөрелерді басып алады. Іс қағаздарын бүлдіріп, «көсемдер» портреттерін, мысалы, К. Маркс, Ф. Дзержинский, В.И. Ленин, А.И. Рыковтың портреттерін жерге лақтырып, аяқпен таптайды.

Сондай-ақ солтүстік аудандардағы да контрреволюциялық ұйымдардың әлеуметтік құрамы белгісіз делінген құжаттарында да бас көтерушілер мәлімдемелерінде өздерінің жойғызып алған «таптық мүдделерін» қайтарып алу үшін күресетіндерін ашық айтады. Тұтқынға алынған Ибрагимов Убба «Иә, шынында да Шымбай ауданының аумағында контрреволюциялық ұйым болды және оның белсенді ұйымдастырушыларының бірі – мен. Ұйым өз алдына түпкілікті – Кеңес үкіметін құлату мақсатын қойды», - деп мәлімдейді. Әрі қарай, ол былай дейді: «бізді контрреволюциялық әрекетке итермелеген Кеңес үкіметіне қарсы негізгі себепті біздің өмір сүріп отырған идеологиямен келіспеушілікке байланысты. Бұған контрреволюциялық ұйымның жетекші құрамының бұрынғы әлеуметтік-саяси жағдайы дәлел болады». Әрі қарай тұтқындалған Қожахмет Ерназаровта былай дейді: «Иә автономиялық облыстың Шымбай және Кегейлі аудандарындағы контрреволюциялық ұйымдар Кеңес үкіметіне қарсы қарулы көтерілісті болдыруды соңғы мақсат етті. Ұйымға кірген белді аталық, ишандардың ұлдары мен атқамінерлері текті бай ұрпақтары болатын. Олардың қолынан өтіп кеткен бұрынғы меншік шаруашылықтар соңғы 2-3 жылдың көлемінде ауыл шаруашылық салығының астында қалып, алып көрсеткіштердің қиялына айналады».

Бас көтерудің ұрандары оның сипатын ашып көрсетеді. Оның негізгі ұрандары:

а) Кеңес үкіметімен күрес (большевиктерді талқандау);

б) басқарудың хандық билігін қалпына келтіру;

в) ислам үшін күрес.

Бас көтерушілер тобы мен оларға қосылған тұрғындарға қарсы И. Грязновтың және ОГПУ-дың әскерлерінің атысуы 2 сағатқа созылады. Айта кететін бір нәрсе Қарақалпақ Автономиялық облысындағы бас көтерушілермен аяғына дейін күрес адам құрбандықтарынсыз шешілмеді.

Бұл мәліметтер ҚазАКСР ОГПУ басқармасы бастығы А. Волленбергтің баяндауында көрсетіледі. 1929 жылы 26 қарашада ҚАО Комитеті атынан П. Варламовтың сол кездегі Қазақ Өлкелік Комитетінің жауапты хатшысы Ф.И. Голощекинге ҚАО-дағы контрреволюциялық ұйымдар туралы «деректерді ашу барысындағы» мәліметтерін жөнелтеді. П.И. Варламов Тақтакөпір бас көтеруіне жете тоқталады. Оның ішінде бірінші облыстың саяси жағдайына сипаттама беріледі. Онда Өлкеде әлі де «басмашылар қозғалысы» таратылып бітпегендігі, себебі ҚАО-ның «басмашылардың», «ежелгі ұясы» Түркімен КСР-нің Қарақұммен көршілес болуы және олардың Ташауыз, Хорезмдегі өзі «тектес қозғалыстармен ғана байланыста емес, шет елдегілермен де» байланыста болуы айтылады. «Сондықтан, - Тақтакөпірдегі оқиғалардан сабақ ала отырып, екінші рет ондай жағдайларды болдырмау амалдарын қарастырмақпыз», - дейді П. Варламов. Ол сондай-ақ, «Тақтакөпір оқиғасының негізгі себебі жайлы айтқанда, оқиға «тап күресінің жоғарғы формасы» және Өлкелік Комитеттің 2 қазандағы шешімі оған берілген нақты баға. Осы тектес, Тақтакөпір көтерілісін – «көтеріліс» немесе «көтеріліс деуге тұрарлықтай» немесе «бас көтеру» дейміз бе?», - деген пікір тудыртады.

П. Варламов осы оқиғалардың болуының негізгі «біздің қызметіміздегі шалағайлықтың орын алуынан», - деп ашық айтады. Қазақстандағы Мемлекеттік Біріккен Саяси Басқармасы Шығыс бөлімшесінің Өкілетті өкілінің (ІІІ ОГПУ) 1930 жылғы 15 сәуірдегі құпия құжаттарының бірінде Тақтакөпірдегі «бандылық бас көтерудің» ұйымдастырушысы және басшысы Жалел Мақсұм Исмагуллаевтың Қарақалпақ Облыстық барлау бөлімшесінің күшімен ұсталып, Жаңа Үргеніштегі органына жеткізілгені хабарланады. Қарақалпақ Автономиясының Қазақстан аумағына осы тарихи кезеңде қарамаған

болса, оқиғаның да осылайша жергілікті Өлкелік үкімет басшылығының назарында қаралмауы да орын алар еді. Қазақстанда ауыл шаруашылығын күштеп ұжымдастыру кезінде орын алған өрескел саясат нәтижесінде халықтың көпшілігі ашаршылық құрбаны болып, енді бір бөлігі босқындыққа ұшырады. Бұл адамзат тарихындағы трагедиялар қатарынан орын алады.

Осы мәселеге байланысты 1991 жылы 12 қарашадан 1992 жылдың желтоқсанына дейін Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі Төралқасының Жарлығымен жұмыс істеген Комиссия, Қазақстандағы күштеп ұжымдастыру мен аштық науқаны барысындағы ақиқатты айғақ етті. 1931 жылы қараша айындағы Қарақалпақ аумағына барған 3 мыңға жуық шаруа қожалығының жағдайы аса ауыр қалде болды. Бұлар негізінен Шалқар, Табын, Арал, Ойыл және Маңғыстау аудандарынан ауып барғандар еді. Автономиялық облыстың басшылығына өтініш жасағанмен оларды кейінге қайтару мүмкін болмады. Құжаттардың бірінде жейтін тағамы, азық-түлігі жоқ жұтағандар аянышты жағдайда қалып отыр делінген. Осындай жағдайға ұшырағандар өздерінің бар малын жергілікті дехкандарға арзан бағаға сатып кетсе, екінші біреулері түгел сойып алуға душар болды.

Қазақ АКСР-і Орталық Атқару Комитетінің хатшысы А. Асылбековтың босқындарды кейін қайтару жөніндегі өтінішіне БК(б)П Қарақалпақ Обкомының бюросы 1931 жылғы 25 қарашада босқын қазақтарды жылы киім, киіз үй, көлікпен қамтамасыз ету және мал басымен қыс айында жеткізу мүмкін болмай отырғандығын айтып, шешім қабылдағанын жеткізеді. 1932-1933 жылдары қатты аштықтың салдарынан Қарақалпақ жеріндегі босқын қазақтарды елге қайтару әрі қарай созыла береді. Қарақалпақ Автономиялы Республикасы Халық Комиссарлары Кеңесінің РСФСР үкіметіне берген мәлімдемесінде Қарақалпақ жеріндегі қазақ босқындары 12830 адамнан тұратын 3060 қожалық деп көрсетілген.

Бұл көрсеткіштер жоғарыда атаған 1931 жылдың мәліметінен едәуір көп бола тұрса да босқын қазақтардың санын тағы да тым азайтып отырғанын Сейітқали Меңдешевтің оларды Қазақстанға қайтару үшін Қарақалпақ жеріне барғанда берген мәліметтерінен де айқын байқауға болады. Меңдешев бастаған уәкілдер Қоңырат ауданынан Қазақстанға

2644 адамы бар 772 қазақ шаруа қожалықтарын қайтарды. Қарақалпақ жеріндегі өкімет мекемелері көшіп келгендердің қадамын уақытша нәрсе деп білсе керек, келгендерді арнайы есепке алуға да асыға қойған жоқ. Басқа жерлерге ауа көшкен қазақ босқындарға қарағанда Қарақалпаққа қоныстанған қазақтар төрт түлік мал өсіруге өте қолайлы, негізінен тек мал шаруашылығымен жан сақтап, күнелтетін аймақтардың тұрғындары еді [33, 136-138 бб.].

Түпкілікті халықтың, яғни қазақтардың өз туған жеріндегі жасанды жұт кесірінен санының күрт азайып кетуіне ықпалды болған ашаршылық салдарынан сол жылдары 1030 мың адам республикадан тысқары жерлерге босқын болып кетті. Оған республика басшыларының, оның ішінде әсіресе Ф.И. Голошекиннің көзқарасы да қатты әсер етті. Ол қуғын-сүргінмен аштықтан босқын болып кеткендерді «қазақтар ежелден көшіп-қонып жүруге әдеттеніп кеткен» деп түсіндіруге тырысты. Ол мұны көшпенділердің тұрмысы қайта құрылып, өзгеріп жатыр деп дәріптеді [31, 33 б.].

1933 жылы мамырда Автономиялық облыстағы аудандар басшылығы мен ГПУ (Мемлекеттік саяси басқарма) өкілдерінің анықтаулары бойынша қарақалпақ жеріне 47 578 қазақ босқындары «анталай» енген екен. Олардың ішінде 2357 қараусыз балалар болады. Ұжымдастырудың алғашқы кезеңі жылдарында өзбек, түркімен, қазақ жерлерінен ауа қашқан олар мұнда да қиыншылыққа тап болып, 1933 жылы Арал теңізі арқылы елдеріне қайтпаққа әрекеттенеді. Алайда бұған олардың шамасы келмейді. Қарақалпақ ғалымдарының зерттеуі бойынша 1934 жылдың 1 наурызында мұндағы 48 мың қазақ босқындарынан 22 мың ғана адам қалады. Олардың 25 мыңы жұқпалы ауру, дерттен қаза болады. Тек Ходжелі ауданы бойынша ғана аштықтан көшеде 200 адамның бір айда өлгендігі жәйлі дерек бар [32, 84-89 бб.].

Алайда, мұның да өзіндік жағымды жақтары болған сияқты. Себебі, революция жылдарындағы сілкіністерден, азамат соғысының қанды зардаптарынан, ұжымдастыру жылдарындағы зобалаңнан Қарақалпақия, Қазақстанға қарағанда біршама жеңіл өтті. Бұл мекенге Қазақстаннан басқа да, өзге республикалардың баспана және қорғаныш іздеген ондаған мың адамдар көшіп келіп, осы жылдары бас сауғалағаны белгілі. 1933 жылы Өлкелік Комитет сұрауына орай, 8 қазан күні РСФСР

Халық Комиссарлары Кеңесі «Қарақалпақиядағы қазақ босқындарын орналастыру шаралары жөнінде» атты қаулы қабылдайды. Онда Қарақалпақ АКСР-і Халық Комиссарлары Кеңесі бекіткен жоспар бойынша босқын қазақтардың жалпы мөлшерінен 3358 қожалықты бөлек шығарып, олардың 1215-ін ауыл шаруашылығына, 1243 шаруашылығын жергілікті кәсіпшілік өндірісіне және өзге жұмыстарға, Қазақстанға қайтуға ниет білдірген және қалған 900 отбасын жөнелтуге дайындау белгіленеді. Мұнда, Қазақ босқындарын орналастыруға біршама қаржы көздері қарастырылған.

1933 жылы қазан айында кезінде Қазақстанның батыс аудандарынан (Қазалы, Шалқар, Темір, Ақтөбе және тағы басқа аумақтардан) қарақалпақ жеріне қоныс аударған босқындармен Қазақ Өлкелік Комитеті және Халық Комиссарлары Кеңесі тапсырмасымен жұмыс қалай атқарылғаны туралы баяндамада С. Мендешев бірқатар жәйттердің басын ашады.

1933 жылы күзде Автономиялық облыстағы қазақтар қайтадан елге оралу қамына кірісті. Бұған жергілікті басшылардың ұстанған саясаты да әсер еткен еді. Сөйтіп, Қарақалпақстанның жергілікті ұйымдары Қазақстанға босқындардың түгелдей кетуіне барлық күштерін салды. Арал теңізі арқылы 8000 адамы бар 2500 жанұя, және Қоңырат пен Тақтакөпір арқылы жаяу 257 қожалық 258 бас жылқы-түйесімен, 320 қой-қозысымен, 422 есегімен Қазақстан жеріне өтеді. Ал сол жылдары автономияда қалып қойған қазақ босқындарына С. Мендешев, А. Асылбековтердің талап етуі бойынша біршама жағдай жасалып, кейінгі жылдары олардың көпшілігі сонда түпкілікті тұрақтап қалды.

Қазақстан Республикасының тәуелсіздікке қол жеткізгеннен бергі уақыттың ішінде жүргізіп отырған ішкі және сыртқы саясатының бір озық тармағы шетелдерде тағдыры түзілген қазақтарды тарихи Отанына қайтару және мүмкіндігінше оларға жан-жақты қолдау көрсетуге бағытталып отыр. Алдыңғы тарауларда сараланған Қарақалпақиядағы қазақ жұрты тағдырының тарихи кезеңдерде қалыптасуының айқын беттері бүгінгі уақытта да ізін қалдырған жаңа кезеңнің сындарлы сәттеріне де арқау болып қалыптасты.

Социализм жүйесіндегі уақыт өлшемі өзбектік басқарудағы қарақалпақтар үшін дамудың озық бедерін жасап бере алмады.

Сондықтан да зерттеу жұмысын жүргізу барысында автономиялық республика тұрғындары арасында жасалған сұрақ-жауап сараптамасы көрсеткендей, олардың бүгінгі уақыттағы да арман мүддесі қайтадан Қазақстан қарамағында тұзу екендігіне көз жеткізілді. Құрылымы Автономиялық республика болып қалыптасқан Қарақалпақия кеңестік кезеңдерде барлық кеңестік жүйе елдеріне тән тұрпатта өз дамуын саралағанымен, аумақтың қазіргі дамуына кедергі келтірер мәселелердің негізі сол уақыттардан қалған мұра еді. Әсіресе, Автономияның Арал теңізіне қатысты экологиялық зардапты тағдыры тудырған мәселелер, оның геосаяси потенциалының шектеулігі, халық санының аздығы және өзге де қордаланған әлеуметтік-экономикалық жәйттері оның қазіргі заман ағымы сұранысын өтей алмай отырған қоғамдық тұрпатын сипаттайды. Тұрғындарының негізгі дені аумақтағы жұмыс көзінің тапшылығынан қазіргі уақытта елдің тыс аймақтарына, әсіресе Қазақстанға маусымдық жалдамалы жұмыстарға әртүрлі жолмен табыс табу үшін ағылып келіп жатқаны бүгінгі өмірдің тыныс-тіршілік тұрпатынан көрініс алып отыр. Бүгінгі қазақ елі еріктілігінің таңы атқан тұстағы жетістіктің бірі Қарақалпақстаннан қазақ бауырлардың елге, ата жұртқа оралуы. Өзге жерден тірліктің түзуін аңсап келген олар, игілікті істің кез-келгеніне бейім. Осы ниетті сабақтастыруда қарақалпақтардың Қазақстандағы салауатты өмір салтын дұрыс қалыптастыра отырып, тегі бір жұртпен ел қатарлы тұрмыс түзейтіндігіне уақыт төрешілігін де тарих тезіне салуға болады.

## ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

19 Арминий Вамбери. Путешествие по Средней Азии пер. З.Д. Голубевой. – Москва: Восточная литература. 2003 г. С.78-79

20 Мамедов Н. Каракалпакская литература. – Баку: Мутарджим, 2007. – 295 с.

21 Толстов С.П. По древним дельтам Окса и Яксарта. – М., 1962.– С. 326

22 Антропологический состав населения Средней Азии и Казахстана // Народы Средней Азии и Казахстана, Т. 1. – М., 1962. – С. 23-27

23 Ю.В. Бромлей Народы мира, – М., 1988. – С. 423

24 Толстова Л.С. Каракалпаки Ферганской долины., – Нукус, 1959. – С. 256

25 Источники историко-этнографических сведений о каракалпаках в России в XIX в // Этнографическое обозрение, 1999, №6. – С. 29-35

26 Тұрмағамбетова Б. Қазақстандық каракалпақтардың салт-дәстүрі мен музыкалық өнері. // Ahiska, 2013. – С. 6

27 Борозна Н.Г. Некоторые черты традиционной свадебной обрядности узбеков-дурменов южных районов Таджикистана и Узбекистана // СЭ. 1969. № 2. С. 80-86

28 Массон М.Е. К истории горного дела на территории Узбекистана. – Ташкент: Узбекгосиздат, 1953. – 231 с.

29 Этнография каракалпаков. XIX-начало XX века (материалы исследования). – Ташкент: Фан, 1980. – 203 с.

30 Егізбаева М.Қ. Өзбек және каракалпақ халықтарының этномәдениеті. // «edu.e-history.kz» № 4(08)

31 Досумов Я.М. Очерки истории Каракалпакской АССР 1917-1927 гг. -Ташкент, 1960. – 315 с.

32 Жолдасов А.А. Демографические последствия коллективизации в Каракалпакии // Вестник Каракалпакского филиала Академии Наук Узбекской ССР. -1991. -№3. -С. 84-89

33 Қойгелдиев М., Омарбеков Т. Тарих тағылымы не дейді? - Алматы: Ана тілі, 1993. -208 б.

## II ҚАРАҚАЛПАҚТАРДЫҢ АРАСЫНДАҒЫ ЭТНОМӘДЕНИ ЖӘНЕ ЭТНОТІЛДІК ЖАҒДАЙЫ

### 2.1 Каракалпақ қоғамдық этномәдени бірлестігінің бағыттары

Зерттеу жұмысымда Қазақстандағы каракалпақтардың мәдени орталықтарымен таныстым. Жалпы, каракалпақтардың мәдени орталықтары әртүрлі шараларға белсенді қатысады екен. 1999 жылы Маңғыстау облысында «Аллайр жолы» деген атпен алғашқы Қазақстандағы каракалпақ этномәдени бірлестігі құрылды. Бұл бірлестіктің ұйымдастыруымен облыстағы каракалпақ диаспорасының тыныс-тіршілігін таныту мақсатында «Айдын жол» атты газет шығарылды. Каракалпақ диаспорасының Оңтүстік Қазақстанда 2001 жылдан бері «Оңтүстік Қазақстан облыстық Каракалпақ мәдени орталығы» және Шымкент қаласында 2004 жылдан бері «Қаракалпақ ұлттық-мәдени орталығы» деген қоғамдық бірлестіктері жұмыс істеуде. Бұл бірлестіктің барлық мүшелері республиканың қоғамдық өміріне белсенді қатысады. Қазақстандағы каракалпақ халқының осында өмір сүретін басқа да этникалық топтар секілді барлық құқықтары қорғалған [34].

«Сіздің этносыңызға қандай дәстүрлер тән?» деген сұрақ жауаптарын келесідей саралап көрсетуге болады:

- «қазақтармен ұқсас/ айырмашылығы жоқ» - 20 адам (47,6%);
- «патия той» - 4 адам (9,5%); «қазақ, өзбектермен ұқсас» - 3 адам (7,1%);
- «мұсылмандарға тән» - 3 адам (7,1%);
- «білмеймін» - 3 адам (7,1%);
- «көптеген дәстүрлер бар, оның ішінде үйлену тойына байланысты дәстүрді білемін» - 2 адам (4,7%);
- «ұлттық тағам дайындау» - 1 адам (2,3%);
- «барлығы» - 1 адам (2,3%) және 16 (38%) адамның жауабы анықталмаған.



Сауалнама нәтижесінен қарақалпақ диаспорасы дәстүрлерінің көбі, мысалы тұрмыстық дәстүрлерден бесік той/қырқынан шығару, шілдехана, тұсау кесер, сүндет той, үйлену тойы, беташар, жалпы халықтық мерекелерден – найрыз байрам, жаңа жыл байрам деген сияқты той-мерекелерінің өте ұқсас екендігін білеміз. Дегенмен де қарақалпақ диаспорасының салт-дәстүрлерінде өздеріне тән ерекшеліктер де бар, мысалы ұзатылатын қыздың ата-анасы оның екі қалтасына алты асыл тас немесе қымбат әшекейлер салады, оны күйеу жігіттің әке-шешесі, яғни құдалары бағалап, сол бағаға сатып алады, осы ғұрыптан кейін күйеу жігіт қалыңдығын өзімен алып кете алады. Жаңа босанған келін, қарақалпақ тілінде *кышей* сәбиді өмірге әкелгеннен кейін қырық күн үйден шықпай, ерекше күтімде болады. Бұл дәстүр жас ана мен сәбиді жамандықтан, сырт көзден қорғау мақсатында туса керек.

Сауалнама жауаптары негізінде қазақстандық қарақалпақ халқының ұлттық дәстүрлерінен қол үзбегендігін көреміз. Бала өмірге келіп, қырқынан шығарылған соң оны бесікке салып, көптеген түркі халықтарына ортақ *бешик-туй* деген той жасайды. Олар үшін *патия туй* деп аталатын үйлену тойының да маңызы зор. Респонденттер отбасылық және қоғамдық тамақтанудың ерекше ғұрыптық мінез-құлық ережелерін қатаң сақтайтындарын, оның күні бүгінге дейін жалғасып отырғанын айрықша көрсетеді. Олардың ұлттық мейрамдары құрбан айт, ораза айт, наурыз мерекесі секілді болып келсе, танымал ойындары бәйге (ат жарысы), ылақ (көкпар), күрес (палуан жарысы), дәруаз деген атаумен белгілі.

«Көрші этностардың әсерімен дәстүрлеріңізге қандай өзгерістер енген?» деген сұраққа мынадай жауаптар алынды:

- «білмеймін» - 21 адам (50%); «көбіне қазақ халқының дәстүрлері енді» - 4 адам (9,5%);
- «ешқандай өзгеріс жоқ» - 3 адам (7,1%);
- «жергілікті тұрғын бір» - 1 адам (2,3%);
- «өзбек дәстүрінің әсері» - 1 адам (2,3%);
- 12 (28,5%) адамның жауап мәліметтері жоқ.

Осы көрсеткіштер және де жоба аясында дайындалған аудио жазба сұқбаттарынан байқалғандай, қарақалпақ диаспорасының өкілдері өз этносын қазақтармен өте жақын деп (тіпті бір) халық деп ойлайды,

сондықтан да дәстүрлерінен айтарлықтай айырмашылықтарды айшықтамайды.

«Сіздің этносыңыздың дәстүрлерін сақтауға қандай мүмкіншіліктер берілген?» деген сұрақ жауаптары:

- «көп мүмкіншіліктер берілген» - 9 адам (24,4%);
- «білмеймін» - 9 адам (24,4%); «барлық мүмкіншілік берілген» - 6 адам (14,2%);
- «демалыс күндерін беру» - 2 адам (4,7%);
- «жауап беру қиын» - 2 адам (4,7%); «сақтау өзіңе байланысты» - 1 адам (2,3%) және 13 (30,9%) адамның жауабы айқындалмаған [35].

Қазақтың халық мақалы: «Бақыттың негізі – бірлікте». Көптеген этникалық топтардың бір көп ұлтты отбасында қатар өмір сүруінің сәтті тәжірибесі – халық даналығының айқын дәлелі. Ұлттық бірлік әр азаматтың және оның отаны – Қазақстан Республикасының ортақ тағдырын, этностық немесе басқа шығу тегіне, дініне немесе әлеуметтік мәртебесіне қарамастан, барлық азаматтар үшін тең мүмкіндіктер қағидаттарына негізделген.

Маңғыстау облысында 20 этномәдени орталық бар. Бұл жолы біз 1999 жылы құрылған «Аллайр жолы» қарақалпақ этномәдени бірлестігіне баруды жөн көрдік. 16 жыл бойы осы бірлестіктің Ақтау филиалының төрағасы – Қарақалпақстанның астанасы Нүкіс қаласынан бір сағаттық жерде орналасқан Чимбай ауданының тумасы Жолмұрат Саитов болды. Жолмұрат Саитов – энергетика саласының маманы, «Автоматика и К» ЖШС жабдықтау бөлімінің бастығы болып жұмыс істеді. Қазіргі уақытта кәсіпкерлікпен айналысады. Отбасының қамқоршысы, бес бала тәрбиелеп отыр. Табысты қоғамдық қызметі үшін, Қазақстан Республикасы халқының толеранттылығы мен ынтымағын дамытуға қосқан үлесі үшін мерейтойлық медальмен марапатталды.

Қарақалпақ («қара қалпақ») – түркі халықтары (қыпшақ ішкі тобы). Олар қарақалпақ тілінде сөйлейді. Латын әліпбиіне негізделген жазу (1996 жылға дейін - кириллица). Сенушілер – сүннит мұсылмандары. Жалпы саны 600 мың адамға дейін. Негізгі тұратын ауданы – Қарақалпақстан (390 мыңнан 500 мыңға дейін) – Өзбекстанның солтүстігінде Амудария атырауындағы автономиялы республика.

Қарақалпақтардың аз бөлігі Хиуа оазисінде және Ферғана алқабында, сонымен қатар Қазақстанда, негізінен Маңғыстау облысында тұрады.

Маңғыстау облысында екі мыңға жуық қарақалпақ этникалық тобының өкілдері тұрады. Ежелгі сақтар мен печенегтердің ұрпақтары – қарақалпақтар деп аталатын халық. Ежелгі жазбаларда сақтардың тайпалық бірлестіктері «Қангар» және «Апасак» (жағалық сақ) деп аталды. Қарақалпақ ұлтының қалыптасуының негізін қалаған адамдар осы болды. Қарақалпақтар түркі халықтарының арасында алғаш рет отқа табыну мен зороастризмнің салт-дәстүрлерінде сақталып, ислам дінін қабылдады. Қарақалпақ тілі, қазақ тілі сияқты, түркі тілдерінің қыпшақ тобына жатады. Бір нұсқасы бойынша, «қарақалпақ» этнонимі «қара шляпалар», басқа нұсқа бойынша - «қара галпик немесе галпак» деген сөзден шыққан. Бұл орта ғасырлардағы түркі көшпелі тайпалары бастың артқы жағына тағатын орамалды немесе шашты байламның атауы болды. Ұқсас есімдерді башқұрттар (қара бас), қырғыздар (қара жүн), ұйғырлар (қара шаш) сияқты этникалық топтар береді. «Амудария өзенінің бойында қара шляпалармен балық аулайтындарға қол тигізбеңіз» – Ұлы тарихи тарихи тіркес қарақалпақ халқы мен басқа этностардың өкілдеріне деген сүйіспеншілігін сипаттайды. Бұқарадағы Ресей елшілігінің басшысы Б. Пазухин қарақалпақтарды «ұрысқа сенімді адамдар» деп атады[36, с. 123].

болғанымен, оларда азат мемлекетке тән барлық құқықтары сақталатын болды. Мәселен, 1992 жылы 14 желтоқсанда мемлекеттік туы белгіленсе, бір жылдан кейін, дәл сол күні қарақалпақ әнұраны ресми түрде бекітілді. Өзінің Конституциясы тағы бар. Осыған қарамастан қарақалпақтар өз республикаларында тең құқыққа ие болмады. Қағаз жүзінде мемлекеттік тіл саналатын қарақалпақ тілі іс жүзінде ешқандай мәртебеге ие емес. Ресми тіл ретінде де, білім беру жүйесінде де өзбек тілінің мәртебесі жоғары қойылады. Кезінде Өзбекстанның алғашқы президенті Ислам Каримовтің тоталитарлық жүйесіне қарсы қарақалпақ оппозиционерлерінің мәлімдемелері Қарақалпақстан мәселесінің халықаралық деңгейде дау-дамайдың пайда болуына ықпал жасады. Сырттағы беделді қарақалпақтар әлі де үнсіз отырған жоқ. Каримовтің көзі тірісінде қуғынға ұшыраған қарақалпақ оппозиционерлері бүгінде әлемдік саяси ареналарда Қарақалпақстанның Өзбекстан тарапынан көріп отырған түрлі кемсітулер мен қысымдарды жариялау арқылы БҰҰ назарын өзіне аударуда. «Алға, Қарақалпақстан!», «Оян, Қарақалпақстан!» саяси қозғалыстары түрлі бағытта тәуелсіздік жолында күрес жүргізіп жатқанымен, олардың арасында өзара ынтымақтастықтың болмауы жетістіктерге қол жеткізуге кедергі болуда. Солардың ішінде әлемге қарақалпақ оппозиционері ретінде танылған «Алға, Қарақалпақстан!» қозғалысының жетекшісі Аман Сағидуллаевтың да саяси портреті біржақты емес. Қозғалыс жетекшісі Аман Сағидуллаев – 1994 жылдан бастап жеке кәсіпкерлікпен айналысқан саясаткер. Ол Қарақалпақстан астанасы Нүкіс қаласының маңындағы Қараөзек автобазасында 1998 жылы экономист болды. Қараөзек ауданында беделді Мұратбай Абировтің сеніміне ие болған ол түрлі басшылық қызметтер де атқарды. Абировтің демеуімен Сағидуллаев кейіннен Қараөзек ауданының халыққа қызмет көрсету орталығының басшысы болып тағайындалды. Билігін «асыра пайдаланған» Сағидуллаев аудан ақшасын жымқырып, орталықтан саяжай сатып алып, қызметін аяқтаған соң жеке кәсібін одан әрі дамытты. Оған 2003 жылы «Туысқаны Күмісайды зорлады» деген айып тағылды, артынша ондай айыптардың қатары көбейді.

Өзбек билігі «Алға, Қарақалпақстан!» қозғалысының жетекшісін қамау үшін қылмыстық кодекстің 167-бабы бойынша «Есірткіні

зандастыру және сату» және 209-баптағы «Ресми түрде жалған мәлімет тарату» айыптарымен қуғындады. Саяси қуғынға ұшыраған Аман Сағидуллаев Қырғызстан арқылы шетелге қашып, өзіне тағылған айыптардың саяси астары бар екендігін мәлімдеп, саяси босқын мәртебесін алды. Аман Сағидуллаев 2017 жылы ЕҚЫҰ-ның саммитінде өз ұсыныстарын білдірді. Қарақалпақстанның Өзбекстан құрамында болу мерзімі 2013 жылы аяқталғанын айтып, алдағы уақытта Қарақалпақстанды Қазақстан құрамына қосуды ұсынды. Тілі, діні, тамыры бір Қазақстанмен болу Қарақалпақстанды болашақта жарқын күндерге бастайтынын мәлімдеді. Сондай-ақ, БҰҰ назарын Қарақалпақстандағы Арал теңізінің апатқа ұшырауы жергілікті халықтың өміріне зиянын тигізіп жатқандығына да аударды. «Алға, Қарақалпақстан!» қозғалысы жетекшісінің ұсыныстары мен өтініштерін бүгінде БҰҰ қызу талқылауда. Дегенмен, сарапшылар Қарақалпақстанның болашақта қайтадан Қазақстанға қосылуы екіталай екенін айтады. Неге десеңіз, бұл жағдай Орталық Азияны үлкен жанжал ошағына айналдыруы мүмкін. Демек, бұл Нұр-Сұлтанға да, Ташкентке де керек емес. Ал, Нүкістің өз алдына азат ел атануы бөлек әңгіме. Оның үстіне қазіргі заң бойынша әрі Нүкіс пен Ташкенттің арасындағы бұрынғы келісім бойынша бұл мүмкін жағдай. Мәселе Ташкенттің Нүкіске бұған мұрша бермеуінде болса керек. Рас, қарақалпақ халқының көпшілігі алдағы уақытта өзгенің етегіне тығылмай, тәуелсіз ел болуды аңсайды. Құрамдас ел болудан көңілі қалған Аралдың ар жағындағы ағайындар тек өздеріне, сосын батыстың демократиялық елдеріне ғана үміт артады. Ал, олардың үміті ақтала ма, жоқ па, ол алдағы уақыттың еншісіндегі шаруа.

Өзбекстанға тиесілі қарақалпақ халқы өзбек билігінен бірнеше рет елеулі кемсітуге тап болды. Иә, Өзбекстан Қарақалпақстанды жеке аумағы, конституциясы бар мемлекет ретінде мойындамай келеді. Оның үстіне Қарақалпақ халқы алдағы уақытта өзбектерге сіңісіп кетудің аз-ақ алдында тұр. Мысалы, Өзбекстанда 33 млн халық тұрса, соның 83%-ын (27,4 млн) өзбектер, тек 5,6%-ын ғана қарақалпақтар (1,8 млн) құрайды. Ал, жер көлемі біздің Қарағанды облысынан сәл-ақ көп Өзбекстанның 28% жері қарақалпақтарға тиесілі. Демек, Ташкентке қарақалпақтың халқынан бұрын жері керек. Содан Өзбекстан билігі қарақалпақтарды

өзбек жеріне, сондай-ақ ТМД елдеріне (әсіресе Қазақстанға) жаппай қоныс аудару саясатын қолдауда. Осы арқылы Өзбекстан жаңа аумаққа ие болады. Жоспарды жүзеге асыру үшін Қарақалпақстанның қуыршақ үкіметінің қолдауымен қарақалпақтарды жаппай жұмыссыздыққа ұшыратып, жергілікті халықтың күн көріс қамымен жер-дүниені кезіп кетуіне «жағдай» жасауда.

Соңғы халық санағы Қарақалпақстанда ең көп қоныстанғандар – өзбектер (400 мың), екінші орында қарақалпақтар (390 мың), үшінші орында қазақтар (320 мың) екенін көрсетті. Яғни, қарақалпақтар өз жерінде азшылыққа айналған. Осылайша, өзбек билігі конституциялық заңға сәйкес Қарақалпақстанның Өзбекстаннан бөлінуіне кедергі жасайды. Себебі, Қарақалпақстанда өзбектер басым болғандықтан, жердің қарақалпақтарға ғана тиесілі екенін дәлелдеу мүмкін болмай қалады. Бірақ, Ислам Каримовтің тоталитарлық жүйесі бір нәрсені ескермеді. Қарақалпақ жерінде тек өзбектер мен қарақалпақтар ғана тұрмайды. Жоғарыда айтқанымыздай, бұл елдегі үшінші ұлт қарақалпақтармен тілі де, діні де, ділі де, тіпті салт-дәстүрі де ұқсас тамыры бір қазақтар бар. Бұған Қазақстанда тұратын 60 мың этникалық қарақалпақты, Нұр-Сұлтан, Алматы сияқты үлкен қалаларда наным тауып жеп жүрген мыңдаған өзбек мигрантын қосыңыз. Яғни, күні ертең Нүкіс Қарақалпақстанның Өзбекстан құрамынан шығу туралы референдум өткізетін болса, оның нәтижесі Ташкенттің қалауындай болмай шығады. Дегенмен, Ташкент Нүкістің қалағанын істеуіне жол бермеді, бермей де келеді. Ислам Каримовтің тұсында қарақалпақтарды жан-жаққа қоныс аударуға мәжбүрлеуден бөлек, олардың демографиялық ахуалын бақылауға алу арқылы қатаң саясат жүргізді. Тиесілі жері, тарихы бар қарақалпақтарға өзбек билігі төрт бала дүниеге әкелуге тыйым салған. Мұндай тыйым жергілікті халықты ұлт ретінде жоғалтуға ықпал етеді. Тіпті, медициналық ота барысында да қарақалпақтарға тиісінше ем-дом жасамау да өлім-жетім деңгейінің артуына септігін тигізуде. Бұған апат ошағына айналған Аралдың экологиясын және қосыңыз! Тағы бір өзекті мәселе – қарақалпақ тілі. Заңнамалық тұрғыда Қарақалпақстанда өзбек тілі мен қарақалпақ тілінің дәрежесі тең. Бірақ, іс жүзінде қарақалпақ тілінің дәрежесі өзбек тілінен кейінгі орында тұр. Бұл барлық мемлекеттік қызмет орындарында көрініс тапқан. Яғни, қарақалпақ тілі

ресми тіл дәрежесіне ие болмаған. Тіпті, білім беру саласында оқулықтар да қарақалпақ тілінде емес, өзбек тілінде шығуда. Ана тілінің мәртебесінің жоқтығы қарақалпақтардың ұлттық рухын түсіріп, «өзбекпіз» деп айтуға дейін апаруда. Қарақалпақстанда ұлттық кадр мәселесі де айтарлықтай мәз емес. Елдегі мемлекеттік қызмет орындарындағы қарақалпақ қызметкерлерінің үлесі 20-30%-ға жетпейді. Қарақалпақ жерінде мемлекеттік қызмет орындарында өзбектердің саны көш бастап тұр. Қазақ, қарақалпақ, қырғыз, түркімен мамандары Қарақалпақстанның үкімет басшылығында мүлдем жоқтың қасы. Осы арқылы Өзбекстанның аз ұлттарды кемсіту саясатын жүргізіп жатқандығын байқауға болады. Өзбекстан билігі мемлекеттегі өзбектер мен қарақалпақтардың құқықтары тең екендігін айтып, конституциялық заңдарын алға тартып, бұлтаруда. Халықаралық құқықтарды бұзған өзбектер қылмыстарын мойындамай, жалтару арқылы дау-дамайдың өркениетті түрде шешілуіне жол бермеуде. БҰҰ Бас Ассамблеясының 1960 жылғы 14 желтоқсанда «Отаршыл мемлекеттердегі халықтарға тәуелсіздік беру» туралы декларациясы қабылданды. Декларация бойынша «Барлық халықтар өз мәртебесін сақтауға құқылы. Осы құқықтың арқасында олар өздерінің саяси бағытын тәуелсіз бағдарлап, халқының әлеуметтік, экономикалық және мәдени дамуын еркін қамтамасыз ете алады» [49, 34 б.].

Тәуелсіздігін алмаған және автономия мәртебесіне ие бола алмай жүрген аз ұлттардың құқығын қорғау үшін БҰҰ 1966 жылы 16 желтоқсанда «Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы» заңды қарастырды. Аталмыш заңды азаматтық және саяси халықаралық қатынастарда толықтай жаңартып, 3 қаңтардан бастап күшіне енгізді. Және де 1970 жылы 24 қазанда аз ұлттарға империалистік қысым жасауға қатаң тыйым салынып, саны аз халықтардың бостандық алып, өз құқықтарын халықаралық заң аясында қорғауларына жәрдемдесуге тікелей тапсырыс берді. Сөйтіп, тәуелсіз мемлекеттерді құрамындағы аз ұлттардың еркіндігіне, тәуелсіздігіне нұқсан келтіретін әрекеттерден аулақ болуға шақырды. «Халықаралық құқық ұстанымдары» туралы декларацияның ережелеріне ерекше назар аударуымыз қажет. Себебі, онда барлық мемлекеттердегі

азаматтардың ұлтына, нәсіліне, дініне қарап алаламай, тең құқық беру керек екендігі баса айтылған.

БҰҰ заңдарының негізінде алып қарайтын болсақ, Өзбекстан билігінің қарақалпақтарға жасап отырған 30 жылдағы саясаты халықаралық қатынастардың талабын орындамаушылық және саяси қылмыс болып саналады. Қарақалпақтар өз тәуелсіздігін алу үшін әскери қимылдарға, яғни қан төгіске барғысы келмейді. Егемендік үшін күресті халықаралық қатынастар және Қарақалпақстан конституциясының шеңберінде жүргізгенді жөн көреді. Себебі, қандай да бір әскери әрекет жасайтын болса, Өзбекстан үкіметі сепаратизм, экстремизм сынды желеумен аяусыз қырғынға ұшыратуы мүмкін. «Қарақалпақ қозғалысы» БҰҰ заңдарының және Өзбекстан конституциясының 74-бабына және Қарақалпақстан конституциясының 1-бабына сүйене отырып, күрес жүргізуде. Заңнамалық тұрғыда олардың тәуелсіз ел болуға толықтай құқықтары бар.

Егер заң туралы айта бастайтын болсақ, қарақалпақтардың барлық құқықтары қорғалған, құжат жүзінде бақытты, тәуелсіз елдей көрінеді. Бірақ, сол заңдардың ешқайсысы іс жүзінде күшіне енбеген. 1992 жылы мемлекетаралық келісімде Өзбекстанның Қарақалпақстанның ішкі саясатына араласпауы туралы «заңға» қол қойылған. Сөйтсе де, өзбек билігі азаттық идеясын қолдаушыларды қуғынға ұшыратып, билікке өзбек кадрларын ғана қоюда. Қарақалпақ қозғалысының белсенділері Қарақалпақстанның әлемнің барлық елдерімен дипломатиялық қатынас орнатып, батыс елдерінің даму жолына түскенін, тәуелсіз һәм зайырлы мемлекет болғанын қалайды. Егер әлемдегі демократиялық күштер тәуелсіздік алып беретін болса, Қарақалпақстанда парламенттік-демократиялық басқару жүйесін орнататындарына уәде беруде. Қарақалпақстан саясаткерлері посткеңестік мемлекеттердің ішіндегі Грузияның демократиялық жетістіктерінен үлгі алатындықтарына сендіруде.

### **2.3 Қарақалпақ этносының этнотілдік жағдайы**

Қарақалпақтардың тілдік жағдайы біршама айқын. Қазақ тіліне ең жақын тілдердің бірі болып келетін қарақалпақ тілі Қазақстанда тұрып

жатқан қарақалпақ этносының тілдік кедергілерден еш қиналмауына септігін тигізеді. Алматы мен облыс бойынша төмендегі кестеде қарақалпақтардың тілдік жағдайын көрсетеді:

Кесте 2. 1999 және 2009 жылдардағы санақ бойынша қарақалпақ және басқа да тілдерді меңгеру жағдайы [45, с. 6, 15, 24, 67, 70, 73]

Облыс	1999 ж.			2009 ж.		
	Барлығы	Оның ішінде, %		Барлығы	Оның ішінде, %	
		Бір тілді	2 немесе одан көп		Бір тілді	2 немесе одан көп
Қазақстан	1497	326/ 21,8	1171/ 78,2	2828	532/ 23,2	2296/ 67,8
қала	902	175/ 19,4	727/ 80,6	1896	326/ 21,2	1563/ 79,8
ауыл	595	151/ 25,4	444/ 74,6	932	266	659
Алматы облысы	393	71	322	569	253	316
қала	115	18	97	325	125	200
ауыл	278	53	225	244	98	146

Алтын Орда мемлекеті құлағаннан кейін пайда болған халықтардың бірі қыпшақ-ноғай тобындағы халықтар. Тарихи деректерде бұл бірлестікті ноғайлы елі деп атағаны белгілі. Ноғайлы бірлестігі құлатылған соң, олар бірнеше хандықтарға ыдырап кетті. Соның нәтижесінде қазіргі ноғай, қарақалпақ және қазақ халықтары қалыптасты. Бір кездері ең жақын туыстас халықтар деп есептелетін осы қазақ, қарақалпақ, ноғайлар бүгінде бір-бірінен біршама алшақтаған. Оның көріністері аталған тілдердің фразеологизмдерінен жақсы байқалады. Оның басты себебі, аталған топтағы тілде сөйлейтін халықтардың орналасуындағы территориялық алшақтықтар ғана емес, туыстас халықтардың кейінгі даму жолындағы түрлі бастан кешкен экономикалық, тарихи оқиғалардың салдары. Соның нәтижесінде бүгінде

жақын туыстас тілдердің айырмашылықтары молая түскен. Ал, оның бірқатар белгілері атаулы жақын туыстас халықтардың тіліндегі фразеологизмдерінде де көрініс тапқан.

Ал, қарақалпақ тілі Өзбекстан құрамына енетін Қарақалпақ автономиялы республикасының халқының әдеби тілі. Құрылымы жағынан қазақ және ноғай тілдеріне өте жақын тіл. Қарақалпақ халқы Өзбекстан аймағындағы Хорезм, Ферғана облыстарында, Астрахань аймақтарында және шетелдерден Ауғанстанда мекендейді. С.П. Толстованың пікірі бойынша қарақалпақтардың халық болып қалыптасу процесі Арал теңізі маңында оғыздар мен шығыстан келген қыпшақ қимақ тайпаларынан құрылған қаңлы бірлестігінің құрамында болған кезде басталған. Қарақалпақтардың печенег оғыз тайпаларынан шыққандығын А. Вамбери де қолдайды. Н.А. Баскаковтың айтуынша «Қарақалпақ халықтық тілі кейіннен Печенег (X-XI), половшы (XI-XIII), Алтын Орда (XIII-XV) және үлкен Ноғай ордасы мен қазақ, өзбек одақтарына сіңісіп кеткен тайпалардың негізінде қалыптасқан» [50, 121 б.].

Қарақалпақ және қазақ тілдерінде бір семантикалық мағынада жұмсалатын фразеологизмдердің құрамы ауысып келеді. Ондай ауысудың өзінің екі түрін байқадық. Біріншіден, қазақ тіліндегі кейбір фразеологизмнің құрамындағы сөздердің тек орны ауысып келеді. Және бұл тәсіл негізінен тек осы қарақалпақ және қазақ тілдерінде байқалды. Мысалы: Қарақалпақша: аспан менен жершелли «өте үлкен айырмасы бар деген мағынада», көз бен қастың арасында «тез жылдам», қалың бет «ұяты жоқ» т.б. Ал, қазақ тілінде: Жер мен көктей, қас пен көздің арасында, беті қалың түрінде ауысып қолданылады.

Ал, ендігі бір фразеологизмдердің құрамындағы сөздерінің орны ауысып келеді. Мысалы, қазақ тіліндегі ит тұмсығы батпайтын «ну орман» мағынасы пышық мурны батпас түрінде жылан жалағандай тіркесі пышық жалағандай түрінде қолданылады. Сол секілді, хат хабарсыз «еш хабарсыз» тіркесі қарақалпақ тілінде хабарсыз атарсыз түрінде, қазақ тіліндегі айдан анық тіркесі айдан ашық түрінде, қазақ тіліндегі бес саусақтай білу тіркесі қарақалпақ тілінде бес бармақтай білу түрінде қазақ тіліндегі бидай өңді тіркесі буудай жүзлі, қазақ тіліндегі, ақ көңіл тіркесі ақ көкірек, басы піспеу тіркесі басы батпау яғни «тіл



табыса алмау» ала аяқ тіркесі ақ аяқ, ақ саусақ тіркесі ақ жаға түрінде құрамы ауысып қолданылады. Қарақалпақ тіліндегі кейбір фразеологизмдердің тіркесу тәсілі аздап оны қыпшақ бұлғар, қыпшақ половец тобындағы түркілерге жақындатады. Мысалы Қарақалпақ тіліндегі катігез: бауыры тас, бай; тұрмысты: Ауқатты жақсы; маңлайы қара «бақытсыз» түрінде; ал тобығы толған «есейген» түрінде кездесуі татар, башқұрт тілдерімен құрылымдық ортақтығын сақтағандығын танытады.

Сонымен қатар қазақ тілінде мүлдем кездеспейтін фразеологизмдер де көптеп кездеседі. Мысалы: жуулмаған қасықтай «сүйкімсіз, орынсыз әр іске кірісетін адам»; терис жоңқа «қырсық адам»; адалға қарсы жоқ «кедей»; ай менен жарысқан «айдай сұлу»; аттың қасқасындай «айдан анық»; ашылмаған маңдай, жазық маңлай, қара маңлай «бақытсыз адам», кәлә моллани көрмеген «тәрбиесіз адам» т.б. Дегенмен, қарақалпақ тілі барлық жағынан қазақ тіліне жақын тіл екендігін фразеологизмдерінен көруге болады. Қазақ қарақалпақ тілдері фразеологиясындағы басты айырмашылықтар негізінен лексика семантикалық деңгейде ғана қалыптасқан. Яғни, қарақалпақ тілі лексикасындағы араб, иран элементтерінің молдығы ол тілдің фразеологиясына да әсерін тигізбей қалмаған. Ал, ноғай тілі ноғай қыпшақ тобындағы тілдік белгіні фразеологиясында толық сақтаған. Соған қарамастан, ноғай тілі Алтын Орда дәуіріндегі бұлғар, половец тобындағы тілдердің тығыз қарым қатынаста болған дәуірдегі тілдік белгілері де байқалады, әрі қазіргі халықтың орналасу территориясына байланысты тілдік ареалдық өзгерістерге де ұшыраған.

Қарақалпақ тілі – Қарақалпақ Республикасының мемлекеттік тілі, қарақалпақ халқының ана тілі, Қазақстандағы қарақалпақ диаспорасының экзогенді тілі болып табылады. Қарақалпақ тілі шығу тегі бойынша Алтай тілдері жанұясының түркі тілдер тобына енеді, қыпшақ тобының қыпшақ-ноғай бұтағына жатады. Қарақалпақ тіліне ноғай тілі мен қазақ тілі жақын [51, 165 б.].

Өзбекстанның Хорезм, Ферғана облысы, Түрікменстанның Ташауыз облысы, Қазақстанның кейбір аймақтарында, Ресейдің Астрахан облысы мен Ауғанстан аумағында мекендейтін қарақалпақтар осы тілде сөйлейді. Қарақалпақ тілі – Қарақалпақстан Республикасының

қорғауында әрі тіл туралы арнаулы заң бекітілген. 1989 жылдың 1 желтоқсанында Қарақалпақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің сессиясында қарақалпақ тіліне мемлекеттік тіл мәртебесі берілді. Заңға сәйкес, қарақалпақ тілінің Қарақалпақстан Республикасының бүкіл аумағында мемлекеттік тіл ретінде қолданылуына құқықтық негіз белгіленген. Қазіргі кезде 1 желтоқсан Қарақалпақ тілінің мерекесі ретінде тойланады.

Атақты түркітанушы Н.А. Баскаков, қазақ және қарақалпақ тілдерін салыстыра отырып, екі халықтың этникалық ортақтығын дәлелдейді. Ғалым өзінің генеологиялық жіктемесінде қарақалпақ тілін қыпшақ тобына қосады және қазақ пен ноғай тілдеріне жақындығын ерекше айшықтайды. Ол бұл үш тілді қыпшақ-ноғай топшасында топтастырып, Үлкен Ноғай ордасы кезінде қалыптасқандығын алға тартады. Дегенмен де, қарақалпақ тілінде Орталық Азиядағы Иран тектес халықтардың тілдік элементтері кездеседі, нақты айтқанда хорезмдік өзбек тілінен енген кірме сөздер ұшырасады [52, 129 б.].

Қарақалпақ тілінде екі диалекті бар: қазақ тіліне жақын *солтүстік-шығыс* диалектісі мен өзбек және түрікмен тілдеріне жақын *оңтүстік-батыс* диалектісі. Ферғанадағы қарақалпақтардың тілі үшінші диалектісін құрайды деген болжамдар да бар. Солтүстік диалектісі Қарақалпақстанның Қараөзек, Тақтакөпір және Арал теңізінің жағалау маңындағы аудандарында, ал Оңтүстік диалектісі Кегейлі, Қоңырат, Төрткүл, Қожаелі, Шымбай, Шуманай, Еллікқала, Беруни секілді аудандарында қолданылады. Алайда бұл екі диалекті арасында кейбір дыбыстық өзгешеліктерден бөлек, айтарлықтай алшақтық байқалмайды. Қазіргі қарақалпақ әдеби тілі солтүстік-шығыс диалектісі негізінде қалыптасқан. Большевиктік билікке дейін араб жазуына негізделген ортаазиялық түркі әдеби тілі қолданылған. Өзбек тілімен тығыз қарым-қатынаста болу қарақалпақ тіліне, әсіресе, оның лексикасы мен морфологиялық құрамына әсер еткен.

Қарақалпақ тілінің негізгі сөздік қорын қыпшақ тіліндегі сөздер құрайды, мысалы: белбау (белбеу), алғайман (аламын), ийт (ит), илимпаз (ғалым, білімпаз), т.б. Қарақалпақ тілінде 9 дауысты, 26 дауыссыз дыбыс бар. Басқа да қыпшақ тілдері секілді күшті экспираторлық екпін соңғы буынға түседі.

Үндестік заңына сәйкес езулік, еріндік дауыстылардың үйлесімділігі басым, мысалы: не қылып – неғып, кесбе (кеспе).

Басқа түркі тілдері сияқты қарақалпақ тілі де жалғамалы тілдер қатарына жатады, мысалы: соқлық (соқтығу, қақтығысу), исле (істе), жүрөк (жүрек). Қарақалпақ тіліндегі сөз таптары үш топқа жіктеледі:

1. Атауыш сөз таптары.
2. Көмекші сөздер.
3. Одағай.

Қарақалпақ тілінде өзбек тілі секілді алты септік бар. Сөз құрамына қарай түбір сөз бен қосымша болып бөлінеді. Қосымшалар лексика-грамматикалық сөз тудырушы, функционалды-грамматикалық сөз тудырушы және сөз түрлендіруші болып үшке жіктеледі. Мысалы: темирши (ұста), еин (егін), жолша (соқпақ). Қарақалпақ тілінде өзбек лексикасы мен грамматикасының күшті ықпалы байқалады. Бұл жағдайды қарақалпақ тілінің өзбек тілі ареалы ішінде қолданылуымен түсіндіруге болады. Қарақалпақ жазба тілі XX ғасырдың басында, яғни Қарақалпақ автономды облыс болып құрылған 1925 жылдан кейін Орта Азия халықтары үшін ортақ Шағатай тілі негізінде пайда болды.

Қарақалпақ тілі Қазақстанның Жамбыл, Ақтөбе мен Оңтүстік Қазақстан облыстарындағы этно-мәдени орталықтарда, қоғамдық бірлестіктерде және мүшелері арасында қарақалпақ өкілі бар отбасыларда қолданылып келеді.

Орфография (жазу ерекшелігі) 1920 жылға дейін жеке қарақалпақ жазуы болмады. 1924-1928 жылдар аралығында исламдық жәдитшілдіктің ағартушылық нышаны байқалып, қарақалпақ жазу жүйесі араб әліпбиі негізінде пайда болды. 1928-1940 жж. аралығында латын жазуы (Жаңа әліп), одан әрі кирилл әліпбиі қолданылды. Орта Азия халықтары арасында қолданылған бірыңғай кирилл әліпбиінің болмауы қарақалпақ әліпбиін тағы да өзгеріске ұшыратты. 1945 жылы қарақалпақ кирилл жазуына мынадай жаңа әріптер енгізілді: ә, ң, ө, ұ, ү. Өзбекстан тәуелсіздігін жарияланғаннан кейін, 1994 жылы латын әліпбиіне негізделген жаңа өзбек жазуы, оның артынша қарақалпақ тілі жаңа латын әліпбиі бекітілді. Қарақалпақ әліпбиіне соңғы өзгертулер мен толықтырулар 2009 жылы енгізілді. Бірақ күні бүгінге дейін ескі үлгідегі кириллдік жазу қолданылып келеді. Төмендегі кестеде үш әліпбидің және

ондағы әріптердің Халықаралық фонетикалық әліпби ІРА-дағы белгіленуі көрсетілген.

*Сауалнама бойынша қарақалпақтардың әлеуметтік-лингвистикалық жағдайын статистикалық талдаудың қорытындылары.*

Қарақалпақ халқының әлеуметтік-лингвистикалық жағдайын зерттеу үшін дайындалған сауалнаманы Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің түркология кафедрасының және М.Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университетінің студенттері мен магистранттары жүргізді. «Пост-кеңестік Қазақстандағы түркі халықтарының тілі мен мәдениетінің ықпалдастығы» атты халықаралық жобаны орындаушы қазақ және неміс ғалымдары 2014 жылдың наурызынан 2016 жылдың мамырына дейін Қазақстанның барлық аймақтарына далалық экспедициялар ұйымдастырды, оған аталмыш білім ордаларының студенттері мен магистранттары да тартылды.

Далалық лингвистикалық зерттеулер Қазақстанның түркі тілдері бойынша өте сирек тілдік материал жинауға мүмкіндік берді. Аудио және бейне жазбалардың материалдары құжатталды, содан кейін ауызша сөйлеудің әрбір үзіндісіне жеке транскрипция жасалды. Сұхбат аяқталғаннан кейін метамәліметтер сауалнамасы толтырылды. Қазіргі таңда Қазақстанда ресми түрде 2828 қарақалпақ диаспорасының өкілдері өмір сүріп жатса, олардың 42-сі сауалнама сұрақтарына жауап берді.

Халықаралық жоба аясында жүргізілген сауалнама қорытындысы бойынша, қарақалпақ отбасыларының басым көпшілігі аталарының қазақ жеріне қашан және қандай жағдайда қоныс тепкенін дәл, нақты айта алмайды. Сауалнаманың «Қашан көшіп келдіңіз?» деген сұрағына оған қатысушы 42 қарақалпақтың 30-ы, яғни 71,4% нақты жауап бермеген, ал келу себебін олардың 6-ы (14,2%) «отанға оралу», 4-і (9,5%) «жұмыс үшін», 3-і (7,1%) «білмеймін», 1-і (2,3%) «денсаулығыммен байланысты» деп көрсетсе, 28-інің (66,6%) жауап мәліметтері жоқ. «Қазақстанға жер аударылдыңыз ба?/депортацияландыңыз ба?» сұрағына 37 адамның 24-і (64,9%) – жоқ, 1 адам (2,7%) – ия деп жауап берген, ал 12 адамның (32,4%) жауап мәліметі ұсынылмаған. Жауап мәліметтерінен қарақалпақтардың мәжбүрлі түрде көшіп келмегендерін және олардың арасында қазақ жерін өздерінің ескі отаны санайтын адамдардың да бар

екенін көрсетеді. Бұл әрине ортақ тарихтан өрбіген туыс халық арасында кездесетін қалыпты жағдай.

Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін елдегі этнодемографиялық жағдай күрт өзгерді. Қазақстаннан Ресейге және Еуропа елдеріне көші-қон процесі ел халқының санын 9,1 % төмендетті. Тәуелсіздік жылдары Қазақстандағы түрлі этнос өкілдерінің басым көпшілігінің саны күрт төмендеді. Алайда қарақалпақ диаспорасы өкілдерінің керісінше 1989 жылдардан 2006 жылға дейінгі өсу динамикасы байқалды. Бұл өсім негізінен қарақалпақтардың көшіп келу факторымен сипатталды.

Жүргізілген жоба аясында қарақалпақ этно-мәдени орталықтарының көмегімен қарақалпақ халқы өкілдерімен кездесулер өткізіліп, сауалнама жүргізілді. Сауалнама алынған респонденттердің барлығы дін ұстану және ұлттық салт-дәстүрлер мен тағамдарды сақтай білудің, ұлттық танымның қажеттігін көрсетті. Зерттеу сұхбат алу (интервью), сауалнама толтыру және сауалнаманы талдау әдісі бойынша жұмыстар жүргізілді. Этникалық жіктелім: сауалнама алынған 36 қарақалпақ-респонденттің 9-і (25%) – ер адам, 27-сі (75%) - әйел.

Этникалық таным:

- төлқұжаты бойынша 33 қарақалпақтың басым көпшілігі – 30 адам (90,9%) өздерін қарақалпақ;
- 2-еуі (5,5%) қазақ деп көрсетсе;
- 1-еуінің (2,7%) - мәліметі жоқ.

Ал ұлттық таным бойынша 37 қарақалпақтың:

- 30-ы (81,1%) – өздерін қарақалпақ;
- 5-еуі (13,5%) – қазақ;
- 1-еуі (2,7%) – өзбек деп таниды;
- 1-еуінің (2,7%) - мәліметі жоқ.

Әкесінің ұлты: 30 адам (81,1%) – қарақалпақ; 5-еуі (13,5%) – қарашай; 2-нің (5,4%) – мәліметі жоқ.

Сауалнама талдамасы көрсетіп отырғандай. Әке тарапынан қарақалпақтардың ұлттық құрамы тек екі ұлттан тұрады, көрінген қарашай ұлтының үлес салмағы өте аз.

Ал қарақалпақтардың аналық тармағы бойынша құрамында тек үш ұлттың қатыстылығын көреміз:

–24 адам (64,9%) – қарақалпақ;

–6 адам (16,2%) – қазақ;

– 6 адам (16,2%) – өзбек.

Осылайша, қарақалпақ этносындағы аралас некелі жанұяларда әке тармағы басымдылықты құрайды, сондықтан барлық мәлімет әке тарапы бойынша беріледі. Этникалық танымда ұлтына қарамастан әке жағына басымдық беріліп, жанұядағы баланың ұлты әкесінің ұлтымен анықталады. Қарақалпақ жанұяларында, басқа да ислам сеніміндегі түркі халықтары жанұяларындағы секілді әке беделі өте жоғары саналады. Дегенмен, осыған қарамастан, аралас некелі жанұяларда ұлты қарақалпақ ер адамдар да, ұлты қарақалпақ қыздар да басқа ұлт өкілдеріне үйленіп, тұрмысқа шыға алады. Бірақ көп жағдайларда қарақалпақтар қазақтармен үйленгендігін көреміз. Қазақстандағы қарақалпақ отбасыларында аралас неке басым және аралас некеге ешқандай шектеу қойылмаған, тек кейбір отбасылар славяндармен (8,3%), корейлермен (5,5%), түрікмендермен (2,7%) некелесуді құптамайды. Сондай-ақ, қарақалпақтар да қазақтар секілді өз руластарымен үйленбейді. Қарақалпақтардың аралас некелеріндегі ұлттық үлес салмақ келесідей көрінеді:

–25 адам (67,6%) – қазақтармен;

–2 адам (5,4%) – өзбектермен;

–1 адам (2,7%) – қарақалпақтармен;

–9 адамның мәліметтері жоқ.

Ал аралас отбасыларда бала ұлтының белгіленуі төмендегідей көрініс табады:

–16 (43,2%) - баланың ұлты қазақ деп жазылған;

–8 (21,6%) - баланың ұлты қарақалпақ деп жазылған;

–2 (5,4%) - баланың ұлты өзбек деп жазылған;

–11 (29,7%) - баланың ұлты көрсетілмеген.

Талдау нәтижелерінен көрінгендей, сауалнамаға қатысқан қарақалпақ өкілдерінің басым бөлігін әйелдер құрайды және олар қазақ ерлерімен тұрмыс құрып, балаларын қазақ ұлты ретінде танытады. Демек, қазақстандық қарақалпақ диаспорасында жергілікті этнодемографияға сіңу, ассимиляциялану факторы анықталып отыр.

Сауалнама қатысқан үлкен және орта буынды респонденттер ана тілін жақсы біледі және қарақалпақ тілін шұбарламай жақсы меңгерген. Қарақалпақтардың барлық буын өкілдері қазақ тілін түсіне алады.

Сауалнаманың отбасында мектеп жасына дейінгі балалармен қай тілде сөйлесесіз сұрағының жауабы бойынша қорытындысы:

- 12 (32,4%) – тек қана қазақ тілінде;
- 7 (19,4%) – тек қана қарақалпақ тілінде;
- 3 (8,5%) – қарақалпақ және орыс тілінде;
- 3 (8,5%) – қарақалпақ және қазақ тілінде;
- 2 (5,4%) – қарақалпақ, қазақ және орыс тілінде;
- 2 (5,4%) – қазақ және орыс тілінде;
- 1 (2,7%) – қазақ және өзбек тілінде;
- 1 (2,7%) – тек қана орыс тілінде;
- 1 (2,7%) – басқа тілде;
- 5 (13,5%) – мәліметі көрсетілмеген.

Сауалнаманың отбасында мектеп жасындағы балалармен қай тілде сөйлесесіз сұрағының жауабы бойынша қорытындысы:

- 15 (40,5%) – тек қана қазақ тілінде;
- 7 (18,9%) – тек қана қарақалпақ тілінде;
- 2 (5,4%) – тек қана орыс тілінде;
- 2 (5,4%) – қарақалпақ және қазақ тілінде;
- 2 (5,4%) – қарақалпақ, қазақ және орыс тілінде;
- 2 (5,4%) – қазақ және орыс тілінде;
- 1 (2,7%) – қарақалпақ, қазақ және өзбек тілінде;
- 1 (2,7%) – қазақ және өзбек тілінде;
- 1 (2,7%) – басқа тілде;
- 4 (10,8%) – мәліметі көрсетілмеген.

Отбасында ересектермен қай тілде сөйлесесіз сұрағының талдауы:

- 18 (48,6%) – тек қана қазақ тілінде;
- 5 (8,1%) – қазақ және орыс тілінде;
- 3 (5,4%) – қарақалпақ, қазақ және орыс тілінде;
- 2 (5,4%) – қарақалпақ және қазақ тілінде;
- 2 (5,4%) – қарақалпақ, қазақ және орыс тілінде;
- 1 (2,7%) – тек қана қарақалпақ тілінде;

-1 (2,7%) – қазақ, орыс және өзбек тілінде;

-1 (2,7%) – тек қана орыс тілінде;

-6 (16,2%) – мәліметі көрсетілмеген.

*Басқа ұлт өкілдерімен қай тілде сөйлесесіз сұрағының талдауы:*

-21 (56,8%) – тек қана қазақ тілінде;

-4 (10,8%) – қазақ және орыс тілінде;

-2 (5,4%) – тек қана орыс тілінде;

-1 (2,7%) – қарақалпақ және қазақ тілінде;

-1 (2,7%) – қарақалпақ, қазақ және орыс тілінде;

-1 (2,7%) – қазақ, орыс және өзбек тілінде;

-7 (18,9%) – мәліметі көрсетілмеген.

Тілдік жағдайды талдау нәтижелері Қазақстандағы қарақалпақтар үшін «тілдік фактордан» туындайтын мәселелердің жоқтығын көрсетті. Қарақалпақтардың көбі (70%) қазақ тілін еркін меңгерген немесе олардың басым бөлігі (83,3%) қазақ тілінде түсінісе алады. Респонденттердің ешбірі тілдік негіздер бойынша олардың құқықтарын бұзу фактілерін белгілеген жоқ. Тіл саясатының неғұрлым қолайлы модельдері ретінде қазақстандық қарақалпақтар мемлекеттік тіл – қазақ тілін және ресми тіл – орыс тілін қатар қолданатын «қос тілді» болып келеді (95%).

Сонымен, талдау қорытындысы бойынша:

– 11 адам (29,7%) – қазақ, қарақалпақ және орыс тілдерінде еркін сөйлейді;

– 11 адам (29,7%) – қазақ, қарақалпақ және орыс тілдерінде еркін оқиды;

– 9 адам (24,3%) – қазақ, қарақалпақ және орыс тілдерінде еркін жазады;

– 13 адам (35,1%) – қазақ, қарақалпақ және орыс тілдерінде еркін түсінісе алады;

– 11 адам (29,7%) – қазақ тілінде кітап, газет, журнал және хабарландыруларды еркін оқи алады;

– 12 адам (32,4%) – қазақ тілінде дәріс, сұхбат, баяндама, телебағдарламалар мен радио хабарларды тыңдап, түсіне алады;

– 13 адамға (89,4%) – қазақ тіліндегі концерттік және сахналық бағдарламалар тыңдау түсінікті;

– 19 адам (51,4%) – қазақ тіліндегі фильмдерді олардың ана тілінде түсіндірудің қажеті жоқ деп жауап берген.

Барлық респонденттер өздерін өз ұлтының толыққанды мүшесі деп санайды. Қарақалпақтар жеке тұлғасын белгілейтін факторларда, ең алдымен, өздерін өз ұлтының құндылықтарымен тұтас қарастырады (сауалнамаға жауап берген 37 адамның 30-ы (81,1%) ислам дінін ұстанады), екінші кезекте – жалпы қазақстандық азамат ретінде куәландырады (96,4%).

Қазақстандық қарақалпақ диаспорасының өкілдері қазақтар және елде тұратын басқа этникалық топтар арасында ешқандай қақтығыстар мен шиеленістер жоқ деп көрсетеді. Сауалнаманың бұл сұрағына респонденттердің 21-і (50%) ешбір қақтығыстың кездеспейтінін белгілесе, 18-і (42,8%) жауап бермеген, 2 адам (4,7%) «білмеймін» деп жауап берген, тек бір ғана адам (2,3%) ұйғырлармен қақтығыс бар деп көрсеткен.

Тұтастай алғанда, Қазақстанда белгілі бір «қарақалпақтық мінез-құлық үлгісін» бөліп қарастыру мүмкін емес, алайда зерттеу нәтижесі бұл этникалық топтың мынадай екі ерекшелігін көрсетеді: оның бірі – қақтығыссыз әлеует болса, екіншісі – этносаралық өзара ықпалдастық үшін ашықтық деңгейінің жоғарылығы. Сұралғандардың 89,4% басқа этнос өкілдерімен некелесуге болатынын білдірді, бірақ іс жүзінде аралас неке олардың 44,8%-ында көрініс тапқан.

Қарақалпақ халқының құрамы күрделі болып, көптеген тайпалардың бірігуінен құралды. Ерте кезден жартылай көшпелі халық болған. Олар көне заманнан бері мал шаруашылығымен, суармалы егіншілікпен және балық аулаумен шұғылданып келеді. Дәнді дақылдардан бидай, арпа, күріш, тары екті, бақша жемістерін, әсіресе жүзім өсірді, әр отбасының өз бау-бақшасы болды. КСРО тұсында Өзбекстанда ауланатын балықтың 90%-ын қарақалпақтар беріп келді. Алайда Арал апатына байланысты балық аулау кәсібі үлкен күйзеліске ұшырады.

Балық – қарақалпақтардың сүйікті асы болып келеді. Қарақалпақ дастарқанында балықтан жасалатын тамақ түрлері де көп. Мысалы қуырма балық, бұқтырма балық, қарма, уылдырық нан, қақпаш

(кептірілген балық) т.б. Қарақалпақтардың күнделікті қорегінде сүт тағамдары, қауын мен асқабақ көбірек пайдаланылады.

Қолөнер қарақалпақ халқының дәстүрлі кәсібі болып табылады. Ерлері көбіне ағаш ұсталығы, ершілік, зергерлікпен, ал әйелдері тоқымашылық, кілем тоқу, киіз басумен айналысты. (Массон 1953:23). Ұста шеберханасы *дуқан* деп аталып, басқа да түркі тектес халықтардың түсініктегідей ол жер киелі орын саналды. Киіз үйдің ағаш бөліктерін жасайтын шеберді үйші деп атады. Халық түсінігінде олардың Ибрахим Халил (ең алғашқы киіз үйді жасаушы) деп аталатын қоғаушы пірі болды. Үйді жасауды бастар алдында шебер піріне дұға жасайтын. Үйшілер көбінесе бес, алты, жеті қанатты киіз үйлерді жасады [29, 156 б.].

Қарақалпақтардың зергерлік өнері көркемдік ерекшелігімен және орындалу техникасымен ерекшеленеді. Олар көбіне күмістен жасалып, көлемі ірілеу, өрнектелген, түрлі салпыншақтармен безендірілген болып келеді. Кейбір зергерлік өнімдері қазақтың әшекейлерімен ұқсас болып келеді. Ұлттық киім үлгілері тек үлкен буын өкілдерінде көрінді. Көне қарақалпақ киімдері өте сәнді, әсіресе әйелдердің бас киімдері мен жамылғылары алуан түрлі болды. Көне қарақалпақ киімдерінің жұрнағын тек қазіргі әйел көйлектерінен ғана байқауға болады.

## ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

34 <https://assembly.kz/>

35 Национальный состав населения Республики Казахстан. Том 4. Часть 3. Население Республики Казахстан по национальностям и состоянию в браке. / Итоги переписи населения 1999 года в республике Казахстан. Статистический сборник / Под ред. А.А.Смаилова. – Алматы: Агентство РК по статистике, 2000. – 208 с.

36 Этническая история и традиционная культура народов Средней Азии и Казахстана, – Нукус, 1989.с. 325

37 Жданко Т. А. Каракалпаки. В кн. Народы Средней Азии и Казахстана. Т. 1 – М., 1962.с. 253

38 Қазақ-қарақалпақ тарихи-мәдени байланысының өзара ықпалдастығы. /Бекмаханов тағылымы – халықаралық ғылыми конференция материалдары -Алматы. -2004. -127-130 бб.

39 Қазақстандағы қарақалпақ этникалық топ өкілдерінің әлеуметтік-тұрмыстық жағдайына қатысты кейбір мәселелер /Национальные традиции здорового образа жизни: сборник материалов республиканского круглого стола – Алматы, 2004. -129-134 бб.

40 Қазақстан этностары. Фотокітап. – Алматы, 2013.–250 б

41 Қалыш А.Б. Қазақстан Республикасындағы ұлттық-мәдени орталықтар: тарихы мен қызметі // «Дулатова оқулары: тарих ғылымы және қазіргі Қазақстан, Ресей мен Орта Азия мемлекеттеріндегі тарихи оқыту» атты көрнекті қазақстандық тарихшы, ғылымды ұйымдастырушы профессор Д.И. Дулатованың 80 жылдық мерейтойына арналған халықаралық ғылыми конференция материалдары. 31 наурыз-1 сәуір 2011 жыл. – Алматы, 2011.

42 Мы –казахстанцы (сборник материалов об этнических объединениях

Жамбылской области). – Тараз, 2010.– С. 52

43 Қазақстан халықтары Ассамблеясы тарихи очерк. –Алматы, 2010.– 189 б.

44 Жалмырза А.А. Қарақалпаки – Тюркские этносы в Казахстане. – Астана. <https://stat.gov.kz/census/national/1999>

45 Национальный состав населения Республики Казахстан. Том 1. Итоги переписи населения 2009 года в Республике Казахстан. Стат. сборник. – Алматы, 2010. - 199 с.

46 Махмуд Қашқари. Түбі бір түркі тілі («Диуани луғат ит-турк»). – Алматы: «Ана тілі», 1993.– С. 78-93

47 Қайдар Ә., Оразов М. Түркітануға кіріспе. – Алматы: «Арыс», 2004.– 256 б

48 Кеңесбаев І., Мұсабаев Ғ. Қазіргі қазақ тілі. Лексика. Фонетика. – Алматы, 1962.– 158 б

49 Қазақ АКСР-і және Қарақалпақ Автономиялық облысының құрылуы /Қазақстан тарихының мәселелері. Жас ғалымдардың зерттеулері. – Алматы: ҚР БҒМ Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты. -2000. –34-38бб.

50 Баскаков Н.А. Тюркские языки / Отв. ред. Г.Д. Санжеев; Институт языкознания АН СССР. — М.: Издательство восточной литературы, 1960. — 248 с.

51 Тенишев Э.Р. (отв. ред.) Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. Фонетика.- Москва: Наука, 1984. — 488 с.

52 Баскаков Н.А. Қарақалпақский язык. Том II. М.: Изд-во АН СССР, 1952. - 544 с.

### III ҚАРАҚАЛПАҚТАРДЫҢ ОТБАСЫ МЕН НЕКЕСІ

#### 3.1 Отбасы құрылымы

Қарақалпақтар екі үлкен топқа (қоңырат және 14 ру) бөлінген (арыс). Арыстар өз кезегінде тайпаларға, тайпалар руларға, рулар-рулық бөліністерге, рулық бөліністер – отбасылық–туыстық бөлінді.

Қарақалпақтарда отбасылық - туыстық топтар көше деген атпен белгілі. Т.А. Жданко оларды «үлкен патриархалық отбасының өзіндік қарақалпақтық формасы» деп атаған. Т.А. Жданко мен А.Т. Бекмуратованың материалдарына қарағанда көше бір-біріне жақын тұратын бірнеше (6-10) шағын отбасыдан құралған. Оларда барлық отбасының отағалары бір атаның болған балалары сөйтіп, көшенің барлық ер адамдары аталас туыс еді. Әрбір топты бай әрі беделді қариялардан сайланатын басшысы көше би немесе көтқұда басқарады. Көше әдетте осы басының атымен немесе үш-төрт ата бұрын өмір сүрген бабаның атымен аталады. Жер де көше бойынша бөлінеді. Хиуа хандығында, мысалы, тұсқан отбасылар–ұсақ шаруашылық және әкімшілік бірлік болып табылатын ауылды сирек құрады, кейде бірнеше көше ірі елді мекенге бірікті.

Рубасы іс жүзінде көшенің барлық жерлеріне ие болды, айталық, ауыл шаруашылық жұмыстарының жүргізілу мерзімін белгіледі, отбасылардан салық жинады. Топқа енетін отбасылар, бірігіп мал бақты, балық аулады, сондай-ақ, шаруашылық байланыстармен қатар үйлену тойын, шілдехананы, сүндет тойын, жерлеу рәсімін, яғни отбасылық ғұрыптарды бірге атқарды.

Мысалы, қазақтарда мұндай отбасылық - тұрмыстық топ ауыл-қыстау деп аталады. Мұндай ауыл шамамен, бір атадан тараған туыс он шақты жанұядан тұрады. Бұл бірлестіктің ауыл қыстау деп аталу себебі, қыста өз киіз үйлерін бір-біріне жақын етіп тіккен (немесе қыстық тамдары жақын орналасқан). Кейде ауыл - жайлау деп те аталған [53, 58 б.].

С.М. Абрамзон мен Т.А. Жданконың еңбектерінде экономикалық мүддеге байланысты біріккен бірнеше кішігірім туысқан отбасылар жайлы айтылады. «Үлкен отбасылардың ыдырауы нәтижесінде,

экономикалық және территориялық бірігудің кейбір белгілері бар неғұрым үлкен әлуметтік бірлестік пайда болды. Бұл бірлестіктер бір атадан тараған, туысқан отбасылардан құралған отбасылық-туыстық топтар болатын»,- делінді [54, 96 б.].

XIX ғасырдың аяғы - XX ғасырдың басында шағын жеке отбасы – Орта Азия үшін отбасылардың негізгі түрі саналды. Шағын отбасы әдетте, ата-аналардан және үйленбеген балалардан құралған: оған қоса отбасының мүшесі болып, айталық отағасының бойдақ ағасы немесе қарындасы т.б. саналған. Әрине, шағын отбасыларда да патриархалдық қалдықтар әлі де болса сақталған еді.

Енді осы белгілерді қарастырайық. Бірінші кезекте көп әйел алушылыққа тоқталсақ. Орта Азия халықтарында көп әйел алушылыққа тек қана дәстүрмен емес, шарифатпен де рұқсат етілгені бізге белгілі, алайда ол жаппай сипат алған жоқ. Ең алдымен ол экономикалық мүмкіндіктермен байланысты болды да, сондықтан көбінесе ауқатты жанұяларда кездесті.

Ферғананың ауқаты қарақалпақтарының екі әйел алушылығы туралы XIX ғасырдың аяғында В және М. Наливкиндер былай деп жазды: «Ауқатты ауыл халқында екі әйел алу-аңғардың түбінде орналасқан жыртылған жері, Сондай-ақ жыл сайын жазда жайылымға кететін малы бар қарақалпақтарда, қыпшақтарда және қырғыздарда жиі кездеседі. Бұл отбасыларда бір әйелі жерге қарайласа, ал екіншісі – көктем мен жазды жайлауда өткізеді» [55, 231 б.].

Т.А. Жданко мен А.Т. Бекмуратова қарақалпақтарда патриархалдық тұрмыс пен оған деген отбасы мүшелерінің қарым-қатынасының тұрақтылығын атап өтеді. Отағасының билігі шексіз болған. Оның жөн сілтеуі бұзуға болмайтын заң еді. Әкеге қарсы келуге, онымен салғыласуға тыйым салынған. Әкесі, әдетте ұлына қалыңдықты өзі тандаған, тіпті бөлінгеннен кейін де ұлдары өз бетімен еш мәселені шешіп, шаруашылықты жүргізе алмады. Ұлы, қызы немесе әйелі үшін отағасы - әкенің қарғысын алу ең үлкен бақытсыздық саналды. Отбасында әйелдің жағдайы ауыр болды. Ол отбасының толыққанды мүшесі деп есептелмегендіктен, әкесіне, кейін күйеуіне бағынуға тиіс еді. Әкесі қызының келісімінсіз оны қалың малға сатты. Күйеуі кез-келген сәтте ешқандай себепсіз ажыраса берді. Әсіресе, жанұяда үйдің барлық

жұмыстарын істейтін, отбасы мүшелерінің барлығына бағынуға тиіс келіннің жағдайы мүшкіл болатын.

Отбасылық некелік қатынастардың дамуын қарастырғанда, онда экзогамия мәселесі маңызды мәселелердің бірі еді.

Қарақалпақтар экзогамиялық нормаларды ұзақ уақыт бойы сақтаған. «Экзогамия - ру ішіндегі некеге тыйым салу қарақалпақтардың қоғамдық құрылысындағы өте ертедегі қалдықтарға жатады», - деп жазады қарақалпақ тұрмысын зерттеуші Т.А. Жданко [56, 92 б.].

Бір рудан шыққан әйел мен ер адам қанша ұрпақ ауысса да некелесе алмаған. Бұл барлық қарақалпақ руларында кездеседі, тек қаңлы мен қайшылы руларын қамтымаған. Қаңлы руының экзогамияның бұзылуының себебі ертеректе ол тайпа болған, кейін сан жағынан азайып ру ғана болып қалған. Ал, қайшылы руына қатысты себеп әрі айқындалмаған.

Хорезмдік қарақалпақтарда экзогамияны бұзғандар жазаланған (рудан қуылған). Бұхаралық қарақалпақтардың салтында да экзогамия болған. Оны Л.С. Толстова атап көрсеткен.

Алайда, таңқаларлығы осы автордың айтуынша экзогамия Самарқанд пен Ферғана даласының қарақалпақтарында жоғалған: Некелескен кезде күйеу жігіт пен қалыңдықтың рулары ескерілмейді. Мысалы, ақ-маңғыт руынан шыққан жігіт осы рудың қызына үйлене алады [57, 114 б.].

Айталық, қарақалпақтармен көршілес жатқан, Амударияның орта ағысының маңында орналасқан түрікмендерде рулық экзогамия болмаған, оның орнын мал-мүлікті өз руында қалдыру мақсатын көздейтін рулық эндогамия алмастырған. Алайда өзге тайпалардан қыз алған адамға қарсылық білдірілмеген [58, 53 б.].

### ***Неке түрлері***

Біздің түсінігімізде, «неке түрі» дегенде неке қандай негізде құрылатыны туралы ой қалыптасуы керек. Белгілі этнограф Н.А. Кисилев Орта Азия халықтарында отбасын құру немесе некелесудің төменгідей түрлерін атап көрсетеді:

1. XIX ғасырдың аяғы - XX ғасырдың басында Орта Азия халықтарында некелесудің ең негізгі түрі қалыңдықты қалың мал төлеп алу арқылы жүзеге некелесу болды.

2. Патриархалды - рулық құрылыс жүйесінің әлсіреуіне байланысты моногамды неке.

3. Әмеңгерлік салт (левират).

4. Сорорат (балдыз алу).

5. Бесіктен атастыру (ақлай құда).

Ең бірінші қалың малға тоқталайық. Қалың мал қызды тәрбиелеп, өсірген әкесіне және шешесіне «сүт ақы» ретінде төленген.

Айталық, қалың мал төленіп болғаннан кейін жас-жұбайлардың біреуі қайтыс болса қалың мал қайтарылған. Алайда басқаша жағдайлар да кездескен: егер күйеу жігіт қайтыс болса, ал қалыңдығы қаза болса, қалыңдықты оның ағасына немесе туысына әйелдікке әперіп, ал қалыңдығы қаза болса, күйеу жігіт қалыңдықтың сіңілісін немесе туысқан қызын ала алған. Некелескен кезде қалың малдың мөлшеріне де ерекше мән берілген. Қарақалпақтарда қызды күйеуге қалың малсыз беру оның отбасы мен туысқандары үшін ұят саналған. Қалың малды төлеу қиынға соққандықтан, күйеуі әйелінен 20-25 жас, кейде одан да үлкен болуы жиі кездесті. Қалың малды алу үшін ата - анасы қызын жек көретін адамына тиюге де мәжбүрлеген.

Қарақалпақтар арасында қалыңмал басының мөлшері көп болған. Мәселен, қалың ірі қара мал мөлшерімен белгіленген. Құдалардың байлығына қарай ол 40, 60, 80 не 100 бас ірі қараға (тууар) есептелген [59, 497 б.].

Т.А. Жданконың еңбегінде: «тууар құрамына алты жақсы: мылтық, бас ат ер-тұрманымен, шет (жас) ат, бас өгіз, шет (жас) өгіз және сегіз жел баспақ (қысыр құнажын) кіретін. Осылардың бәрі 28 сиырға теңелетін. Ал қалыңға 60 тууар болған жағдайда 6 жақсыға 12 сиыр қосатын. Жасау құрамына бір ат жегулі арбасымен, киім-кешек, әр түрлі ұсақ-түйек», - деп көрсетіледі. Бірақ тууардың мөлшері заманның өзгеруіне байланысты шартты болып, оның саны әрбір аймақтарда өзгеріп отырды. Қалыңмалдың орта мөлшері 8 ірі қара малға, 8 ұсақ малға, 4 атқа, 5 пұт тұқымға, 10 пұт ұнға, 8-25 матаға (5 аршын



бойынша), әр түрлі азық-түлікке (қант, темекі, құрғақ жемістер) теңестірілді А.Т. Бекмұратова өзінің еңбегінде [60, 13 б.].

«Кейбір жағдайларда қалыңмал алдау мен алыпсатарлыққа айналатын, содан кейін қызды басқа біреуге күйеуге беру жөнінде әр түрлі себептерді ойлап табатын. Қалың біртіндеп ақша түріне айналады.

Л.С. Толстованың мәлімдеуінше зеравшандық қарақалпақтарда қалың мал мөлшері 20-дан 200 қойға дейін жеткен. Ал Ферғаналық қарақалпақтарда тұрмысы орташа отбасыларда ол 7-9 ірі қара малды құраған. Ауқатты адамдарда қалың мал мөлшері 30-35 ірі қараға, кейде тіпті 40-80 бас малға жеткен [61, 96 б.].

Бұл орайда қазақтардың қалың малы жөнінде этнограф Арғынбаев былай көрсетеді: «Қазақтарда қалың мал мөлшері бес түрлі». Олар:

1. Жүз қырықтың қалыңы (бұл 100 қой, 40 ірі қара деген келісім). Бұл байлар, билердің қалың малы.

2. Жүз жиырманың қалыңы (бұл 100 қой, 40 ірі қара деген келісім). Орташа байлардың қызының қалың малы.

3. Қырық жетінің қалыңы (бұл 40 қой, 7 қара) - бұл байлардың қатын үстіне кедейлердің қызын алғанда төлейтін қалың малы.

4. Он екі қара (дөңгелек қалың) орташаның қалың малы.

5. Сегіз қара-кедейлердің қара малы [53, 112 б.].

Әйел алу үшін міне осындай мөлшерде қалың мал төлеу орташалардың жағдайын нашарлатты, ал кедейлер болса қалың малға ақша жинау үшін жылдар бойы жалшы болып жұмыс істеп, тіпті қырық жасқа дейін үйлене алмай жүрді. Үйленген күннің өзінде жиналған дүниесін қалың малға беріп, мұқтаждықтан арыла алмай жүрді.

Қыздың ата-анасы өз тарапынан жасау берді (бау-шуу). Кедей адамдардың байлармен салыстырғанда жасауы да қарапайым еді. Жасаудың құрамына киіз үй, оның жабдықтары, көрпе-жастық, қалыңдықтың киімдері кірді. Қалың малсыз үйлену мүмкін емес болғанмен жасаусыз күйеуге тие берген. Тек енесі кейде бетіне басатын. Жасау-келінінің жеке мүлігі деп саналады. Бірақ отбасы кедей болса, келіннің жасауын қайын сіңлісі күйеуге шыққанда бере-берген, келін оған қарсылық білдіре алмады.

Қарақалпақтардың үйлену тойы төрт негізге кезеңнен тұрады:

1. Құдаласу.

2. Екі жасты атастыру (помолвка) тойы (қалыңдықтың үйінде өтетін пата той)

3. Некелесу тойы (қалыңдықтың үйінде өтетін негізгі той).

4. Күйеу жігіттің үйінде өтетін той (уллы той).

Бала жолдасының кісі баспайтын жерге адамша жерленуі, бөтен адамнан оны бірнеше күнге дейін қорып жүруі, баладан үзіліп түскен кіндікті көп уақытқа дейін сақтау әдеті әсіресе Хорезм өлкесінде (қарақалпақтар мен өзбектерде) кең тараған. Салыстырмалы түрде, мысалы, Хорезмдік өзбектер мен қырғыздарға бала жолдасы мен бірге асық көмген [62, 77 б.].

Бұл біріншіден, жолдасты жаны бар нәрсе деп есептесе, екіншіден, болашақта сәбидің ата-анасы ұлды болу үшін де осылай жасады. Бұл туралы Г.П. Снесарев магиялық, не ислам дініне дейінгі сенімдер бойынша көмілетін жолдас та, сақталатын кіндік те бала жанының бір бөлшегі деп сенуден шыққан дейді [62, 91 б.].

Әсіресе оған әйел мен оның баласына баласы жоқ әйелді маңына жолатпаған. Оның чиллясы жас босанған әйелге өтіп кетеді деп қорыққан. Егер мұндай әйел кіріп кетсе, бөлме адыраспанмен аласталған.

Жоғарыда атап өтілгендей қарақалпақтарда баласы жоқ әйелдерді организмінің кемістігі емес, құдайдың қаһарына немесе қарғысқа ұшырағандар деп есептеді. Егер ұзақ уақыт бойы бала көтере алмаса, әйелдер «қасиетті мазарлар» басына түнеп құрбандыққа мал шалған. Егер «әулиелі» баба бедеу әйелдің түсіне еніп аян берсе, әйел тілегі қабыл болады деп түсінген. Бірақ, әйел оны 3,7 немесе 40 күн бойы құпия қылып сақтаған. Қасиетті адамның түске енбеуі, оның әйелге наразы болуымен түсіндіріледі. Мысалы, тауап етушінің «қасиетті» бабалар күшіне іштей толық сенбеуі; күнәсінің көп болуы т.б. Бұл рәсімде сиқырдың, анимистік наным – сенімдердің қарақалпақтардың отбасылық ырым – жораларында ата – баба аруағына табыну әлі де басым орын алғандығын дәлелдей түседі. Мысалы, мазарда ас қалдыру, суды мазар маңындағы бұлақтан ішу т.б.

Сірә, осылай ғана, тауап етуші әйел ата-баба аруағының қолдауына ие болған. Белгілі түркітанушы Д. Банзаров өзінің «Черная вера или шаманство, у монголов» атты зерттеу жұмысында түркі-моңғол

халықтарында ата-баба аруағына табыну дәстүрінің тамырын ежелгі көшпелілер (ғұн) заманына апарып тіреді және оның шығу тегін ғұндардың дүние танымымен байланыстырады [63, 81 б.].

Белгілі этнограф-зерттеуші Ш.Ш. Уәлиханов «Қазақтардағы шамандықтың қалдықтары» деген еңбегінде ата-баба аруағына табынуды былай деп көрсетті: «Дамыған рулық құрылысқа тән құбылыстың бірі ата-бабаларға (аруаққа) табыну, өлген ата-бабалардың рухын құрметтеу. Бұл нанымның тамыры тарихи деректе жатыр. Аруаққа табыну белгілі қоғамдық өндірістің даму сатысына сәйкес келіп, оның негізгі идеологиялық қондырмасына айналады. Әйелдің бедеулікке ұшырау себептерінің бірі –жын –перілердің арбауына ілінуі болатын» [64, 101 б.].

Бедеулікті бақсылар (табибтер) да емдеп жазған. Бедеулікті емдеудің келесі түрі қой терісіне орап жазу. Бұған арнайы саулық қой сойылып, жылы теріге түрлі дәрілік шөптердің қайнатпаларын шашып, қойдың шарбы майын әйелдің ішіне қойып, басы мен аяқтарын көрпемен қалындап орап, үш-төрт сағат бойы осы қойдың ет сорпасын беріп терлеткен. Емдеу аяқталған соң тері мен майды ауылдың сыртына көміп тастаған. Бұндағы ұғым – ауру осымен кетеді.

Сондай-ақ, құрсақ көтере алмай жүрген әйелдерге биенің шуын түсісімен ыстықтай құрсақ маңына орап тастап, жазатын әдеті болған. Табибтер бұл әйелдердің бала көтере алмауын көз тиюмен байланыстырып, оларды аң – құспен ұшықтаған («қақтыру» мысалы, тауықпен, қарғамен, балықпен). Ұшықтағанан кейін әйел бойындағы жын – пері аң – құсқа көшеді деп есептеген. Ал осы аң – құстардың етін тек шамандарға жеуге рұқсат етілген.

Қарақалпақтардың келесі тотемі жолбарыс болатын. Жолбарыстың терісіне орануды бедеулікке ем санаған әйелдер өзінің «чилләсін» жолбарыс терісіне ауады деп сенген. Кейде әйел екі қабат болуын 12 жыл бойы күткен, себебі жолбарыс 12 жылда бір күшіктеген екен.

Сондай-ақ, құрсақ көтере алмай жүрген әйелдерге биенің шуын түсісімен ыстықтай құрсақ маңына орап тастап, жазатын әдеті болған.

Бұлардың астарында біздіңше Дж. Фрезердің еңбегінде келтіргендей, жұғысу, жанасу (контагиозная) магияларының

практикалық позитивті әдісімен туындаған емдеу тәсілдерінің түрі байқалады [65, 112 б.].

Нәрестенің кіндігі түскен кезде 3-5 күн өткенде оны тұзды суға шомылдырып киімі алғашқы «ит көйлегін» кигізген. Мысалы, қырғыздар ит-көйлекті бірінші итке, сосын сәбиге кигізген, сондықтан да сәбидің алғашқы киімінің аты да соған байланысты аталған [41, с. 101].

«Ит қырық жанды» болғандықтан, оның осындай қасиеті балаға дариды деп ырымдады. Бұл уақытта «бала қарын ұйқысынан оянады» деп есептеді. Осы кезден бастап анасына үй шаруашылығымен айналасуға рұқсат етіледі. Егер алғашқы үш күнді аман – есен өткізсе, бөгде адамдарға сәбиді көрсетіп, жарысқазан жасаған.

Жеті немесе тоғыз күн өткенде «баланың еті торыққан кезде» сәбиге азан шақырып, ат қойып, бесікке бөлеген.

Бесікті қыздың шешесі әкелген. Баланы бесікке бөлер алдында жастығының астына пияз, бұрыш, пышақ, қайрақ және нан, аяғының астына айна салған. Ол мынадай діни сенімдермен байланысты болатын: бала пышақ сияқты өткір, нан сияқты ұлы азамат болсын, ал өмірі айна тәрізді жарқын болсын деген түсінік.

Бұл міндет негізнен «жасы уллы» қарияларға, молдаларға жүктелген. Баланың есіміне де аса қатты мән берілді. Көбінесе Мұхаммед пайғамбардың, ұлы адамдардың, тарихи тұлғалардың аттары қойылған. Есім таңдағанда күнге (Нұратдин, Нұрсылу, Нұрлан), алтын – күміске (Алтынай, Күміс), қасиетті күндерге (Жұмабай, Жұмагүл) табыну байқалады.

### **Баланы қырқынан шығару**

Баланың туылғанына 40 күн толғанда, оның мойны қатайып, ол дыбысты, жарықты айыра бастайды. Бұл кезде сәбидің ит көйлегін шешіп, (ит – көйлекті иттің мойнына байлап жіберген) оны тұз, тиындар салынған 40 қасық суға шомылдырған.

Бұл күні баланың қарын шашы мен тырнағы алынған. Қарын шашты алған кезде оның болашағымен, ұзатылуымен немесе үйленуімен, дәлірек айтқанда қалың малмен байланыстырды. Ұл баланың шашын, болашақта қалың малды аз төлесін деп ертерек алған. Қыздардың шашын, керісінше қалың малы көп болсын деп жайырақ алады.

Шаш туралы көптеген халықтарда сияқты қарақалпақтарда да қарама – қайшы түсінік қалыптасқан. Бұл жөнінде Л.Я. Штернберг былай деп тұжырымдайды: «Бір жағынан, шаш адам өмірінің ұзақтығымен, оның жанымен байланысты, сондықтан оны кесуге болмайды, негұрлым ол ұзын болса, соғұрлым адам өміріде ұзақ болады, алайда шашта адамның жаны өмір сүретіндіктен, онда қауіп бар, жын – перілер шашқа зиян келтіруі мүмкін, демек, шашты қию керек» [66, 112 б.].

100 күн өтіп, сәби күле бастаған кезде, көрші-қоланға шай берілген.

Жаңа туылған сәбидің бөлмесі, Орта Азияда емдік қасиеттілігімен аса танымал болған шөп адыраспанмен аласталған. Тұмар ретінде қасқырдың тісін пайдалану жиі кездесті, оны нәрестенің бесігіне іліп немесе киіміне таққан. Сәбидің дені сау болып өсу үшін оны қасқырдың терісіне ораған. Қасқырдың танымал болуы кездейсоқ емес, өйткені қасқыр түрік тілдес халықтардың (қарақалпақ, қазақ, өзбек т.б.) тотемі болып табылған. Қарақалпақтарда қасқырмен қатар итке де табынған. Айталық, сәбидің «алғашқы» киімі «ит көйлек» деп аталған.

#### **«Тұсау кесу» рәсімі**

Бала алғаш рет тәй – тәй басқан кезде «Тұсау кесу» рәсімі жасалған. Сәбидің аяғын жіппен байлап, ақылды, көп балалы, жеңілаяқ әйелге тұсауын кестірген. Бұл әйелдің ақылдылығы, бақытты өмірі балаға дариды деп сенген.

#### **«Сүндетке отырғызу»**

Орта Азия халықтарында, басқа мұсылмандарда сияқты, ұл баланы сүндетке отырғызу рәсімі – оны мұсылмандар қатарына қосудың белгісі ретінде саналды. Христиан дінінде бұған шоқындыру рәсімі сәйкес келеді. Сүндетке отырғызу – барлық мұсылмандарға міндетті болатын. Әдетте, баланы 5, 7 немесе 9 жасқа келгенде молда сүндетке отырғызған [67, 186 б.].

Бұл рәсім орындалған кезде баланың шешесі көрші бөлмеде бір саусағын – үнға, екінші саусағын – майға малып отырған. Осылай жасаса баласына жеңілірек болады деп есептеген. Баланың дүниеге келуі мен тәрбиесіне байланысты рәсімдерде магиялық мазмұндағы (фетишизм, тотемизм, анимизм) ырым – жоралар басым екендігін аңғаруға болады. Егер бұл ырымдардың сәбидің өміріндегі алатын ролі бойынша

топтастырсақ, 3 негізгі топты атап көрсетуге болады: залалдан қорғау, сақтандырғыш, жасыру. Аталған шаралардың көпшілігі қазақтардың, өзбектердің, түркімендердің тәжіктердің ырым-жораларымен үндес келеді.

Сонымен, қарақалпақтарда, бала дүниеге келуіне және оның тәрбиесіне байланысты рәсімдері – сиқырға, анимистік, тотемистік сенімдерге толы болды. Бұл наным – сенімдер жиынтығы – Орта Азия халықтарының арасындағы этногенетикалық және этномәдени байланыстардың тығыз болғандығын тағы да дәлелдей түседі.

Жоғарыда атап өтілгендей, Орта Азияның басқа халықтары сияқты, қарақалпақтарда да XIX ғасырдың аяғында – XX ғасырдың басында патриархалдық – рулық қалдықтар әлі де болса сақталды.

Адам өмірінің негізгі кезеңдерімен байланысты жасалатын отбасылық тұрмыстық рәсімдердің (үйлену той, баланың дүниеге келуі, тәрбиесі) барлығында сияқты қарақалпақтар өлімді де туған – туыс, құда – жекжат, ел – жұрт болып аса құрметпен аттандырған. Марқұмды аза тұту – дүние жүзі халықтарының барлығының дерлік жерлеу ғұрпының маңызды бөлшегі. Бұл туралы Л.Я. Штернберг «географиялық жағынан бір-бірінен шалғай орналасқан, мәдени даму деңгейі бір-біріне ұқсамайтын, әр түрлі нәсілге жататын халықтар дәстүрлерінің кейде өте ұқсас келуі таң қаларлық жайт» деп түсіндіреді [68, 204 б.].

Адам өлісімен көзін жауып, иегін таңып, бетін жауып, босағаның сол жағына басын құбылаға қаратып жатқызған. Қарақалпақтарда босағаның сол жағы - отбасылық, ал оң жағы қонақтарға арналды. Марқұмды босағаның оң жағына жатқызу, оны «қонақ» қатарына қосумен тең болды. Мысалы, айттырылған қызды да «оң жақтағы қыз» деп атаған [69, 51 б.].

Халі келгендер өлікке жеке үй тіккен өлікті жерлегенше жеке қалдырмай, күзеткен, жарықты да өшірмеген. Қарақалпақтарда марқұмды тек әйелдер ғана емес, ер адамдар да «ой, бауырымдап» жоқтау айтып, аза тұтқан.

Қайтыс болған адамды еске алу – оның туыстары мен ауылдастарының оған деген сый – құрмет білдіретін ең ежелгі салттардың бірі саналады. Қарақалпақтарда қайтыс болған адамның туған – туыстары дәстүрлі ас берген.

Қайтыс болған адамды жерлегенге дейін берілетін ас («қара асы»).

Жетісі. (жерлеген соң 7 күнен кейін).

Қырқы. (37 немесе 40 күнен кейін).

Жүзі. (97 немесе 100 күнен кейін).

Жылы. (Жерленген соң 1 жылдан кейін) Салыстырмалы түрде қазақтардың ас беру рәсімі туралы А.И. Левшин былай деп көрсетеді:

«Бұлар асты адам қайтыс болғаннан кейін 40 күн, 100 күн және бір жыл өткенде; кейбіреулерінде 9 жыл өткенде береді. Аса маңыздысы жылы. Бұл жиынға марқұмның ағайын-туысы қаржылай көмектеседі. Ас беру рәсімінің марқұмның ел арасындағы беделіне салт өтуі оның отбасы мен руластары үшін намыс саналған» [70, 122 б.].

Осы ас берудің әсіресе шығынды көп шығаратыны қара асы мен жылы еді. Әсіресе ауылдық жерлерде қара асын берушілер қайтыс болған туысына ас беретіндігін ағайындарына, руластарына және де ауыл қарияларына ертерек мәлімдеген. Қайтыс болған адамның үйіне «кенгес садақа» яғни ақылдасу жиыны өткізілген. Кенгестің құрамына ауылдың барлық «отағалары», марқұмның отбасы мүшелері, оның достары және де жасы үлкен қариялар кірген. Бұл кеңеске қатысу маңызды іс саналды. Кеңіс жыртылатын жыртыс, сойылатын мал, азық – түлік (май, ұн, қант, шай т.б) мәселесін алдын – ала шешті. Кенгес, сондай-ақ күтуші адамдарды: нан пісірушілерді, хабаршыларды сайлады.

Өлген адамның туыстары мен жора – жолдастары көмек ретінде мал, ақша немесе азық-түлік әкеледі («аза малы»).

Өлікті жерлеген кезде оның туыстары, құдалары, құрдастары міндетті түрде келуі керек еді. Келмеген адамдарға реніш білдірген. Бұған байланысты ел ауызында мынадай сөздер айтылған:

Туылған күні кел қуанғаныңда билейін,

Өлген күні кел қайғырғаныңды білейік.

Қайтыс болған адамның асына тек шақырылғандар ғана емес, сонымен қатар бұл хабарды естіген кездейсоқ жолаушылар, басқа үйлердің қонақтары да көңіл айтуға келген.

Ырымшыл адамдар «ас тамағы» қасиетті, сондықтан одан ауыз тиген адам «сауабын» алады деп есептейді (ауырынан арылады немесе бақытты болады деген түсінік). Ас берушілер келген кісілерді риза

қылып қайтарған. Ал келушілердің шамадан тыс көп болуы, әрине, көп шығын шығуын алып келеді.

Асқа келген ауыл ақсақалдары, құдалар, жастар, әйелдер мен балалар, молдалар жеке – жеке бөлемелерде күтілді. Әдетте, асқа келген қонақтарды күткенде олардың қай руға жататындығы да ескеріледі. Мысалы, қоңырат руының өкілдерін құрметтеп, төрге шығарады, себебі хиуалық хандарға қарсы халық көтерілістерін басқарған Ерназар батыр, шешен Тұрымбет би, танымал халық ақындары Жиен – жырау, Күн – қожа, Ажинияз, Бердақ сынды танымал қайраткерлер қоңырат руының шыққан еді.

Табақ әкелген кезде мал етін арнайы топтарға мүшелеп тартқан. Айталық, өлген адамның құдалары мен молдаларға бас пен тоқ жілікті; ауыл ақсақалдарына жамбас сүйегін, қабырғаны тартқан, бүкіл ет 12 бөлікке бөлінген (әрбір сирақ 3-ке бөлінген) сөйтіп жиылған қауымға таратылған. Асқа келген қонақтар «бесбармақтан» ауыз тиген. Ыдыс үй иелеріне бос қайтпау үшін қалған ет ұсақтап туралып, оның біраз бөлігі сарқытқа қалдырылған. Олардың ойынша өлген адам қара асына келетін болғандықтан, сарқыт соған арналған. Қарақалпақтардың дәстүрлі түсініктері бойынша сарқыттың емдік, сиқырлы қасиеті болған және одан ауыз тиген адам жазылып кетеді деп кәміл сенген. Асқа келген қонақтарды шығарып салмаған. Қонақтарға әкелген затының құндылығына және туыстығына қарай абысындары жыртыс таратқан. Ер адамдарға марқұмның киімдері, ақша түйілген түйіншектер, мата, ал әйелдерге нан, қант, май, ет және басқа да азық – түліктер үлестірілген. Кісілер тарқағанда, бірінеше молда қалып құран оқыған («қоран шықпа»). Кешкісін бұл молдаларға арнайы қой сойылып, жеке күткен. Құран оқығаны үшін молдалар көп мөлшерде ақшалай, малдай ақы алған. Молдалардың ашкөздігі туралы халық арасында тіпті мынадай сөз де тараған:

Отлы жерде өгіз семіреді.

Өлімлі жерде молла семіреді.

Міне, осымен алғашқы ас, қара асы бітеді.

## **Жерлеу ғұрпы**

Өлікті жерлейтін кезде оны мұсылмандық рәсім бойынша жуындырған. Әдетте сүйекке түсушілердің санына аса мән берген. Олардың саны тақ (5,7) болуы тиіс еді, әйтпесе өлім артыннан тағы да өлім болады деп жорамалдады. Отырықшы аудандардың тәжіктерімен және өзбектерімен салыстырғанда қарақалпақтарда мәйітті жуатын кәсіби «мамандар» (мурдашуй) болмаған. Өзбектерде, мысалы сүйекке түсетін (марқұмды жуындыратын) адамдар елді мекенің шетінде, өзге халықтан оқшау тұрған. Сондай-ақ өзге адамдар бұлармен қыз алысып, құдаласпаған [62, 126 б.].

Сонымен, қарақалпақтарда марқұмды жуындыруға ауылдық үлкен кісілері шақырылды. Бұл адамдарға мәйітті жуындырғаны үшін, әдетте, марқұмның киімдері үлестірілетін. Сонымен, қарақалпақтарда марқұмды жуындыруға ауылдық үлкен кісілері шақырылды. Бұл адамдарға мәйітті жуындырғаны үшін, әдетте, марқұмның киімдері үлестірілетін. Жуындырып болғаннан мұсылмандық салт бойынша өлікті кебіндеп, киіз немесе алашаға ораған [71, 6 б.].

Бөлмеден марқұмды аяғын алға қаратып шығарған. Кейбіреулері мұны марқұмның үйімен қоштасу деп пайымдаса, келесі біреулер адам бұл дүниеге бас жағымен келіп, аяғымен кетеді деп түсінген. Өлген адамды бейітке дейін табытқа салып апарған. Эпостық жырларда табыттарды «ағаш ат» деп көрсетеді.

Сірә, бұл ортағасырдағы түркі көшпелілерінің жерлеу ғұрпына тән сарқыншақ болуы мүмкін, себебі түркілер қайтыс болған адамды атымен бірге жерлеген [72, 34 б.].

Қабірге түсіргенен соң, лақат жабылмай тұрып, жиналғандар бір-бір уыс топырақ тастайтын қайтыс болған адамға. Қарапайым адам болса басына құлпы тас қойылған, атақты рубасы немесе беделді би болса марқұмның басына күмбез немесе кесене тұрғызған. Жас нәресте қайтыс болса, басына бесік қойған. Ата-баба аруағының алдында бас июдің тағы бір белгісі марқұмды міндетті түрде рулық зиратқа жерлеу болатын; кейбір жағдайларда марқұмның мәйітін түйемен, атпен немесе қайықпен өте алыс жерлерге де апаруға тура келді, бірақ бұл рәсім мүлтіксіз орындалған XIX ғ. аяғы - XX ғ. басындағы қарақалпақтар мен қазақтардың қайтыс болған адамның жақындарының ас беру рәсімі.

Орта Азияда өлген адамды материалдық дене ретінде есептеп, аруақтың тиісінше үйі болуы керек деп түсінді. Сондықтан өлген адамға зират тұрғызды. Зиратқа ауа кіріп тұруы үшін, салған кезде төртбұрышты кішкене терезелер қалдырған (соғана). Өлген адамның о дүниеде өмір сүргендігіне сенгендіктен, қарақалпақтар оны жерлеген кезде зират басына ас, тамақ қалдырған [73, 236 б.].

Бұдан біз қарақалпақтардың жерлеу рәсімінде әлі де болса исламға дейінгі анимистік наным – сенімдердің басым екендігін байқаймыз.

Келесі ас жетісінде, яғни жерлегеннен кейін жеті күн өткенде берілетін. Жетісінде мал сойылып, қайтадан құран оқылып, сүйекке түскен («сүйекке енгенлер»). Яғни өлікті жуған адамдарға киім үлестіріледі. Дегенмен, жетісіне қара асына сияқты аса көп адам жиналмайды. Бұған тек жақын туыстары шақырлады. Әсіресе, көп адам жиналатын, әрі маңызды ол өлікті жерлегеннен кейінгі 37-інші немесе 40-шы күні өткізілетін қыркы және 97-інші немесе 100-інші күні өткізілетін жүзі болып табылады.

#### **«Ас беру» рәсімі (жылы)**

Марқұмның отбасы үшін ең көп шығын келтіретін жерлегеннен соң 1 жыл уақыт өткенде болатын жылы еді. Түркістан археология және этнографиялық әуесқойлар ұйымының мүшесі И. Кастанье XIX ғ. аяғы – «XX ғ. басындағы Орта Азия мен Қазақстан халықтарының ас беру дәстүрінің қоғамдық – саяси рөлін былай деп тұжырымдаған: «марқұмның жылында берілетін аста – араздасып қалған рулар татуласып, ескі дау-жанжалдар шешілді».

Кәрі адам қайтыс болса, оның жылы той сияқты өткізіледі. Ат шаптырылып, көкпар тартысты. Қарияларға ақилалары бар түйін, марқұмның киімдері таратылды. Ауыл ақсақалы («жасы уллы») немесе отағаларының бірі жарыс жеңімпаздарына «байрақ» тапсырылған. Байрақ негізінен малдай немесе киім ретінде берілді.

Марқұмды жоқтау немесе аза тұту, бір жыл өткен соң тоқтатылған. Марқұмның туыстары қаралы киімдерді бейіт басына апарып, өртеген. Адам қайтыс болған кезде оның отбасының мүшелері қара немесе көк түсті киім киген. Мысалы, қарақалпақ халық әнінде,

ұрыс алаңынан қаралы болып көк ту көтеріп қайтып келе жатқан жауынгерлер туралы былай айтылады:

Көк жалаулы көрінсе –  
Жалғзынан айырылған  
Сордың үйі деседі [74, 152 б.].

Көк киімнің қаралы киім ретінде таралуы қарақалпақтарда мынадай аңызбен байланыстырылады: Мұхаммед пайғамбар дін үшін соғыс (дінді тарату мақсатындағы) жүргізген кезде қаза болғанда, оның жауынгерлік ақ жалауы көк түске боялған және бірнеше бөлікке бөлініп қалған, қаралы киімнің белгісі ретінде осы бөліктерден әйелдер киім тігіп киіп жүрген. Осы кезден бастап көк түсті қаралы күндері киген деседі [75, 218 б.].

Егер марқұмның бой жетіп отырған қызы болса, жылы өткен соң ұзатыла берген.

Ас беру - өліктің аруағы риза болсын деген ниетпен жасалған. Бұл орайда қазақтың «өлі риза болмай, тірі байымайды» деген мақалын айта кеткен жөн. Қарақалпақтардың түсінігінше қайтыс болған адамның жаны белгілі бір уақытқа дейін, тірілердің арасына жүріп, оны елеп-ескеріп отыруды талап ететін тылсым күш сияқты болып саналады. Сондықтан өлі аруағын риза қылып, оны бұл дүниедегі сияқты, о дүниедегі өмірде қажетті заттармен қамтамасыз етуді парыз санады [76, 269 б.].

Қарақалпақтарда марқұмның түске кіруі үлкен қорқыныш тудырған. Мұндай жағдайда оның отбасы тез арада ас беруі тиіс болатын, әйтпесе отбасы мүшелерінің бірі ауруға шалдығуы мүмкін немесе әйел адамдар бедеу болып қалады деген үрей болады. Сондай-ақ, қарақалпақтардың көне наным-сенімдері бойынша, марқұмның аруағы жылын бергенше әр жұма сайын, құрбан – айт, ораза – айт кезінде өз босағасына келіп құран дәметеді деп сенеді. Сондықтан бұл күндері күндіз бауырсақ қуырып, иіс шығарады [77, 173 б.].

Асты белгілі бір күндерде беруді этнограф Есбергенов адам өмірінің алғашқы кезеңдерімен байланыстырды:

Алғашқы ас беруді – адамның дүниеге келуімен;

Жеті күн өткенде – нәрестенің айналасындағыларды тани бастауы;

Құдай Мұхаммед пайғамбарды 40 күнде жаратқан;

100 күнде күле бастайды;

Бір жылда баланың жүріп, сөйлей бастауымен;

Қайтыс болған адамды белгілі бір күндерде еске алу Орта Азия мен Қазақстан халықтарының барлығында, Сібірдің, Кавказдың көптеген халықтарында да кездеседі.

Орта Азия мен Қазақстан халықтарына ортақ болып табылатын: марқұмды жерлегеннен кейінгі 7-інші, 40-ыншы күндер жылы. Қарақалпақтардың жерлеу рәсімін зерттеуші Х. Есбергенов мұндай белгілі бір күндерде еске алудың мәнін былай деп түсіндіреді: «адам жаны денеден шыққанда, қайта дүниеге келген сияқты. Сондықтан марқұмның жаны, нәрестенің өсу процесі мен байланысы жасалатын барлық кезеңнен өтуі керек».

Адамның қалыптасуы да біртіндеп болатыны сөзсіз: алғашқы 7 күнде «әкесімен шешесіне өткенде» ұрық көбік ретінде болады, қырқыншы күні ұрық қанға айналады, 40-ыншы күннен нәресте болып дүниеге келгенше қалған дене мүшелері қалыптасады.

Демек, көріп отырғанымыздай адамның ана құрсағында қалыптасу кезеңдері (7, 40 және 280 күн) қайтыс болған адамға ас беру күндерімен (қайтыс болған күннен бастап 7-інші, 40-ыншы күндер және жылы) болуы кездейсоқ емес. Мұның түп-тамыры ертедегі анимистік наным-сенімдермен байланыстырылады.

Халық арасында марқұмды жерлегеннен кейін астың жетінші күні берілуі – оның шашының түсетіндігі, қырқынша күні – еті сүйегінен бөлінетіндігі туралы, ал бір жылда адам сүйегінің құрғайтыны түсінік болған [78, 133 б.].

Міне, сондықтан қарақалпақтар Орта Азияның Басқа халықтары сияқты қайтыс болған адамды жылы өткенше өлілер қатарына қоспаған. Марқұмның туыстарының ас беруі тек қарақалпақтарда ғана емес, Орта Азия халықтарының барлығында кездеседі. Қайтыс болған адамды жерлеген күні, 40 күн және бір жыл өткенде ас беру, Геродоттың мәлімдеуінше, тіпті Арал маңының көне тұрғындары скифтерде де болған. Марқұмды еске алу ретінде 5 рет ас беру оның отбасының

материалдық жағдайын әлсіретті. Мысалы: жарлы – жақыбайларға жетісіне немесе қырқына бір қой сойса оны күлкіге, өсекке қалдырды. Кедейлердің наразылығы мынадай мақал сөзде де білдірілді:

«Өлім байдың малын шашады

Жоқтың етегін ашады»

немесе

«Өлген жерде мал семізін сойдырып,

«Садақа» деп бес мәртебе той құрып.

Біреулер еңіресе бұлар қарғадай,

Қарқылдасар құрсақтарын тойдырып».

Орта Азияда өлген адамды материалдық дене ретінде есептеп, аруақтың тиісінше үйі болуы керек деп түсінді. Сондықтан өлген адамға зират тұрғызды. Зиратқа ауа кіріп тұруы үшін, салған кезде төртбұрышты кішкене терезелер қалдырған (соғана).

Өлген адамның о дүниеде өмір сүргендігіне сенгендіктен, қарақалпақтар оны жерлеген кезде зират басына ас, тамақ қалдырған.

Бұдан біз қарақалпақтардың жерлеу рәсімінде әлі де болса исламға дейінгі анимистік наным – сенімдердің басым екендігін көруімізге болады.

Демек, көріп отырғанымыздай адамның ана құрсағында қалыптасу кезеңдері (7,40 және 280 күн) қайтыс болған адамға ас беру күндерімен (қайтыс болған күннен бастап 7-інші, 40-ыншы күндер және жылы) болуы кездейсоқ емес. Мұның түп-тамыры ертедегі анимистік наным-сенімдермен байланыстырылады. Халық арасында марқұмды жерлегеннен кейін астың жетінші күні берілуі – оның шашының түсетіндігі, қырқынша күні – еті сүйегінен бөлінетіндігі туралы, ал бір жылда адам сүйегінің құрғайтыны түсінік болған.

Белгілі этнограф Есбергенов: «жан денеден шыққан кезде өмірге қайта келеді. Сондықтан, ол дүниеге келген сәби сияқты, адамның өсу, даму процесстерінің барлық кезеңдерінен өтуі керек дейді.

Міне, сондықтан қарақалпақтар Орта Азияның басқа халықтары сияқты қайтыс болған адамды жылы өткенше өлілер қатарына қоспаған.

Исламға дейінгі наным-сенімдер мен ырым-жоралардың сарқыншақтары, «отбасы» атты этнографиялық ұғыммен тікелей

байланысты циклдарды қамтиды. Дегенмен бұл салт-дәстүрлер кешені қатысында «отбасылық салт-дәстүрлер» терминін белгілі бір жағдайларды ескере отырып түсіну қажет. Әсіресе ол, адамның неке құруымен, оның өлімімен, оны жерлеу ғұрпымен байланысты рәсімдерге қатысты. Бұл рәсімдерге тек отбасы ғана емес, оны ұйымдастырушылар мен оған қатысушыларды ескерсек, тіпті бүкіл руды, ал «ас» беруде кейде тайпа да қатыстырылады. Мұнымен қатар бұл наным – сенімдер мен ырым – жоралар кешені адам өміріндегі үш негізгі оқиғамен: баланың дүниеге келуі, некеге тұру және өліммен байланыстырылады. Бұл рәсімдердің барлығында басты рөлді отбасы атқарған.

Сондықтан бұл рәсімдер мен ырым – жораларды «отбасылық» деп атауды жөн көрдік.

Қарақалпақтардың үйлену тойындағы ырым – жоралардың басым көпшілігі исламға дейінгі анимистік наным – сенімдермен байланысты. Бұл рәсімдерде магиялық сипаттағы наным– сенімдер, ата – баба аруағына табыну, культ плодородия басты орын алған. Әсіресе, мұнда жоғарыда аталған наным – сенімдермен байланысты діни – магиялық тәжірбиенің рөлі маңызды болды. Бұл діни – магиялық тәжірбиенің негізгі қызметі – ұрпақ жалғастыру еді және ол мақсат – табысты түрде орындалған.

Қарақалпақтардың үйлену тойында ата-баба аруағының алдында бас ию – қарастырып отырған Орта Азия халықтарының XIX ғ. аяғы – XX ғ. басындағы діни наным – сенімдерін Г.П. Снесарев былай деп жазды: «Бұл кезеңде қоғамның түрлі сипаттағы табиғаттың тылсым күштеріне сенімі және соған байланысты жасалатын ырым – жоралар әлі де болса орын алды».

Егер некелесіп, отау құрғаннан соң әйелі өліп, ері тұл қалса, онда қайын жұртына әйелінің сәукелесі мен кейбір бағалы заттары қайтарылған. Жесір қалған әйел секілді ер адам аза тұтып, жылын (асын) күтіп отырмаған. Ал, жесір әйелдің жөні басқа. Күйеуі өлген қара жамылып, оның орнын бір жыл күткен. Азалау мерзімі бітіп, асы берілерде әйел ең соңғы рет жоқтау айтып қоштасқан.

Күйеуінің туған туыстарының арасында жесір әйелге сай келетін еркек кіндік табылмаса немесе әйел қандай жағдайда болмасын күеуге шыққанға қарсы болса онда өлген жұбайының дүние – мүмкін «тереке»

яғни «иесіз, қожасыз қалған дүние-мүлік»,-деп жариялаған. Бұл мүліктің қажетті бөлігі өлікті жерлеуге жұмсалған, 1/8 – бөлігін жесір әйелдің тұрмысқа шығатын қызы болса, соған жасау ретінде беріліп, ал одан артылса, яғни қалған дүниені, жесір әйел өзі иемденетін болған екен.

Ресей зерттеушілерінің ішіне А.И. Левшиннің еңбегі көлемі жағынан да, тарихи – этнографиялық құндылығы жағынан да өзіне дейінгі және кейінгі шыққан зерттеу жұмыстарының ішінде ең бір көлемді еңбек болып саналады. Оның 1832 жылы жарық көрген «Описание киргиз – казачьих орд и степей» қазақ этнографиясы туралы еңбегін энциклопедиялық дәрежеге көтерілген деуге боларлықтай. Әрине, оның кейбір ұлы державалық шовинистік көзқарастарымен келісу қиын. А.И. Левшин де қазақтардың өлімге байланысты ырым-жоралық дәстүрлерінің атқарылу түсініктері туралы құнды деректер келтіріп, өз пікірін білдіреді. Ас берудің әлеуметтік статустық межесін белгілеудегі рөлі туралы А.И. Левшин атап көрсетеді.

Х.А. Арғынбаевтың «Қазақ халқындағы семья мен неке» атты монографиясында қазан төңкерісіне дейінгі отбасылық қарым-қатынастар жүйесін нақты деректер арқылы жан-жақты қарастырады. Адамның өлген күнінен бастап орындалатын дәстүрлердің ерекшелігіне тоқтай келе ас беру дәстүрінің шығу тегі туралы «ас беру өлген адамның ана дүниеге жүрген жанының, яғни аруағының құрметіне құрмалдықтар жасау арқылы өлілердің тірілерді жебеп-желеуін, қысылғанда сүйеп қолдауын керек еткен қараңғы халық сенімінен туған ғұрып. Мұның өзі ислам дінінен әлдеқайда бұрын қалыптасқан көне діни сенім ата-бабалар» аруағының кереметіне «сенуге байланысты пайда болған» дейді ол.

XIX ғ. аяғы XX ғ. басында аймақта шаманистік діни көзқарастар мен нығайып келе жатқан, ислам идеологиясының синкретизмі (араласу) орын алған болатын. Қарастырып отырған кезеңде исламға дейінгі наным-сенімдер мен исламның діни догматтарының қоғамдағы рөлі де біркелкі емес еді. Ислам, негізінен ауқатты ақсүйектер орын алып, ал қарапайым бұқара халық әлі де түрлі сипаттағы табиғаттың тылсым күштеріне, аруақтарға, шамандарға, түрлі фетиштерге (адам қолынан шыққан материалдық заттардың құдіреттілігіне сену) табыну, сену әлі де жалғаса береді.

### 3.2 Ішкі отбасылық қарым-қатынастар

Қарақалпақтарда балаларын бесіктен немесе анасының құрсағында жатқанда атастыру көп тараған, ол ақлай құда түсу деп аталды. Бесік құда тек қарақалпақтарға ғана тән нәрсе емес. Оның Орта Азия халықтарының көбіне болғандығын Н.А. Кисляков атап көрсеткен [79, 87 б.].

Кисляковтың айтуынша, мұндай құдалар шамасынша бір-біріне сый-құрмет көрсетіп, кейде баларының көйлектерінің етегіне ішек салып, олардың бірінің күйеу, екіншісінің қалыңдық болғанын әйгілеген. Мұндай құдалар арасында қалыңмал мөлшері де кейде шағындау болған. Сайын келгенде, бесіктегі нәрестелерді атастыру әдетінің түп тамыры өте көне замандарға яғни аналық дәуірге кететін тәрізді. Ана үстемдігі дәуірінде бір аналық рудың ұлдары туысымен екінші аналық рудың қыздарының күйеулері болып саналса, еукінші аналық рудың қыздарының күйеулері болып саналатын неке түрін Л.Я. Штернберг ортодоксалды неке деп атаған [68, 136 б.].

Сөйтіп ортодоксалды неке топты некеден дара некеге өтуі кезеңімен тығыз байланысты болған.

Бесік құдалықтың ортодоксалды некемен ұштасатындығын гияяктар арасындағы деректер негізіне сүйене отырып, Л.Я. Штернберг: «Әрбір ұл тапқан әйел босанысымен қызы бар туысына балаларды атастыру керек екенін дереу өтініп, құда түсетіні де, олардың білектеріне иттің жүнінен иірілген жіп байлайтын»- дейді. Құда түсу арқылы некелесудің бұдан өзгеше де түрлері болады. Оған ең алдымен қарсы құда болу әдетін жатқызу керек.

Қарсы құдалық үш құданың (А, Б ж В) арасында да болатындығын Л.Я. Штернберг келтірген, яғни А ұлын Б-ның қызына атастырса, Б ұлын В-ның қызына, ал В ұлын – А-ның қызына атастыратын болған. Қарсы құдалықтың жоғарғы келтірілген түрлерінің қайсысы болсын неке құрудың ортодоксалды көне түріне жататындығын, яғни оның қалдығы екенін алғаш рет гияяктар дерегіне сүйене отырып Л.Я. Штернберг дәлелдеген болатын.

Тіпті, егер балалары есейсе де, олардың тағдырын ата-аналары шешкен.



Қалыңдық таңдағанда жігіттің туыстары оның түріне, пысықтығына, отбасылық жағдайына аса мән берген.

Мәселе шешілгенде құда, яғни жаушы жіберген. Оған ықпалды, беделді адамды таңдаған.

Құда күткенде қыздың барлық ағайын - туысы жиналған (кішігірім той - пата той). Егер екі жақ та некеге қарсы болмаса, қалың мал туралы және үйлену тойының уақытын келіскен. Неке туралы келісімнің белгісі ретінде қыз жақ құдаларға қарғыбау сыйлап, май қосылған тары - майсөктен дәм татырған.

Пата той күні құдаларға кетер алдында қыз жақ «тоғызлық», яғни тоғыз зат сыйлық ретінде берген, олар: екі білезік, бес тақия, мата қиықтары [80, 58 б.].

Бұған ұқсас дәстүр XIX ғасырда қазақтарда болған. Этнограф Арғынбаевтың айтуынша XIX ғасырда қазақтарда қалыңдықтың қалың малы мен жасауы «тоғыздық» бойынша анықталған [53, 86 б.].

«Тоғыз» санының ырым-жораларда ұзақ сақталуы жасауға байланысты көне наным - сенімдермен ұштастырылады. Қалыңдықтың жасауының құрамына ауқатты адамдарда киіз үй, неке киімі қоржын, қалыңдықтың әшекейлері енген. Аталған заттың біреуі болмаса, кейде неке тойын артқа шегерген.

Пата той (құда түсу) күні міндетті рәсімнің бірі - нан сындыру болатын; Осы арқылы екі жақ келісімді бұзбау туралы бір - біріне уәде берісті. (Самарқандық, Ферғаналық).

Бұхарлық қарақалпақтарды үйлену тойына байланысты салттарында маслахат - той (ақылдасу тойы) маңызды роль атқарды. Бұл тойда екі жақ негізгі тойдың (қатта той) өткізілу барысын ақылдасқан (айталық, тойға қанша мал сою керек (сойымлық), бәйге, лақ тартысудың жеңімпаздарына қанша мөлшерде сыйлық дайындау сияқты мәселелер). Жекелеген жағдайларда өзара келіскеннен кейін неке қию рәсімі өткен. Қалыңдықтың үйінде той жасалып, оған күйеу жігіт туыстарымен, дос-жарандарымен келген.

Әдетте, үйлену тойы мен қалыңдықты күйеу жігіт жақ үйінен алып кеткенге дейін қалың мал төленіп бітуі тиіс еді; егер күйеу жігіттің отбасы нашар тұрса, үйлену тойы да ұзақ уақытқа созылады. Бұл кезеңде екі жас ұрын кездесіп тұрды (күйеулеу). Ол туралы қыздың ата-анасы

ғана емес, бүкіл ауыл хабардар болса да, үйреншікті нәрседей қабылдады. Екі жастың кездесетін жері қыздың ағасының үйі болды. Кейде тіпті қыздың аяғы ауырлап, әкесінің үйінде босанған (оны жақта туш-оң босағада туу). Бұл қыздың әкесі, отбасы үшін ұят саналмаған. Сөйтіп, қыздың әкесінің үйінде туылған бала қыздың ата-анасының тәрбиесінде қалған.

Қызға күйеуінің үйіне кеткенше еркін жүріп тұруға рұқсат етілген, атап айтқанда, отырыстарға барып, бозбаламен қалжыңдасу т.б. Осыған байланысты қыз болашақ күйеуінен емес, басқа адамнан аяғы ауырлаған оқиғалар кездескен. Бұл үшін қыз кінәланбаған. Ал баланы болашақ күйеу асырап алған [79, 82 б.].

Қалың мал жиналып болғанда, ол туралы қыздың ата-анасы хабардар етіліп, олар қалың малды алып кету үшін, күйеу жігіттің үйіне аттанған. Онда қонақтар үшін қой сойып, дастұрқан жайылған. Келген қонақтар дайындалған қалың малды түгендеп, мұқият тексерген. Қыздың әкесі қалың малды алғаннан кейін қой сойып, жиналған қауымға қой етін ауыз тидірген.

Үйлену тойы жақындағанда күйеу жігіт пен қалыңдықтың үйлерінде қонақтар жиналып, жиын ұйымдастырылған. Күйеу жігіттің үйіне келген қонақтар тойға көмек ретінде шама-шарқынша сыйлықтар әкелген. Сол күні қалыңдықтың үйіне жігіт жақ өгіз әкеліп, қыздың туыстарының бірі оны сойып, етінен бүкіл ауылға дәм татырған («соғым» рәсімі).

Күйеу жігіт үйлену тойына келгенде қыздың жеңгелеріне ақшалай түрде көптеген кәделер берген (қызды сатып алу). Бұл тойда жігіт - жолмен жүру үшін де, ауылға кіру, киіз үйге кіру үшін де (босағадағы өтірік өлген кемпірге), «шаш сипатар», «қол ұстатар» т.б. төлем төлеген.

«Қараңғы қонақ» рәсімі. Күйеу жігіттің достары мен ағайындарының өтініші бойынша ауылдың жас қыз-келіншектерін шақырып, ойын-сауық өткізу. Күйеу жігіт ауылынан келген қыз да, келіншек те бұл ойын-сауыққа шақырылмаған [81, 118 б.].

Қалыңдықты әкетер алдында қалыңдықтың туыстары «құдаларға су құю» рәсімін жасады; қыз-келіншектер мен бозбалалар кеселерге су құйып алып, құдалардың бас киімін шешіп мұздай су құйды. Әйелдер

құдалардың бетіне балшық жаққан. Күйеу жігіттен, жол кәдесін талап еткен.

Қалыңдық үйінен шығар алдында мұсылманша неке қиылған. Молда, жас жұбайлардың өзара келісімін сұрайтын куәлар құда-құдағилар қатыстырылып бұл рәсім де орындалады. Су құйылған ыдысқа қыздың әкесі тиын салған. Артынша дұға оқылып судан қыздың әкесі, куәлар ауыз тиген.

Кейін күйеуінің ауылына барғаннан кейін, қыз күніндегі киімін шешіп, кимеше киген, оны алдында мүлдем өзгеше өмір күткен. Сондықтан қыз, ұзатылар алдында, қыздың жақын туыс тәркіндері «хошласу дәмін» татқызған. Ұзатылып бара жатқан қыз сыңсу әнін айтып қоштасқан. Жас келіншек өзінің ауылын қимай кетіп бара жатақанда, қайғылы қоштасу әнін айтқан. Оны біздің елімізде «сыңсу» деп атаса, қарақалпақтарда «хаужар» деп атаған. Хаужардың мынадай үлгілері бар екен:

«Ақ түйенің өркеші ойнақ еткен яр-яр-ау,  
Өз еліне қыз бейшара қонақ еткен яр-яр-ау,  
Қызды құдай жаратқан мұңлық қылып яр-яр-ау  
Өз елінің топырағы бұйырмаған яр-яр-ау  
Хаужар айтқым келмейді арқам қозып яр-яр-ау  
Қара жібек иірдім жүндей созып яр-яр-ау  
Айналайын орамал қалдың тозып яр-яр-ау  
Адыра қалғыр ақ жаулық келдің озып яр-яр-ау  
Немесе:  
Хаужар басы, ендеше, хаужар басы  
Хаужарменен құрылды қыздың жасы  
15 жаста біреуге малға беріп,  
Етегімді толтырды көздің жасы.

Ақ шәйнекке су құйсам жылымайды  
Өгей емес өз анам жыламайды  
Жыламаған анамды жылатайын  
Неден көңілі қалды екен сұратайын

Ақ отауым тіккен жер майдан болсын

Ақ жүзімді көруге айнам болсын

Ол жақта да қайын енем бар деп жүр ғой  
Аялаған анамдай қайдан болсын [82, 51 б.].

### **Келін түсіру**

Жас келіншекті күйеуінің үйіне арбамен әкелген. Үйлену тойының арбасы Самарқандық қарақалпақтарда – капели-арба, Хорезмдік қарақалпақтарда - богекли-арба деп аталған. Ал Нұратылық қарақалпақтарда келінді атқа мінгізіп әкелген, демек, оларға көршілес қазақтардың ықпалы тиген. Бірақ, ауылға жақындаған кезде келін, жеңгелермен бірге аттан түсіп, жаяу келген [82, 132 б.].

Жігіт үйіне әкеле жатқанда қалыңдықтан жол жөнекей кәделер талап етілген (яхта-жейде, мата т.б.). Бұл рәсім жол тосу деп аталады. «Қалта ақтару» кәдесі орындалады, ол бойынша кішкене қайын сінділері қалыңдықтың қалтасын ақтарып, жүзіктер алған. Үйлену тойының арбаларын жігіт ауылының қыз-келіншектері қарсы алған. Жігіт жеңгесі мұрындық ене келінге орамал тағып немесе кимешек кигізген.

Ауыл әйелдері жасулы көштің алдынан шығып, шашу шашады. Келіннің бетіне жамылғы (чарсы) жауып, қайын атасының үйіне кіргізбес бұрын табаға салынып тұтатылған адраспанды әкеліп келіннің басынан үш рет айналдырған. Келінді үш рет иілдіріп аруақтар үшін және атасы мен енесіне сәлем салғызған. Содан соң келіннің қолына май құйған ыдысты ұсынып, отқа май құйғызған. Осы рәсімнен кейін, келінді оң аяғынан табалдырықтан аттатқызып, ішке енгізген.

Келіннің астына жаңадан сойылған қойдың терісін төсеген. Орта Азия халықтары үшін қой олардың тотемі, тек қойдың өзі ғана емес, оның терісі де өсіп-өнудің символымен қорғаушы, сақтаушы екендігі Ә.Т. Төлеубаевтың еңбегінде аталып өтіледі [83, 29 б.].

Қой терісін осындай сеніммен жаңа түскен келіннің астына төсеу Таулы Дағыстандықтарда да бар. Олардың нанымынша, қой терісін жаңа түскен келіннің астына, үйде «береке мен байлық ынтымақ болу үшін төсейді» [84, 58 б.].

Л.Я. Штернберг өз еңбегінде бұның шығу тегін былай келтіреді: «Анайы (премитивті) алғашқы малшылар үшін мал шаруашылығында түліктердің көбейіп, өсіп-өнуі магиялық күш ретінде қарастырылады». Ең алғашқы үйретілген ешкі түлігінің көбеюін күш ретінде

есептегендіктен, оның осы қасиетін дарыту мақсатымен әйелдер ешкі терісіне киім жасапта киген... Ешкі соңынан сценаға қой мен қошқар шығып, негізгі көбейіп, өсіп-өну культінің рөлі бұларға ауысады. Ежелгі Египеттің қалалары Фиви мен мендесте құдайлар Нут пен Птаның баласы Осирис қошқар бейнесінде беріліп, тіпті Мендесте оның алдында әйелдер шешініп одан құнарлылық пен көбею, өсіп-өну күшін бойларына дарытуды мақсат етіп, әдетке айналдырған. [66, 43 б.].

Қырғыздарда жаңа үйленгендерді лақтың өкпесімен қағу ғұрпы бар. Оның мағынасы-келешекте оларды бақытсыздық пен қасқой күштердің зұлымдығынан құтқару үшін болса, екінші жат - өсіп-өніп көбеюіне жол ашады екен. Жас келін оттан айналуға тиіс болды. Сосын шашу рәсімі жасалды. Келін иіліп сәлем беріп, саусақтарын босағаға тигізіп, сосын маңдайын ұстаған. Енесі келінінің маңдайына ырымдап май немесе ұн жаққан.

Бұл күні екі жақтың туған-туыстары жиналып уллы басталған. Бұл той әдетте екі күнге созылған («келин тушті той»). Тойда мол достұрқан жайлып, бахшылар ән айтып, бәйге ұйымдастырылып, лақ тартысқан. Жігіт үйіндегі тойдың негізгі рәсімі «бет ашар» болатын, яғни келіннің бетін ашу. Бұған дейін келіннің бет жүзі көрсетілмеді (чарсы). Беташарды әдетте жігіттің жора-жолдастарының бірі орындады. Ол келінді ата-енесімен, қайын жұртымен таныстырды. Ал келін өленде айтылған адамдарға иіліп сілем береді. Мысалы, бет ашардың мынандай үлгісі бар екен:

«дарбазасы даңқ еткен,  
даңқы самарқанға жеткен,  
Исақ бабамызға бир салам

Немесе әзіл - сықақ түріндегі өлең жолдары мынандай болған:

«тамбашида пахал йоқ  
сипаласа сақал йоқ  
Абдуллаға бир салам.»

Беташардан кейін бірнеше ырым -жоралғылар жасалды. Мысалы, келін бай болу үшін қолын ұнға салған. Н.А. Кисляков: «ұн тек байлық қана емес, сонымен қатар тазалықтың, молшылықтың белгісі», - деп түсіндірді. Сосын жас келін отқа май құйған (және бір қызығы ол тоғыз рет қайталаған). Қарақалпақтардың ырым - жораларында «тоғыз»

санының кездесуі кездейсоқ емес. Зерттеуші Д. Банзаровтың мәлімдеуінше 9 санын моңғолдар да қасиетті деп санаған: мысалы, Шыңғыс ханның жасағынан (урлук) саны 9 болса, рудың туына (бунчукка) жылқы қылынан жасалған 9 бума қыстырылған [85, 60 б.].

Мысалы, XV ғ. І-ші жартысында Венеция емшісі татар ханына, татарлардың салт бойынша 9 түрлі заттай сыйлықтар тарту еткен.

9 санын сондай-ақ якуттар, буряттар, нанайлықтар, эвенктер қасиетті деп есептеді. Мәселен, якуттар Джогогой піріне (ірі-қара малдың пірі) 9 бұйым сыйлаған [86, 313 б.].

Қазақтарда құдаларға киіт кигізгенде де «тоғыз» саны ескерілген (мысалы, екі білезік, бес тақия, маталар) т.б. Ал қайын атасы келінге өз батасын берген (патия):

«алдынга бала толсын,  
қораңа мал толсын  
көзің көрсін,  
қолың тұтсын.»

уллы тойда қалыңдықтың әкесі күйеу жігіттің әке-шешесіне өз сыйлықтарын тарту еткен. Осы уллы тоймен қарақалпақтардың тойы аяқталады.

Әмеңгерлік салт (левират)

Егер некелесіп, отау құрғаннан соң әйелі өліп, ері тұл қалса, онда қайын жұртына әйелінің сәукелесі мен кейбір бағалы заттары қайтарылған. Жесір қалған әйел секілді ер адам аза тұтып, жылын (асын) күтіп отырмаған. Ал, жесір әйелдің жөні басқа. Күйеуі өлген қара жамылып, оның орнын бір жыл күткен. Азалау мерзімі бітіп, асы берілерде әйел ең соңғы рет жоқтау айтып қоштасқан.

Күйеуінің туған туыстарының арасында жесір әйелге сай келетін еркек кіндік табылмаса немесе әйел қандай жағдайда болмасын күйеуге шыққанға қарсы болса онда өлген жұбайының дүние – мүмкін «тереке» яғни «иесіз, қожасыз қалған дүние-мүлік», - деп жариялаған. Бұл мүліктің қажетті бөлігі өлікті жерлеуге жұмсалған, 1/8 – бөлігін жесір әйелдің тұрмысқа шығатын қызы болса, соған жасау ретінде беріліп, ал одан артылса, яғни қалған дүниені, жесір әйел өзі иемденетін болған екен.

Егер жесірдің балалары болса, әмеңгерлік салт (левират) міндетті түрде орындалған. Жесір басқа рудың адамына, марқұм күйеуінің

ағасының рұқсатымен ғана тұрмысқа шыға алған. Оның өзінде балаларын күйеуінің ағайын – туысына тастап кетуі керек еді. Левирит – әйел үшін өте қиын салт болатын. Кейде әмеңгерлік салт бойынша жасы келген әйел кішкентай балаға тиюге мәжбүр болған. Ол үшін әйел жылдар бойы «күйеуінің» ер жеткенін күтумен, қартайып та кеткен.

Мысалы, қарақалпақтармен көршілес орналасқан, Ферғаналық өзбектерде В. Және М. Наливкиндердің айтуынша XIX ғ. аяғы - XX ғ. басында левират болмаған: «Күйеуі қайтыс болса, әйелге толығымен еркіндік беріледі. Тек әйелге тез арада күйеуге шығуына жол берілмеген. Жесір әйел қалауынша күйеуінің атауының түтінін немесе балашағасымен басқа жаққа көшіп те кеткен. Күйеуінің ағайын туысы оған қарсылық білдірмеген» [55, 231 б.].

Сөйтіп, қарақалпақтарда жесір әйелдің күйеуінің руластары балалардың сыртқа ктпеуіне, әйелді басқа руға жібермеуге шама-шарқын шатырысып баққан («жесиримизди башкаға бермейміз») [82, 152 б.].

Сорорат– өлген әпексінің орнына кіші сіндісін күйеуге беру. Бірақ, бұл дәстүр Қарақалпақстанның барлық жерінде орын алмаған. Л. Толстованың мәлімдеуінше, мысалы, ферғаналық қарақалпақтарда: «Егер атастырғаннан кейін үлкен қызы қайтыс болса, онда орнын әке-шешесі кіші сіндісін сол руға күйеуге берген. Егер бергілері келмесе қалың малды қайтарған» [82, 155 б.].

Отбасылық - некелік қарым - қатынастағы тыйымдар.

Л.Я. Штернбергтің тұжырымдауынша отбасылық некелік тәртіптегі тыйым салулар мынадай екі мақсатты көздеген:

1) жұбайылар арасындағы қызғаныш сезімін әлсірету;

2) бір - бірімен некелесуге тыйым салынған адамдар арасында жыныстық қатынасқа дейін баруына жол бермеу үшін.

Бірінші топтағы тыйымдар негізінен жынысы бір, бір тапқа жататын, мысалы туған ағайындылар арасында болды.

Екінші топтағы – тыйымдар барлығына бірдей еді [68, 95 б.]. Қарақалпақтардың отбасылық-некелік қарым-қатынастарындағы тыйымдарды негізінен үш үлкен топқа бөліп қарастыруға болады:

– қалыңдық пен күйеу жігіт арасындағы тыйым;

– келін мен оның күйеуінің туыстар арасындағы тыйым;

– күйеу бала мен қайын жұрты арасындағы тыйымдар.

Этнограф Н.П. Дыренкова тыйымдардың өзін мәні бойынша мынадай топтарға жіктеуді ұсынған:

– бетпе-бет кездескенде бет-жүзін көрсетпеу;

– дене мүшелерін жалаңаш күйде көрсетпеу (мысалы, келін жалаңаш балтырын көрсетпеген);

– әдепсіз сөйлеуге тыйым салу;

– өз атымен атауға тыйым салу.

Орта Азия халықтарында болашақ жұбайлар арасындағы тыйымдар негізіне құдаласу кезінен басталған. Құдаласу кезінде, екі жасты атастырғанда, қалың мал туралы уәделескен кезде қалыңдықты күйеу жігітке көрсетпеген. Тіпті, үйлену тойында келіннің беті жамылғымен (чарсы) жабулы тұрған.

Алайда қалыңдық пен күйеу жігіт арасындағы мұндай тыйымдар – атастыру мен үйлену тойының аралығындағы кезеңде жігіттің ұрын келуіне бөгет болмаған. Мұндайда қыздың ата-анасы, әсіресе, әкесі білмеген кейіп танытқан.

**Келін мен қайын жұртының арасындағы тыйымдар.**

Келін мен қайын атасының арасындағы тыйым, әсіресе қатаң тыйым болып саналады.

Өзге босағаға алғаш түскен кезде келін қайын атасына мүлдем көрңбеуге тырысқан. Егер жас жұбайлар жеке отауда тұрса, келіге қайын атасының отауына кіруге тыйым салынған. Қайын атасы жас жұбайлардың отына кірген жағдайда, келін сыртқа шығып кеткен. Егер екі жас күйеуінің ата-анасымен бірге тұрса қайын атасы бар кезде келін шымылдықтың астында отырған. Таңертең келін қайын атасынан бұрын оянып, ертерек сыртқа шығып кеткен, кешкісін қайын атасы келгенше, ертерек шымылдығының астына кіріп кеткен.

Алайда, тыйым тек бірінші бала дүниеге келгенше ғана жасалған. Келін мен қайын атасының мұндай тыйымды тоқтату үшін «отқа кіргізу» рәсімі жасалған. Бетін жамылғымен жабылған келін қайын атасының отауына кіргізілген. Келіннің бетін, әдетте кішкене ұл бала ашқан. Келін отқа май құйып, қайын атасы өз тарапынан келінге батасын берген. Келін мен қайын атасының арасындағы келесі тыйымдар тұрақты болатын. Келін қайын атасының көзінше жалаң бас жүрмеген, ата-енесі тұратын үлкен үйдің төріне шықпаған. Қайын атасының төсегіне

отырмаған; Бұл әдет ата-ене отырған үлкен үй, қара шаңырақты сыйлау, құрметтеу, оған табынудың нышаны тәрізді. Қайын атасы да келініне тізесін көрсетпеген. Келіннің төсегіне отырмаған. Келін мен қайын атасы қалжыңдаспаған. Келін, сондай-ақ қайын атасының және қайын ағаларының атын атай алмаған. Тіпті, солардың атымен аттас заттың атын атамаған. Әдетте атасын ол кәсібі бойынша (ұста, молда) немесе кейде есімін өзгертіп те атаған: мысалы, Өмірші орнына-»жаны ұзақ» т.б. деп [79, 175 б.].

Қарақалпақтарда (басқа түркі тілдес халықтарда да, қазақтарда, қырғыздарда) кейін әзілге айналған мынадай аңыз тараған: «жас келіннің қайын ағаларының есімдері Қамышбай, Өзенбай, Қасқырбай және Пышақбай екен. Бір күні күйеуі өзеннің жағасында қасқыр қойды жегелі жатқаның көріп, әйелін пышаққа жұмсайды. Сасқалақтаған әйел үйіне келіп былай деген «сарқыраманың ар жағында, сыбдырламаның арасында, ырылдаған маңырағанды жегелі жатыр, қайралғанды апаруым керек», – түсіндірген [59, 500 б.].

Бұл қарапайым әзіл әңгімеден отбасылық-некелік қарым-қатынастардағы тыйымдардың рөлін айқын аңғаруға болады.

Анологиялық жағдай да қазақтарда да кездеседі. Ол туралы Ы. Алтынсарин да атап өткен.

Жеңгесі қайнысын еркелетіп атаған. Мысалы, Нұр-Ата қарақалпақтарының үйлену тойының әні «Беташардан» үзіндіге назар аударсақ:

«Ана отырған қайын инің  
Оған да бер бир салам  
Атын-егер сұрасаң  
Ол сен үшін-мырза аға

Бұдан байқайтынымыз, келін, тіпті жасы кіші қайын інісінің есімін атамаған. Ұқсас дәстүр қазақтарда да бар екенін Н.С. Сабитовте мәлімдейді: «Қазақтарда келін күйеуінің туыстарын есімімен емес, өзі ат қойып, еркелетіп атаған» [87, 59 б.].

Күйеу жігіт пен қайын жұрты арасындағы тыйымдар. Т.А. Жданконың айтуынша күйеу жігіт те қалыңдығының туыстарына көрінбеуге тырысқан. Әдетте, ұллы тойдан кейін қайын жұрты күйеу

баласын дәмге шақырған. Бұл рәсім «күйеуди уйге киргизиу» деп аталды [9, с. 192].

Әйелдің «бет-жүзін көрсетпеу салты» тек ферғаналық қарақалпақтарда орын алған. Оларға, әрине өзбектердің белгілі бір дәрежеде ықпалы тиген. Ал хорезмдік, самарқандық, бұхарлық, түркістандық қарақалпақтарда мұндай салт болмаған [82, 110 б.].

### **Баланың дүниеге келуі мен тәрбиесіне қатысты ырым-жоралғылар**

Орта Азия халықтары үшін көп ұрпақ қалдыру – олардың ұлттық сипатын айқындайтын жекелеген ерекшеліктерінің бірі. Бұған себеп – біраз уақыт бұрын болған ру-тайпалық қатынастар. Ол бойынша қандас туыс көп болуы керек еді. Ағайынның көп болуы ел арасында беделдің артуына себепші болатын. Туысы жоқ адамға жек көрінішпен қарап, ал баласы жоқтарды-организмнің кемшілігі деп емес, «құдайдың қаһарына» ұшырағандар деп есептеді. Сондықтан көп балалы болып, ұрпақ қалдыру-әрбір адамның бақыты еді. Жоғарыда аталған үйлену тойында осыған байланысты көптеген ырым-жоралғылар жасалған. Қарақалпақтарда шымылдықты тігу міндетті түрде көп балалы, дені сау кәрі әйелге жүктелген. Үбірлі – шүбірлі болсын деген мақсатпен, өзбектерде мысалы, үйлену тойындағы жасаулы арба үйге жақындағанда, келіннің тізесіне ұл баланы отырғызған.

Ұзату тойында, барлық Орта Азия халықтарында қалыңдыққа кигізілетін киімді дені сау, үбірлі – шүбірлі кәрі әйел кигізген [67, 77 б.].

Алайда, үйлену тойында жасалатын ырым-жоралар жас-жұбайлардың болашақта тек үбірлі – шүбірлі болсын деген мақсатты көздеп қана қоймай, сонымен қатар бұл ырымдар келінге көз тиюден сақтады.

Мысалы, Хорезмде (қарақалпақтарда) үйлену тойының арбасында келінді әкеле жатқанда, кейбір көре алмаушылар бейіттен алынған бір уыс топырақ шашып жіберген. Егер арбадағы келінді қорғаушы шам өшіп қалса, ол бақытсыздыққа әкеледі деп санады [67, 91 б.].

Отбасылық рәсімдердің ішінде, әсіресе маңызды орын алатыны баланың дүниеге келуі мен тәрбиесіне қатысты салт – дәстүрлер.

Үлкен патриархалды отбасында ұлдың дүниеге келуі, әсіресе, тұңғыш ұлдың, үлкен қуаныш, себебі ұл болашақ үйдің мұрагері,

қамқоршысы деп ерекше қадірлеген. Екіншіден, ұлдың дүниеге келуі отбасына ер баланың керектігі жеке меншіктің шығуы, байлықтың жеке отбасыларының қолына шоғырлануы - өмір бойы жинап – терген мүлкі мен малдарын өз мұрагерлеріне қалдыру мақсаты да ескерілген. Үшіншіден, отбасына ер баланың керектігі үлкен патриархалды отбасының шығуынан бері, атадан балаға беріліп келе жатқан салт – дәстүр. Бала шыр етіп дүниеге келгеннен – ақ оның өмірін сақтау үшін бірқатар ырым – жоралғылар жасалған.

Мұндай мақсатты көздеу – ертеректе Орта Азиядағы бала өлімінің деңгейінің жоғарылығымен түсіндіріледі. Мысалы 10-12 баласы бар жанұяда кемінде 2-3 баласы ғана тірі қалып отырған. Медициналық көмектің нашарлығы, халық емінің болмашы ғана әсер етуі – бала өлімінің көптігінің себебі болатын.

Қарақалпақтарда жаңа түскен келінге жайлы болған. Жас келіннің бойына бала біткенін сезген енесі, оны өз қамқорлығына алған. Абысын ажын ауыл әйелдерін шақырып «құрсақ» тойын өткізген. Мұны «құрсақ шашу» деп атаған.

Келіннің аяғы ауырлауының алғашқы белгісі - оның белгілі бір тағамға жерік болуы еді. Жеріктіктің сипатына қарай болашақ нәрестенің тіпті жынысын анықтаған. Мәселен, әйел жабайы аңдар: жолбарыс, қасқыр, аюдың етіне жерік болса, балашақта ұл бала туады деп пайымдалған. Егерде тәтті тағамдарға жерік болатын болса – болашақта нәрестесінің қыз болатынына кәміл сенген [88, 39 б.].

Егер аяғы ауыр кезде адамның жерігі қанбаса, анасының құрсағында сәби де дұрыс дамымайды деп түсінген. Тіпті, сәбидің аузынан сілекейдің тоқтамай ағуын да осымен байланыстырған.

Екі қабат келіншекті үйде жеке жатқызбаған. Түйе етін бермеген. Олардың түсінігі бойынша түйе етін жеген келін баласын 12 ай көтереді деген сенімде болған. Бұл ырым қазақ және түрікмен халықтарында да бар [89, 210 б.].

Сәбидің ұйқысы шала болады деп келінге құс етін, нәрестенің аузы «қоян жырық» деп қоян етін бермеген. Мұндай түсінік пен ырымдар қазақ, өзбек, тәжік, түрікмен халықтары арасында кең тараған. Қарақалпақ әйелдері қазақ әйелдері секілді түйенің сакральді магиялық күшіне сенген. Сол халықтардың түсінігі бойынша, егерде аяғы ауыр

әйел түйенің бауырынан не алдынан үш рет өтсе, онда баланың түсіп қалмауының алдын алады. Әрі уақытында босануға көмек етеді деп ырымдаған. Егерде ауылда түйе болмаса, онда түйе сияқты етіп маталардан, таяқтан түйе бейнесін жасап немесе жерге түйенің суретін салып, оның үстінен үш рет аттатқызған кейде айналдырған [89, 126 б.].

Зороастризмнің көне жазбасы Авестада түйе өсіп-өнудің, ұрпақ өрбітудің негізгі күшінде бейнеленген [90, 142 б.].

Егер аяғы ауыр кезде адамның жерігі қанбаса, анасының құрсағында сәби де дұрыс дамымайды деп түсінген. Тіпті, сәбидің аузынан сілекейдің тоқтамай ағуын да осымен байланыстырған.

Екі қабат әйелдің толғағы басталған кезде оны бөлменің сол жағына жатқызған. Орта Азия халықтарының көне наным-сенімдері бойынша босағаның оң жағы – әйелдердікі, сол жағы қонақтарға арналған. Босағаның сол жағына негізінен ыдыс-аяқ, азық-түлік және үй шаруашылығына қажетті заттар қойылған. Ал, кіре-берісте ат әбзелдері, ер-тұрман, мылтық тұратын. Яғни, қарақалпақтар босағаның сол жағына «таза емес « заттарды қойған. Аяғы ауыр әйелді босағаның оң жағына сол себепті жатқызған. Толғатқан әйелдің шашын тарқату, үйдегі кебезелердің сандықтардың немесе аузы бұуылған қаптардың жібін шешіп босату әйелдің толғағын жеңілдетеді деп сенді. Қазақ халқының салт-дәстүрлері сияқты қарақалпақтарда да екіқабат жас келінге тіл-көз тимесін деп құраннан молдаға дұға жаздырып, бойтұмар жасауды дәстүрге айналдырған, осы дәстүр өзбектерде сақталған. Жас келін бойтұмарды былғарыға тігіп, бау тағып, мойнына салып жүрген немесе, жеті ұсақ тасты тұмарша етіп шүберекке тігіп камзолының желкесіне астыңғы жағынан көзге түспейтіндей жапсырып тігіп келіннің төсегінің іргесіне темір қару: балта, қамшы, қару-жарақ, бүркіттің тұмсығы салынған. Мұның бәрінен жын-шайтан, пері-албастылар сескенеді деп ырымдаған [91, 125 б.].

Бала дүниеге келген күнен бастап 40 күн толғанша (чилля) анасы екеуі ерекше қорғалады. Себебі балалар өлімінің басым көпшілігі осы кезеңде болатын. Қарақалпақтарда бала туылған кезде алғашқы үш күнде, ұйықтамаған, жын – шайтандардан қорғаныш ретінде отты сөндірмей жағып қойған. себепті жатқызған себепті жатқызған Әйел босанған соң баланың жолдасы түсісімен оны тазалап жуып, бөтен

біреулерге көрсетпей адам баспайтын таса жерге көмгізген. Ол үшін тереңдігі бір метрдей шұңқыр қаздырып, оның бір бүйірін үңгіп ақым жасайды. Сол ақымға бала жолдасының кіндігін жоғары қаратып салады да шұңқырға жолдас жуылған қанды суды төгіп, көміп тастаған. өзбектерде, мысалы, бала жолдасын жеміс ағашының астына көмген [83, 156 б.].

Бала жолдасын көмуді бөтен көзден жасырып істеудің өзінше себебі болған. Қарақалпақтардың түсінігінше, туған баланың кіндігін (жолдаста қалған кіндіктің жартысын) бедеу әйел аяғымен басса, босанған әйел бұдан былай бала таппайды, оның бала табу қасиеті бедеу әйелге ауысып кетеді деген сенім болған.

### 3.3 Қазақстан қарақалпақтарының некелік жағдайы

Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін елдегі этнодемографиялық жағдай күрт өзгерді. Қазақстаннан Ресейге және Еуропа елдеріне көші-қон процесі ел халқының санын 9,1 % төмендетті. Тәуелсіздік жылдары Қазақстандағы түрлі этнос өкілдерінің басым көпшілігінің саны күрт төмендеді. Алайда қарақалпақ диаспорасы өкілдерінің керісінше 1989 жылдардан 2006 жылға дейінгі өсу динамикасы байқалды. Бұл өсім негізінен қарақалпақтардың көшіп келу факторымен сипатталды.

Жүргізілген жоба аясында қарақалпақ этно-мәдени орталықтарының көмегімен қарақалпақ халқы өкілдерімен кездесулер өткізіліп, сауалнама жүргізілді. Сауалнама алынған респонденттердің барлығы дін ұстану және ұлттық салт-дәстүрлер мен тағамдарды сақтай білудің, ұлттық танымның қажеттігін көрсетті. Зерттеу сұхбат алу (интервью), сауалнама толтыру және сауалнаманы талдау әдісі бойынша жүргізілді. Этникалық жіктелім: сауалнама алынған 36 қарақалпақ-респонденттің 9-і (25%) – ер адам, 27-сі (75%) - әйел.

Этникалық таным: төлқұжаты бойынша 33 қарақалпақтың басым көпшілігі – 30 адам (90,9%) өздерін қарақалпақ, 2-еуі (5,5%) қазақ деп көрсетсе, ал 1-еуінің (2,7%) - мәліметі жоқ. Ал ұлттық таным бойынша 37 қарақалпақтың 30-ы (81,1%) өздерін қарақалпақ, 5-еуі (13,5%) қазақ, ал 1-еуі (2,7%) – өзбек деп таниды, 1-еуінің (2,7%) - мәліметі жоқ. Әкесінің ұлты: 30 адам (81,1%) – қарақалпақ; 5-еуі (13,5%) – қарашай; 2-

нің (5,4%) – мәліметі жоқ. Сауалнама талдамасы көрсетіп отырғандай. Әке тарапынан қарақалпақтардың ұлттық құрамы тек екі ұлттан тұрады, көрінген қарашай ұлтының үлес салмағы өте аз.

Ал қарақалпақтардың аналық тармағы бойынша құрамында тек үш ұлттың қатыстылығын көреміз: 24 адам (64,9%) – қарақалпақ; 6 адам (16,2%) – қазақ 6 адам (16,2%) – өзбек.

Қарақалпақ этносындағы аралас некелі жанұяларда әке тармағы басымдылықты құрайды, сондықтан барлық мәлімет әке тарапы бойынша беріледі. Этникалық танымда ұлтына қарамастан әке жағына басымдық беріліп, жанұядағы баланың ұлты әкесінің ұлтымен анықталады. Қарақалпақ жанұяларында, басқа да ислам сеніміндегі түркі халықтары жанұяларындағы секілді әке беделі өте жоғары саналады. Дегенмен, осыған қарамастан, аралас некелі жанұяларда ұлты қарақалпақ ер адамдар да, ұлты қарақалпақ қыздар да басқа ұлт өкілдеріне үйленіп, тұрмысқа шыға алады. Бірақ көп жағдайларда қарақалпақтар қазақтармен үйленгендігін көреміз. Қазақстандағы қарақалпақ отбасыларында аралас неке басым және аралас некеге ешқандай шектеу қойылмаған, тек кейір отбасылар славяндармен (8,3%), корейлермен (5,5%), түркімендермен (2,7%) некелесуді құптамайды. Сондай-ақ, қарақалпақтар да қазақтар секілді өз руластарымен үйленбейді.

Қарақалпақтардың аралас некелеріндегі ұлттық үлес салмақ келесідей көрінеді:

- 25 адам (67,6%) – қазақтармен;
- 2 адам (5,4%) – өзбектермен;
- 1 адам (2,7%) – қарақалпақтармен;
- 9 адамның мәліметтері жоқ.

Ал аралас отбасыларда бала ұлтының белгіленуі төмендегідей көрініс табады:

- 16 (43,2%) - баланың ұлты қазақ деп жазылған;
- 8 (21,6%) - баланың ұлты қарақалпақ деп жазылған;
- 2 (5,4%) - баланың ұлты өзбек деп жазылған;
- 11 (29,7%) - баланың ұлты көрсетілмеген.

Талдау нәтижелерінен көрінгендей, сауалнамаға қатысқан қарақалпақ өкілдерінің басым бөлігін әйелдер құрайды және олар қазақ ерлерімен тұрмыс құрып, балаларын қазақ ұлты ретінде танытады.

Демек, қазақстандық қарақалпақ диаспорасында жергілікті этнодемографияға сіңу, ассимиляциялану факторы анықталып отыр.

Сауалнама қатысқан үлкен және орта буынды респонденттер ана тілін жақсы біледі және қарақалпақ тілін шұбарламай жақсы меңгерген. Қарақалпақтардың барлық буын өкілдері қазақ тілін түсіне алады. Сұралғандардың 89,4% басқа этнос өкілдерімен некелесуге болатынын білдірді, бірақ іс жүзінде аралас неке олардың 44,8%-ында көрініс тапқан.

Ұлтаралық отбасылар қоғамның биоәлеуметтік өзін-өзі реттеуі процесіндегі маңызды құрал болып табылады. Аралас отбасындағы ерлі-зайыптылық мәселелерін зерттеу неке-отбасылық қатынастардың қазіргі жай-күйі туралы білімді толықтыруға және олардың одан арғы дамуын болжамдауға, қалыптасқан этнодемографиялық жағдайды, күнделікті өмірдегі этносаралық өзара ықпал мен ұлтаралық процестердің барысын, тілдік және мәдени өзара әрекеттердің және т.б. барысын айқын бағалауға мүмкіндік береді. Сондықтан да ұлтаралық некенің санының өсуін экономикалық және психологиялық көрсеткіштерінің бірі деп есептеуге болады. Бүгінгі таңда әлемде этносаралық некелердің көбейуі байқалуда. Кез келген саяси, экономикалық, мәдени немесе дінге қатысты неке-отбасы қатынастары этникалық сипат алуда. Қазақстанда аралас қазақ-орыс, қазақ-ұйғыр, орыс-украин, орыс-корей, қазақ-корей, қазақ-татар, орыс-неміс, орыс-татар және т.с.с. некелер өте көп.

Қазақстан-егеменді демократиялық мемлекет. 130-ға жуық ұлт пен ұлыстарды бір тудың астына айрандай ұйытып отырғаны мақтанарлық қасиет. Елдің қауіпсіздігінің кепілдігі ол ауызбіршілік екені анық. Осыған орай елдегі әлеуметтік қатынастардық кең көлемде зерттелуі қажеттігі туады. Сонымен қоса әртүрлі этностар қатар өмір сүріп жатқан қазіргі Қазақстан қоғамында аралас неке болмай тұрмайды. Бірақ аралас неке қазақ ұлтының болашағына пайдалы ма, әлде зиянды ма? Нақтырақ айтқанда, өз ұлттары азулы ұлттардың кең көмеіне жұтылып жатқан мына заманда, бар жоғы 10 миллионнан жаңа асқан қазаққа аралас некенің берері бар ма екен? Өкінішке орай қазіргі заманауи зерттеушілер ұлттардың аралас некесіне көр көңіл бөлмейді, барлық назар әлеуметтік-саяси, экономикалық мәселелерге аударылған.

Бірақ ХХ ғасырдың 60-80 жылдарында бұл тақырып өте белсенді зерттелген болатын.

1940 жылы Кеңес Одағы өзінің құрамында өмір сүріп жатқан 130 ұлтқа зерттеу жүргізілген болатын. «Орыстармен үйленген басқа ұлт өкілдері қанша екен?» деп, санақ жасағанда, бірінші орынға Латвия секіріп шыққан да, екінші орында – Қазақстан. Ел басқарған азаматтардың қуаныштан бөркі қазандай болып, бірер жылда Латвияны басып озуға ұмтылыс жасағаны жасырын емес. Кейін 1950 жылдары тың игеру кезінде елімізде аралас неке күрт өскен. 1940 жылдары 15 пайыздың шамасында болса, 1950 жылдардың соңында 23 пайызға жеткен. 1979 жылы дегенде әрбір бесінші неке – аралас неке болыпты. А.Г. Волковтың еңбектерінде 1985 жылғы жүргізілген зерттеулер бойынша КСРО-да қазақтардың басым бөлігі аралас некеге орыстармен және татарлармен тұрады екен. Дәлірек айтсақ, орыстармен -36,6%, татарлармен – 22,1%, украиндармен - 7,1%, қарақалпақтармен – 5%, қырғыздармен – 4,8%, башқұрттармен - 3,4 %, және немістермен - 2,9% [ 92, 70 б.].

Бір таңданарлық жағдай, 1980 жылдардың аяғында аралас неке күрт төмендеген. Тіпті, 9,7 пайызға дейін құлдырап кеткен. Бұлай болуына әсер еткен дүние – елдегі демократиялық өрлеу мен ұлттық сананың оянуы сияқты.

Тәуелсіз Қазақстанда жыл сайын шамамен 100 мыңдай неке қийылса, оның 20 пайызы немесе 20 мыңы аралас неке екен. Кейбір қоғамдық ұйымдардың зерттеуіне қарасақ, 18-20 жастағы қазақстандық қыздардың үштен бірі шет елдік жігітке күйеуге шыққысы келеді. Бұл бойжеткендердің 50 пайызы қазақ қыздары. Шетелдік азаматтармен аралас неке құрушылардың 50 пайызы ресейліктердің үлесінде. Келесі орында Қырғызстан мен Өзбекстан. Бұл ағайындар жұмыс іздеп келіп-ақ, қалыңсыз қазақ қыздарын құшып жатыр. 2007 жылы Астана қаласында азматтығы жоқ тұлғалармен 36 неке қиылса, 2008 жылы бұл көрсеткіш 47-ге жеткен. 2009 жылдың алғашқы жарты жылдығында 37 неке тіркелген. Бұл сан жыл сайын өсуде. Әрине, ұлтаралық неке көп ұлтты елде болуы заңдылық, тіпті, елдегі татулықтың белгісі деуге де болады. Алайда, қан тазылығы үшін жеті атадан сұрасып қыз алыстан қазақ ұлты үшін өзге ұлтпен туыстасу қаншалықты пайдалы? Бұл мәселені



қазақылық тұрғысынан қарасақ, ұлттың бұзылуы ретінде қабылдаймыз, ал әлемдік стандарттаға сай болуға талпыныс жасаймыз десек, бұл аралас некелер процесін қолдауға мәжбүрміз. Өткені қаншама көп ұлт болғанымен олар бір тудың астында тұрғандықтан бір тұтас ел болуы міндетті. Солтүстіктегі көршіміз Ресей Федерациясын мысал ретінде алсақ, қазіргі таңда Ресей азаматтарының төлқұжаттарында «ұлты» деген бөлім алынып тастаған. Әрине Ресей мемлекеті бұны азаматтардың құқығын шектемеу, толық еркіндік мақсатында деп жоғары адамзаттық көзқарас білдіріп отыр. Ұлтаралық қатынаста, конфессия аралық толеранттылықты қалыптастыруда, әрине, бұл заман қажеттілігі. Құрамында 170-тен астам ұл өкілдері тұратын Ресей жағдайында бұл келісті де, үйлесімді де, болар. Өткені бұл олардың қанына сіңген ұлттардың бірігуі, ұлтаралық некелердің көбеюі Ресей жағдайында өте тиімді болар.

Тәуелсіздік алғанға дейінге кезеңде жоғарыда атап айтақан XX ғасырдың 60-80 жылдар аралығында аралас некелердің өте көп болғандығын айтып өттік. Ол кезеңдегі аралас некелердің өсуін ғалымдар ұлттар арасындағы қарым-қатынастардың дамуы мен нығайуы ретінде бағалаған [94, 120 б.].

Әрине оны жоққа шығармаймыз, алайда бұл процестен орыстандыру, кеңестендіру сияқты саясаттың мүңкіген иісін байқамау ақымақтық. Сонымен қоса осы аралас некелердің пайдасы мен зияны туралы ғалымдар арасындағы таластың қазіргі күнге дейін шегі жоқ. Әрине патриоттық тұрғыдан қарағанда «аралас неке» ұлтты құрдымға кетіретін қауіпті процесс. Алайда, ұлт әрқашан бір формада бір қалыпты сақталып қалмайтынын да ескеріп кеткен жөн. Мәдениеттің дамуы тек айналандағы басқа да мәдениеттермен өзара қарым-қатынас негізінде жүзеге асады. Олай болмаған жағдайда егер мәдениет сырттан келген жаңа үлгілерді мүлдем қабылдамай өзінің сана сезімі шеңберінде қамалып қалса ол мәдениет жойылудың жолдын деген сөз. Бұл сөздердің біздің еліміздегі аралас некелерге де тікелей байналысты.

Шындығында да, біздің ұлтымыздың дамуына септігін тиігіуі мүмкін деген ой келеді. Алайда қазақ қанын тазалығын сақтау үшін өзге мәдениеттермен қабысуы керек болса қазақ болудан бас тарқанымен бірдей деп ой топшылауға болады. Жалпы ғылымда ұлтаралық аралас

некелер туралы зерттеулер өте көп. Сонымен қоса некенің түрлері де өте көп. Мысалы эндогамиялық және экзогамиялық некелер.

Яғни, эндогамиялық неке – некелесушілер бір этностан немесе тек өз «тобынан» болады. Ағайындық, ауылдық немесе тайпалық эндогамия қарапайым қоғамдарда кездеседі. Ал, экзогамия бұл түсінікке мүлдем кереғар.

Қазақ халқы сан ғасырлар жоғарыда айтқан эндогамиялық некені қатаң сақтап келгені тарихтан белгілі. Кей халықтардың тарихын оқысақ дипломатиялық мақсатта өзге елмен құдаласу жағдайларның көп болғаныны байқаймыз. Алайда ең қызығы, қазақ өзге ұлттан қыз алса да, қыз бермеген. Өйткені ұлдан туған бала қазақ болса да, қыздан туған жиен жат болатыны белгілі. Соған орай дана халқымыз «жиен ел болмас, желке ас болмас», - деп бекер айтпаған. Кеңестік кезеңнің ызғары келісімен экзогамиялық некелердің көбеюі қазақтың ұлттық психологиясына да үлкен әсерін тигізбей қоймағаны анық. Ұлттық дәстүрлерді сақтап қалу үшін эндогамия қажет, өйткені эндогамиялық некеде балаға қалыптасып қалған стеротиптер дайын күйіндер беріледі, ал экзогамиялық отбасыда екі түрлі қалыптасып қалған.

Қазақ ұлтына зиянын былай қойғанда аралас некенің өзі – екі түрлі қоғам өкілерінің бірігуі отбасы ішіндегі өте үлкен стерссі туғызуы ықтимал. Екі жақтың ұлттық психологияларының арасындағы қайшылықтан болатын қиыншылықтар да жоқ емес. Этномәдени көрсеткіштері қарама-қайшы европалық этноспен түркі этносынан құрылған отбасылардың тұрақты неке құруы екі талай. Оған себеп, жұбайлардың отбасылық тәрбиесі, мәдени құндылықтары екі бөлек. Соның әсерінен тұрақсыз некелер мен ажырасу саны да көбейе түсетіні анық.

Жалпы алғанда, ұлтаралық неке интернационалдық тәрбие беру ошақтарының бірі болып табылады. Ерлі-зайыптылардың екеуінің де материалдық және рухани мәдениетіқұндылықтарының терең қабысуы, бірін-бірі өзара толықтыруы, бірін-бірі өзара өзгеруінің өзі өскелең ұрпақты барлық өз ұлт адамдарына құрметпен қарауға тәрбиелейді. Ерлі-зайыптылардың екеуінің де мәдени байлығымен және олардың меңгеру ұлтаралық отбасында балалардың психологиясы мен санасының қалыптасуына мүмкіндік жасайды яғни, олардың интернационалдық

психологиясының қалыптасуына септігін тигізеді. Аралас некелердің бір ұлттың тіпті жойылып кетуіне де әсері үлкен зор екені ғылымда дәлелденіп отыр. Ұлтаралық аралас некелердің нәтижелер шамамен мындай үш түрлі болуы мүмкін:

1) «бұлыңғырлық», жұбайлардың бірінің ұлттық құндылықтарының әлсіреп, ассимиляция процесінің дамуы;

2) немесе екі ұлт арасындағы ұлттық құндылықтар мен ұлттық психологияларының жанасып, бірігіп кетуі;

3) жаңа субэтникалық яғни ұқсас таптың немесе тек аралас некелерге ғана тән топтық белгілердің пайда болуы [6, 17 б.].

И.М. Сеченов атындағы Мәскеу медицина университеті педиатрия кафедрасының меңгерушісі, медицина ғылымдарының докторы, профессор Олег Ботвиньев осындай қарама-қайшылық байқалған генетикалық құбылысты аралас некеде бұрыннан қалыптасқан ген кешені бұзылып, жаңадан пайда болған ген кешені мыңдаған жылдардың сынынан өтпегендіктен, биологиялық тұрғыдан өте әлсіз болатындығын айтады.

Соның салдарынан дертке шалдығу, бала өлімі көбейіп, адамдардың өмір сүру ұзақтығы қысқаруы мүмкіндігін айтты. АҚШ-тың Стэнфорд университетінің медициналық орталығының жүргізген зерттеу нәтижесінде адамзат денсаулығына аралас некелердің зиянды екенін айғақтап берген. Осы зерттеу тобының мүшесі, Калифорния университетінің профессоры Аарон Кофи: «Бұға дейін бала туу процесіне ата-аналардың этностық тегі емес, әлеуметтік-экономикалық жағдайы көбірек әсер етеді деп саналып келген.

Сондықтан біз ашқан жағалықтың биология мен медицина үшін маңызы зор. Өйткені, ол нәсілі әр түрлі адамдардың бойында аса маңызды биологиялық ерекшеліктері бар екендігін көрсетіп отыр», - деді. Мәскеу діни академияның әйгілі профессоры, Дьякон Андрей Курав Ресей ұлтаралық некелердің көбейіп бара жатқанына бара жатқанына байланысты өз алаңдаушылығын ашық білдіріп «Комсомольская правда» газетіне берген сұхбатында: «Ұлтаралық некелер дегеніміз – шын мәнінде орыс халқын геноцидке ұшыратудың бір түрі. Біздің әйелдер кавказдарға тұрмысқа шығып, олардың халықтарының өз тегімен байытып жатыр. Ал орыс ұлты әлсіреп барады», - деп дабыл қақты. Өмір

сүру деңгейі бойынша 30-шы орында тұрған Таяу Шығыстағы Израиль үкіметі ұлт өкілдерінің өзге ұлттардың азаматтарымен некелесуіне қарсы мемлекеттік саясат ұсынып отыр. «Халықтар достығының зертханасы» атанып отырған республикамыз да осындай талаптар қойылса, біздің де еліміздің өмір сүру деңгейі бір сатыға болса да көбейер мекен?! Ал енді Еуропадағы осы мәселеге азырақ тоқталып кетсек, Лондон университетінің психология факультетінің маманы Султана Чрудридің «Хамелондардың пайда болуы: Оңтүстік Азиаттар мен еуропалықтар некесінен туылған балаларда «таңдау жасау мәселесінің туындауы» еңбегі мысалы, Португалия, Ұлыбританияда ұлтаралас некеге көзқарас бірінғай еместігін жазған. Бұл елдің тарихына үңілсеңіз, 1500 жылдары Үндістанды Португалияның отарлауы кезінде үнділіктер өз қыздарын португал, ағылшындармен некелесуіне қарсы болған, себебі олардың христиандықты қабылдауы қоғамда түсініспеушілік тудырған. Ұлыбритания жағдайында үнді қыздарымен некелес жағдай кең тараған. Ал ХХ ғасырдың 60 жылдарында Ұлыбритания азиаттар мен еуропалықтар некесінен туылған ұрпақтың мекеніне айналғанын айтады. Аралас некеден туылған ұрпақ идентификациясына байланысты мақаласында осы үдерісті екі жақты көзқарас айтады, яғни аралас некеден туылған ұрпақтың өзін кімге толық жатқызырын білмейтін, осы «маргиналдың» өзі сияқты «маргиналды» іздейтіні, кейді өзін ағылшын, кейде индус деп санайтынын айтады [93, 31 б.].

Ал осы ұлтаралық некелердің көбіне тоқталатын болсақ, ол көп көршілік және дәстүрлі байланыстардың әлсіреуінен болуы мүмкін. В.И. Козловтың пікірінше: «Отбасылардың туысқандық қатынастарының үзілуі және де отбасылардың оқшаулануынан аралас некелердің саны өседі». О.А. Гранцкая мен Л.Н. Тереньтева да қоршаған ортаның некеге әсерінің зор екенін айтады.

Орталық Азиядағы ұлтаралық аралас некелерді зерттей келе Г.П. Васильева да аралас некелер құратындардың көпшілігі ағайын-туыстары жоқ немесе аз адамдар деген пікір айтты [95, 165 б.].

Е.А. Копятова 2013-2015 жылдар аралығында аралас некелерге байланысты зерттеу барысында орыс украин және қазақтар арасында сауалнама жүргізген.

Сауалнама барысында қазақ ер азаматтарының көпшілігі аралас некеге қатысты жағымды пікірде болғаны анықталды: 67% аралас некені қолдайды, 23% нейтральды көзқараста, яғни қарсы да емес қолдамайды да, тек 16% ғана аралас некеге қарсы болған. Ал қазақ әйелдері керісінше аралас некеге ең қарсы негативті ойда болған.

Жартысынан көбі (52%) аралас некелерді ұлт үшін зиянды деп санаса, 31% нейтральды көзқарас, 17% ғана аралас некелерді қолдайды екен. Аралас некеге әйелдерге қарағанда ер азаматтар бейім екендігі байқалады.

XX ғасырдың ортасындағы жүргізілген санақ пен зерттеулерден аралас некеге түскен әйел адамдар 3,9% құраса, ер азаматтар 27 % құраған [95, 171 б.].

Ал Тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдары яғни, 2009 жылғы санақ бойынша керісінше ер азаматтар - 19,24% -ға азайса, әйел адамдардың саны 27 %-ға дейін өскен. Бұдан байқайтынымыз демократиялық мемлекеттің қоғамның ішкі құрылымына әсер етіп, әйелдер дәстүрлі тәрбиенің шеңберінен шығып модернизациялық процестің орын алғанын байқаймыз.

Сонымен қоса осы 2009 жылғы халық санағы бойынша жалпы елдегі аралас некелер 19,8 % құраса оның 22,6 %-ы қалалық жерлерде, ал 15,5%-ы ауылдық жерлерде [96, 69 б.].

Оңтүстік Қазақстан облысындағы аралас некелердің 51,7%-ы орыстардың, ал 38,7% -ы қазақтардың үлесінде болуы.

Егер сол өңірдегі қазақтардың ұлтаралық некелеріне келсек, олардың 36,6%-өзбектермен, ал 28,3%-ы орыстармен некеде тұруының байқалуы [12, 236.].

Тәуелсіздің алған 1991 жылдан бергі кезеңде ұлтаралық некелердің көрсеткіштері өзгеріске ұшырады. Қазақстан Респубилкасы статистикалық агенттігінің материалдарына сүйенсек 1999 жылмен 2005 жылдар аралығында ұлтаралық некелердің үлес салмағы 21,4%-дан – 18,8 %-ға кеміген, соған қарамастан ұлтаралық неке әрбір бесінші отбасыны құраған. [95, 178 б.].

Уалиеваның статистикалық нәтижелерін кесте түрінде келтірсек.

Кесте 3. Қазақстандағы тәуелсіздік жылдарынан кейінгі аралас неке көрсеткіші

Жылдар	Жалпы неке саны	Ұлтаралық неке саны	Ұлтаралық некелердің пайыздық үлесі
1999	85872	18402	21,4
2000	90873	18477	20,3
2001	92852	18601	20,0
2002	98986	19502	19,7
2003	110414	21646	19,6
2004	114685	21465	18,7
2005	123045	23161	18,8
2006	137204	24650	18,0
2007	146379	26632	18,2
2008	135280	24243	17,9
2009	140785	25522	18,1
2010	146443	25669	17,5

Осы кесте негізінде ұлтаралық некелердің өсу тенденциясын айқын көрсету мақсатында графикке салып көрсеттік.

Қазақстан Республикасында негізгі ұлттар қазақ және орыс ұлттары болып саналады. 1999 жылғы санақ бойынша олардың үлес салмағы ең болыпған болатын. 1999 жылы қазақтардың үлес салмағы

53,3 %- ды құраса, ол 2005 жылы 57,9 %-ға өскен, ал орыс ұлтының саны керісінше 30,0%-дан 26,7%-ға дейін кеміген [95, 178 б.].

Жалпы бұл өте аз көрсеткіш. Өйткені егер мемлекет негізін құрайтын ұлт сол елдегі тұрғындардың кемінде 75 пайыздан асса ғана, оның шаңырағы шайқалмайтынына кепілдік бар.

Біздің тәуелсіз, демократиялық елімізде ұлтаралық қатынастарды дамыту үшін мемлекетіміз ұлттар арасындағы бірлікті нығайтты. Бұл шығу тегі мен діні, мәдениеті жақын этностардың отбасын құруына әкеледі. Ал сол ұлтаралық некеден туылған балалар өздерінің қай ұлтқа жатқызылатыны, қай ұлттың тілін, мәдениетін ұстанатыны туралы өте қиын таңдауды басынан кешіреді. Сол сияқты қазақ ұлтының өкілдері де өзге ұлтпен отбасы құруы біріншіден «жиендерге» немесе «келіндерге» психологиялық сын болатыны анық. Өзге ұлттың идеологиясын, салт-санасын меңгеру оңай шаруа емес. Оның үстіне аралас некелердің тұрақсыз болатыны тағы бар. Ал қазақ ұлты үшін осы аралас некенің қандай қауіпі бар екені айтпаса да түсінікті. Ұлымыз «ақ құлаққа» еріп ағарып жатса одан асқан қасірет барма, немесе көп қытай келіп қызымызды алып жатса олармен қосақтанып жиендер келсе, аз қазақты әп сәтте өзіне баурайтыны анық.

## ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 53 Аргынбаев Х.А. Семья и брак у казахов. – А., 1975.с. 235  
54 Абрамзон С.М. Патриархально-общинный уклад и пути его изживания у народов Среднеазиатских республик и Казахской ССР, – М., 1964.– С. 8-9  
55 Наливкин В., Наливкин М., Очерк быта женщины оседлого туземного населения Ферганы. - Казань,1886. – С. 301  
56 Источники историко-этнографических сведений о каракалпаках в России в XIX в // Этнографическое обозрение 1999, №6. с. 92-95  
57 Толстова Л.С. Каракалпаки Ферганской долины. – Нукус, 1959. с. 253  
58 Кисляков Н.А. Очерки по истории семьи и брака у народов Средней Азии и Казахстана. – Л., 1969. с. 320

59 Жданко Т.А. Каракалпаки. В кн. Народы Средней Азии и Казахстана Т. 1 – М., 1962.– С. 329

60 Бекмуратова А.Т. Семейно-бытовой уклад каракалпаков в прошлом. «Задача преодоления его вредных пережитков». – М., 1967.– С. 202

61 Толстова Л.С. Каракалпаки за пределами Хорезмского оазиса в XIX- начале XX века. – Нукус-Ташкент, 1963.– С. 363

62 Снесарев Г.П. Реликты домусульманских верований и обрядов у узбеков Хорезма. – М., 1969.– С. 215

63 Банзаров Д. Черная вера и шаманство у монголов // Собрание сочинений. – М., 1955.– С. 78-93

64 Уәлиханов Ш.Ш. Қазақтардағы шамандықтың қалдығы// Таңдамалы, – Алматы,1985.15-25 бб

65 Фрезер Дж. Золотая ветвь. – М., 1983.с. 236

66 Штенберг Л.Я. Семья и род у народов Северо-Восточной Азии. – Л., 1933

67 Снесарев Г.П. К вопросу о происхождении празнества суннат-той в его среднеазиатском варианте // Занятия и быт народов Средней Азии. – Л, 1971

68 Штернберг Л.Я. Первобытная религия в свете этнографии, – Л., 1936

69 Есбергенов Х., Хошаниязов Ж. Этнографические материалы в каракалпакском фольклоре. – Ташкент, 1988.– С. 196

70 Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих или киргиз\кайсачьих, орд и степей, Спб, 1832 Т. 3.– С. 201

71 Толстова Л.С. Каракалпаки Бухарской области Узбекской ССР // Советская этнография, 1961, №5-6 (По материалам полевых исследований, 1960г.)– С. 60-69

72 Смағұлов Е. Ас беру дәстүрінің зерттелу тарихы//Қазақ тарихы,2004,№4

73 Толстов С.П. Религия народов Средней Азии, Т. 1, М-Л, 1931.– С. 401

74 Из истории культуры народов Узбекистана. – Ташкент, 1965.– С. 302

75 Бартольд В.В. Культ святых в исламе. – М., 1971.– С. 209

- 76 Галкин М.Н. Этнографические и исторические материалы по Средней Азии и Оренбургскому краю. Спб, 1868
- 77 Нурмухамедов М.К., Жданко Т.А., Камалов С.К. Каракалпаки. – Ташкент, 1971.– С. 189
- 78 Воропаева Л.К. Существует ли загробная жизнь // Большая Советская Энциклопедия, Т 34.– С. 78-93
- 79 Кисляков Н.А. Очерки по истории семьи и брака у народов Средней Азии и Казахстана. – Л., 1969.– С. 403
- 80 Этническая история и традиционная культура народов Средней Азии и Казахстана. – Нукус, 1989.– С. 189
- 81 Морозова А.С. Следы древних форм семьи у каракалпаков // Труды Ташкентского государственного университета. Вып. 172 Археология Средней Азии Т. 5. – Ташкент, 1960.– С. 78-93
- 82 Толстова Л.С. Каракалпаки за пределами Хорезмского оазиса в XIX- начале XX века. – Нукус-Ташкент, 1963. – С. 312
- 83 Толеубаев А.Т. Реликты домусульманских верований в семейной обрядности казахов, – Алма-Ата, 1991. – С. 321
- 84 Гаджиев Г.А. Доисламские верования и обряды народов нагорного Дагестана. – М., Наука, 1991.– С. 326
- 85 Банзаров Д. Черная вера и шаманство у монголов // Собрание сочинений, – М., 1955. – С. 341
- 86 Зеленин Д.К. Табу слов у народов Восточной Европы и Северной Азии// Сборник МАЭ. – Л., 1930 Т. 9.– С. 78-92
- 87 Сабитов Н. Культура и быт казахского колхозного аула. – Алма-Ата, 1950.
- 88 Есбергенов Х. К вопросу о борьбе с пережитками устаревших обычаев и обрядов ( Каракалпакские поминки « ас» ) // Советская этнография. – М., 1963, №5.– С. 52-65
- 89 Васильева Г.П., Кисляков Н.А. Вопросы семьи и быта у народов Средней Азии и Казахстана в период строительства социализма и коммунизма. – М., 1962.– С. 325
- 90 Бичурин Н.Я. (Иакинф) Собрание сведений о народах обитавших в Средней Азии в древние времена. – М-л, 1950, Т. 1.– С. 236
- 91 Толеубаева К.М. Каракалпактар мен кыргыздардың XIX ғ. аяғы мен XX ғ. басындағы бала тәрбиесіне байланысты ырым-салттар // Вестник П.Г.У.; 2004 №2.– С. 78-93
- 92 Волков А.Г. Этнически смешанные семьи межнациональные браки // Семья и семейная политика. – М.: Институт социальная-экономических проблем народонаселения, 1991.с.69-86
- 93 Тәжіғалиева Ж.Т. Бірұлтты және этносаралық отбасылар тарихы мен этномәдени аспектілері (1985-2010 жж. Батыс Қазақстан облысы мысалында). – Орал, 2012. – 101 б
- 94 Суколов А.А. Межнациональные браки в СССР. – М.: Мысль, 1987.-142
- 95 Уалиева С.К. Этнодемографические особенности семейно-брачных отношений и межэтнические браки на рубеже веков// Семейно-брачные отношения населения Казахстана на рубеже веков: историко-демографический аспект. Усть-Каменогорск: Либриус. 2012. 165-179 с.
- 96 Мужчины и женщины в Республике Казахстан. Итоги Национальной переписи населения РК 2009 года. Ст.сбор. – Астана, 2011. – 192 с.
- 97 Калыш А.Б. Об этническом аспекте межнациональных семей в Казахстане // Известия АН КазССР. Серия обществ.наук. – 1991. – №3. – С. 74-78
- 98 Калыш А.Б. Современные этнические и этнокультурные процессы в Казахстане. Программа спецкурса // – Туркестан: МКТУ им. Х.А. Ясави, 1997. – 14 с. (соавт.З.К. Исабеков)
- 99 Тоқтабай А. Түркі халықтарының этномәдениеті. – Алматы, 2006. – 328 б

## ҚОРЫТЫНДЫ

Қарақалпақ этносының қалыптасуы мен этнологиясы мәселелерін зерттегенде тірек етер сан алуан тарихи – этнографиялық және этномәдени деректердің ішінде – сол халықтың шаруашылығының және тіршілік, өмір сүру көзінің факторына байланысты дүниеге келген әдет-ғұрыптары мен салт дәстүрлері жүйесінің ғылыми танымдық тағылымын ерекше атауға болады.

Қарақалпақтар – Өзбекстан құрамындағы Қарақалпақ Республикасын мекендейтін түркі тілдес халық және Қазақстанда өмір сүріп жатқан 25 түркі халықтарының бірі болып табылады. Тарихшылар мен этнографтардың ғылыми пайымдауы мен пікірінше, қарақалпақтардың арғы тегі – б.з.б. Арыс жағалауынан бастап Жайық өзенінің аралығын, Солтүстік Кавказ бен Дешті Қыпшақ даласына дейінгі ұлан-байтақ кеңістікте көшіп-қонған тайпаларға саяды. XVI ғасырда Үлкен Ноғай ордасынан қазақ, қарақалпақ, ноғай халықтары бөлініп шыққан. Қазақ және қарақалпақ түркілері этностық қалыптасу кезеңінен бастап қоян-қолтық араласып, саяси-әлеуметтік, экономикалық және тілдік тұрғыдан ылғи да өзара ықпалдастықта дамыды.

Қазақстандағы қарақалпақ диаспорасының өкілдері Маңғыстау, ОҚО және Жамбыл облыстарында шоғырланған. Қазақстан Республикасының Статистика жөніндегі агенттігінің деректеріне сәйкес қарақалпақ диаспорасының халық саны артуда. Қарақалпақтардың 1970 жылғы халық санағын 2009 жылғы халық санағы мәліметтерімен салыстырғанда 2365 адамға көбейгенін көреміз. Жүргізілген әлеуметтік зерттеу барысында қарақалпақтардың 1989-2006 жылдар аралығында Қазақстанға көптеп көшіп келгені анықталды. Респонденттердің көшіп келу себептері «оқу», «жұмыс істеу», «денсаулықпен байланысты» және «ескі отанға оралу» секілді жауаптармен сипатталады.

1999 жылғы санақ бойынша қарақалпақтардың екі жынысын бірге 6 жастан бастап жоғары санағанда 1329 адам, оның ішінде білім деңгейі бойынша; жоғары білімі бар – 152 адам, аяқталмаған жоғары білім – 19 адам, орта кәсіби білім – 201 адам, жалпы орта білім – 427 адам, негізгі орта білім – 151 адам, жалпы бастауыш білім – 206 адамда тіркелген.

Енді қарақалпақ ер азаматтардың білім деңгейіне тоқталайық. 6 жастан бастап жоғары санағанда 699 адам, оның ішінде білім деңгейі бойынша; жоғары білімі бар – 76 адам, аяқталмаған жоғары білім – 13 адам, орта кәсіби білім – 100 адам, жалпы орта білім – 230 адам, негізгі орта білім – 88 адам, жалпы бастауыш білім – 110 адамда тіркелген.

Енді қарақалпақ әйелдерінің білім деңгейіне тоқталайық. 6 жастан бастап жоғары санағанда 630 адам, оның ішінде білім деңгейі бойынша; жоғары білімі бар – 76 адам, аяқталмаған жоғары білім – 6 адам, орта кәсіби білім – 101 адам, жалпы орта білім – 197 адам, негізгі орта білім – 63 адам, жалпы бастауыш білім – 96 адамда тіркелген.

Жалпы 1999 жылғы халық санағының білім деңгейі бойынша статистикаға қарасақ қарақалпақтар арасында ер мен әйел адамның білім деңгейлері тең деп айтсақта болады.

Қарақалпақтардың отбасылық – некелік қарым-қатынастарына байланысты әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлерін шаруашылық және тіршілік цикліндегі жосын -жорылғылар негізіндегі жүйелерін талдауда, діни қағидалардың бастамасы магияның көрінісін мынадай топтарға жіктеуге болады: апотропейлік (сақтандырушы) және протропейлік (өнім алу, әсер ету).

Апотропейлік топтамаға ырым жоралардың жын-періден қорғау мақсатындағы әрекеттері жатады: мысалы, үйлену рәсімінде:

1. Жасыру: жас жұбайлар үшін шымылдық (чимылдық) құру, қалындықтың бетін жамылғы мен (чарсы) жабу.

2. Жолатпау: бедеу әйелдерді үйлену тойына шақырмау, рәсімдерге қатыстырмау.

Протропейлік топтамаға:

1. Дәнекерлік (синдиасмикалық): қалындыққа дәстүрлі сыйлық «қарғыбау» тарту ету; жас жұбайлардың «қасиетті» неке суын ішуі.

2. Құнарлылық магиясымен байланысты (культ плодородия): құдаларға «су шашу» рәсімі, құдалардың бетіне ұн жағу, келіннің бетін жас бұтақпен ашу, шашу рәсімі, негізгі салтанат тойларды үбірлі – шүбірлі әйелдің бастауы.

Үйлену тойында жасалатын ырым-жораларда ата – баба аруағына арнайды.

Табынуда маңызды орын алған. Бұған куә: келіннің қайын атасының ошағына май құю рәсімін жасауы және қайын атасының босағасына қолын тигізіп мандайын ұстау.

XIX ғасырдың аяғы - XX ғасырдың басында қарақалпақтардың отбасылық қарым-қатынастарында өзбектерге қарағанда, патриархалдық қалдықтар әлі де болса сақталып қалды қарақалпақтардың үйленген ұлдары өзбектермен салыстырғанда әкесінің отбасынан бөлініп шығуы сирек кездесті.

Үйлену рәсіміне байланысты мынадай ерекшеліктерін атап өткен жөн:

1. Қалындықтың үйіндегі ұзату тойының кең көлемде өтуі.
2. «Соғым» рәсімі қалындық ауылының тұрғындарына жігіт әкелген той малдан бір ірі қара (тууар) сойып, таратып беру.
3. Левират (әменгерлік) пен бесіктен атастырудың (ақлай құда) әлі де болса қоғамда орын алуы;
4. Қызға құда түсіп қойғаннан кейінгі, күйеу жігіттің екі – үш жыл бойы ұрын келуі (күйеулеу) - бұл матрилокальді некенің қалдығы болып табылады.

Тіршілік цикліндегі баланың дүниеге келуі, оның тәрбиеленуі тұрғысындағы жосын-жоралғыларда магияның апотропейлік, протропейлік имитативтік, гомеопатиялық, контагиоздық әрекеттер көрініс тапқан. Қарақалпақтардың өлікті жөнелтуге байланысты жосын-жоралғылар жүйесінде төрт түліктен жылқы, қой, түйе - анимистік таным бойынша негізгі атрибутқа ие. Жылқы түлігі бұл халықтың мифологиялық дүние танымы қиналтпай жеткізуші медиатор ретінде танылған. Өлікті жөнелтуге қатысты әдет-ғұрыптарда қой түйілген қарақалпақтардың дүние танымы бойынша зооастризмдыққа байланысты байлық – береке негізінде және ислам дінінің танымдық көрінісі бойынша өліктің жанын о дүниеге ақыреттің қыл көпірінен аман өткізуші ретінде танылып, пайдаланған.

Марқұмның ана дүниедегі жанының яғни аруағының құрметіне құрмалдықтар жасау, өлілердің тірілді жебен – сенім қарастырып отырған кезеңде қарақалпақ қоғамында анимистік көзқарастардың әлі де басым болғандығын дәлелдей түседі сонымен XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басындағы қарақалпақтың

отбасылық – некелік қарым- қатынастарға байланысты ырым– жоралғыларында шаманистік діні көзқарастар мен ислам идеологиясының синкретизм орын алғандарын көреміз. Жоғарыда аталған ырым–жоралғылардың көпшілігі Орта Азияның басқа да халықтарының ғасырлар бойы қалыптасқан салт–дәстүрімен, әдет–ғұрыптарымен ұқсас келеді, тіпті, түпкі мәні бірдей.

Ғасырдан-ғасырға, ұрпақтан-ұрпаққа ауысып келе жатқан осы дәстүр сабақтастығын халқымыздың асыл рухани мұрасы ретінде зерттеп, бағалап, оларды көздің қарашығындай сақтап, ілгері дамыта отыру өркендіде өнегелі іс деп тұжырымдаймыз.

## МАЗМҰНЫ


## ҚЫСҚАРТУЛАР МЕН БЕЛГІЛЕУЛЕР

<b>КІРІСПЕ</b> .....	6
<b>1. ҚАРАҚАЛПАҚТАРДЫҢ ТАРИХИ ЖӘНЕ ЭТНОДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ</b>	12
1.1 Қарақалпақтардың Қазақстанда XVIII-XX ғғ. басында қоныстануы мен тарихи жағдайы .....	12
1.2 Қарақалпақтардың саны, динамикасы және географиялық орналасуы...	24
<b>2. ҚАРАҚАЛПАҚТАРДЫҢ АРАСЫНДАҒЫ ЭТНОМӘДЕНИ ЖӘНЕ ЭТНОТІЛДІК КӨРСЕТКІШТЕРІ.</b>	38
2.1 Қарақалпақ қоғамдық этномәдени бірлестігінің бағыттары.....	38
2.2 Қарақалпақтар арасындағы білім деңгейі....	51
2.3 Қарақалпақ этносының этнотілдік жағдайы	61
	70
<b>3. ҚАРАҚАЛПАҚТАРДЫҢ ОТБАСЫ МЕН НЕКЕСІ.</b>	
3.1 Отбасы құрылымы.....	70
3.2 Ішкі отбасылық қарым-қатынастар ...	84
3.3 Қазақстан қарақалпақтарының некелік жағдайы..	94
<b>ҚОРЫТЫНДЫ</b>	102
<b>ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ</b>	105
<b>ҚОСЫМШАЛАР.</b>	111

ҚХА	–	Қазақстан халқы ассамблеясы
ҚазАКСР	–	Қазақ Автономиялы Кеңестік Социалистік Республикасы
ҚР БҒМ ҒК АИ	–	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитетінің Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология Институты
М.	–	Москва
РКФСР	–	Ресей Кеңестік Федерациялық Социалистік Республикасы
ИА КН МОН РК	–	Институт археологии им. А.Х. Маргулана Комитета науки Министерства образования и науки Республики Казахстан
ТХАЭЭ	–	Труды Хорезмской археолого-этнографической экспедиции
ТИИАЭ АН КазССР	–	Труды Института истории, археологии и этнографии Академии наук Казахской ССР
ҚАО	–	Қарақалпақ Автономиялық облысы
ОГПУ	–	Объединённое государственное политическое управление
Өзбек КСР	–	Өзбек Кеңестік Социалистік Республикасы
ИАЭ СО РАН	–	Институт археологии и этнографии Сибирского отделения Российской академии наук
Изв. АН КазССР	–	Известия Академии наук Казахской ССР
ҚКЭ	–	Қазақ ССР қысқаша энциклопедиясы
СПб	–	Санкт-Петербург



## ҚОСЫМШАЛАР



1-сурет. Қалыңдық киіміндегі қарақалпақ моделдері



2-сурет. Киіз үй



3-сурет. 2019 жылдың жарты жылында Қазақстанға келген қарақалпақтар саны.



4-сурет. Қазақстандағы қарақалпақ этносының өкілдері.



5-сурет. Қарақалпақ мемлекетінің картадағы көрінісі



6-сурет. Қарақалпақтардың әйелдерінің киім үлгісі

ИБ №1410  
Формат бумаги 60×84/ 1/16 Бумага офисная  
Печ. Л.19,5 Ус печ.л.18,13  
Тираж 500 экз.

Отпечатано в типографии «Формат-Принт» баспасы,  
г. Алматы, ул. Шевченко 28  
Тел. +7 701 698 25 49